



# Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдарының, кенттерінің, ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау: сайлау процесінің құқықтық негіздері және сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру

## ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН (сайлау комиссияларының мүшелеріне арналған)



**УДК 324**  
**ББК 66.3(2)**  
**И85**

«Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдарының, кенттерінің, ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау: сайлау процесінің құқықтық негіздері және сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру» оқу-әдістемелік кешені Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының тапсырысы бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 2021 жылғы 26 мамырдағы № 77 шартына сәйкес жасалды.

#### **Әзірлеушілер:**

Исенова Гульнара Константиновна – «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК Павлодар облысы бойынша филиалының директоры, экономика магистрі, сертификатталған жобалау менеджері, ISO 21500:2014, 21503:2016, 21504:2016; PRINCE 2, электораттық оқыту саласындағы жобалар менеджері;

Аманжолова Гүлнәр Қабиденқызы – Павлодар облысы бойынша облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы.

#### **Рецензенттер:**

Қоғамов Марат Шекішұлы – М.С.Нәрікбаев атындағы ҚазМЗУ университетінің қылмыстық сот төрелігі және ғылыми-құқықтық сараптама мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу жобаларының басшысы, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Жұмағұлов Марат Иманғалиұлы – Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі, заң ғылымдарының докторы;

Жолдыбалина Алуа Серікқызы – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, «Саяси ғылымдар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD);

Есенгелдина Анар Сатыбалдықызы – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қолданбалы зерттеулер және халықаралық әріптестік орталығының басшысы, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Нәбиев Ерсайын Ахметуәліұлы – Шығыс Қазақстан облысы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

**ISBN 978-601-06-7748-7**

*Оқу-әдістемелік кешен барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының мүшелерін және сайлау процесінің басқа да қатысушыларын дайындауға арналған.*

© Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

## ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

|   |     |
|---|-----|
| Оқу бағдарламасы  | 4   |
| Тақырыптар бойынша дәрістік және практикалық сабақтардың мазмұны  | 7   |
| Кейстік тапсырмалар   | 99  |
| «Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды ұсыну және тіркеу» іскерлік ойыны | 104 |
| Іскерлік ойын өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар  | 104 |
| Іскерлік ойын сценарийі   | 107 |
| «Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау күні» іскерлік ойыны                      | 114 |
| Іскерлік ойын өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар  | 114 |
| Іскерлік ойын сценарийі   | 120 |
| Білімдерін бақылау  | 128 |
| Кіріспе бақылау сұрақтары   | 128 |
| Тест тапсырмалары   | 129 |
| Қосымша   | 148 |
| Таныстырылым  | 160 |

**«Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдарының, кенттерінің, ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау: сайлау процесінің құқықтық негіздері және сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру» сайлау комиссияларының мүшелерін оқыту семинарының тақырыбы бойынша  
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Семинардың тақырыбы:** «Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдарының, кенттерінің, ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау: сайлау процесінің құқықтық негіздері және сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру».

**Семинардың өзектілігі** аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерге байланысты аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының білікті кадрларын даярлау қажеттілігіне негізделген.

**Мақсаты:** аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің тікелей сайлауын дайындау және өткізу кезеңінде аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастырудың құқықтық негіздері және сайлау процесінің ерекшеліктері туралы білім алу арқылы сайлауды ұйымдастырушылардың кәсіби деңгейін арттыру.

**Семинар міндеттері:**

аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің тікелей сайлауын ұйымдастыру мен өткізу бөлігінде Қазақстан Республикасының конституциялық және сайлау заңнамасының нормаларын түсіндіру;

нормативтік құқықтық актілермен және әдістемелік материалдармен жұмыс істеу, алған білімдерін практикада қолдану машығын дамыту;

әкімдікке кандидаттармен, сайлаушылармен, байқаушылармен, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен және сайлау процесіне басқа да қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау дағдыларын меңгеру;

сайлау ұйымдастырушыларына, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарға және сайлау процесінің басқа да қатысушыларына білім беру дағдыларын меңгеру.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Семинар соңында тыңдаушылар:**

сайлау заңнамасының принциптері мен негіз қалаушы нормаларын;  
жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлаудың халықаралық тәжірибесін;

сайлау туралы отандық заңнаманың ерекшелігін;

сайлау процесі субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін;

сайлау науқанының барлық кезеңдерінде аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының жұмысына қатысты сайлау рәсімдерін жасау тәртібін;

сайлау дауларын қарау тәртібі және сайлау заңнамасын бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік түрлерін **білетін болуы керек**;

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау жөніндегі учаскелік комиссиялардың жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыру;

стандартты емес жағдайларда шешімдер қабылдау **машықтарына ие болады**;

сайлау рәсімдері кезінде заңнамалық нормаларды қолдану;

сайлау рәсімдеріне байланысты мәселелерді түсіндіру;

учаскелік сайлау комиссияларының мүшелеріне, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарға, сайлау процесінің басқа да қатысушыларына білімдерін көрсету **дағдыларына ие болады**.

**Қатысушылар:** аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары, төрағаларының орынбасарлары, хатшылары, әкімдікке кандидаттар.

**Негізгі оқытушылар:**

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

**Ұзақтығы:** 16 сағат

**Семинарды өткізу мерзімі:** 2021 жылғы \_\_\_\_\_

**Семинар өтетін орын:** Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының \_\_\_\_\_ облысы бойынша филиалы, \_\_\_\_\_ қаласы, \_\_\_\_\_ көшесі, \_\_\_\_\_ үй, \_\_\_\_\_ аудитория

**Оқыту нысандары мен әдістері:** интерактивті дәрістер, практикалық сабақтар, презентациялар, кейстерді талдау, іскерлік ойындар.

**Академиялық жүктеме көлемі**

Күндізгі оқу нысаны кезінде бағдарламада жүктеменің мынадай көлемдері көзделген:

жалпы еңбек сыйымдылығы – 16 сағат, оның ішінде:

интерактивті дәрістер – 2 сағат;

практикалық жұмыс: кейстерді талдау, іскерлік ойындар, пікірталас – 12 сағат;

білімді бақылау: бастапқы бақылау және қорытынды бақылау – 2 сағат.

**Бақылау нысаны**

Білімді бастапқы бақылау – 0,5 сағат;

Білімді қорытынды бақылау – 1,5 сағат;

## Академиялық сағаттарды\* сабақтардың түрлері бойынша бөлу

| Р/б № | Сабақтың тақырыбы   | Оқу сағаттарының саны |                     |                                    |  | Бақылау  |
|-------|---|-----------------------|---------------------|------------------------------------|--|----------|
|       |   | Барлығы               | Интер-активті дәріс | Практикалық сабақтар<br>Сағат саны | Сабақ түрі   |          |
|       | Кіріспе тестілеу  | 0,5                   |                     |                                    |  | 0,5      |
| 1.    | Жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды дамытудағы сайлау институты  | 1                     | 1                   |                                    |  |          |
| 2.    | Қазақстан Республикасының сайлау құқығы: қазіргі жағдайы және даму перспективалары  | 2                     | 0,5                 | 1,5                                | Топтық жұмыс<br>Практикалық тапсырмалар                                |          |
| 3.    | ҚР аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдарының, кенттерінің, ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау бойынша сайлау процесінің ерекшеліктері                     | 2                     | 0,5                 | 1,5                                | Топтық жұмыс<br>Практикалық тапсырмалар                                |          |
| 4.    | «Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды ұсыну және тіркеу» іскерлік ойыны                         | 2                     |                     | 2                                  | Сайлауды ұйымдастырушылармен және әкімдікке кандидаттармен практикум** |          |
| 5.    | Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау бойынша дауыс беру және дауыс беру қорытындыларын айқындау тәртібі | 3                     |                     | 3                                  | Топтық жұмыс<br>Практикалық тапсырмалар                                |          |
| 6.    | «Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау күні» іскерлік ойыны  | 4                     |                     | 4                                  | Дауыс беру күнін көрсету   |          |
|       | Тестілеу  | 1,5                   |                     |                                    |  | 1,5      |
|       | <b>барлығы</b>  | <b>16</b>             | <b>2</b>            | <b>12</b>                          |  | <b>2</b> |

\* 1 академиялық сағат – 40 минут

\*\* Практикум - тыңдаушылар арнайы тәсілдер мен дағдыларға үйренетін жаттығу сипатындағы практикалық сабақ түрі

## ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ДӘРІСТІК ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

|  |    |
|--|----|
| Кіріспе  | 9  |
| <b>1. Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды дамытудағы сайлау институты</b>  | 10 |
| 1.1. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлаудың халықаралық тәжірибесі   | 10 |
| 1.2. Халықаралық сайлау стандарттары. Заманауи сайлау құқығының принциптері. Заманауи сайлау жүйелері  | 15 |
| 1.3. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару. Әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің өзін-өзі басқару функциялары берілген өкілі ретінде | 21 |
| 1.4. Қазақстандағы әкімдерді сайлау жүйесінің даму тарихы  | 24 |
| 1-тақырыпқа арналған бақылау сұрақтары   | 29 |
| <b>2. Қазақстан Республикасының сайлау құқығы: қазіргі жағдайы және даму перспективалары</b>   | 30 |
| 2.1. Қазақстанда сайлауды өткізудің қағидалары, рәсімдері және негізгі принциптері   | 30 |
| 2.2. Қазақстан Республикасының сайлау органдары. Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларын құру және олардың құрамдарын қалыптастыру тәртібі  | 35 |
| 2.3. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін сайлауға байланысты аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құқықтық мәртебесі мен құзыреттері                                 | 38 |
| 2.4. Сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастыру. Сайлау комиссияларының қызметіндегі жариялылық   | 41 |
| 2-тақырыпқа арналған бақылау сұрақтары   | 44 |
| Практикалық тапсырма   | 44 |
| <b>3. Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдарының, кенттерінің, ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау бойынша сайлау процесінің ерекшеліктері</b>                                | 45 |
| 3.1. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды тағайындау. Аумақтық сайлау комиссиясының құзыреті   | 45 |
| 3.2. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттар ұсыну  | 48 |
| 3.3. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды тіркеу   | 52 |
| 3.4. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің,   |    |

|   |    |
|---|----|
| ауылдық округтердің әкімдерін сайлау жөніндегі сайлау бюллетеньдері   | 56 |
| 3.5. Сайлау алдындағы үгіт  | 56 |
| 3.6. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қаржыландыру  | 67 |
| 3.7. Сайлау бостандығының кепілдіктері. Шағымдар мен өтініштерді қарау  | 71 |
| 3-тақырыпқа арналған тест сұрақтары   | 76 |
| Практикалық тапсырма  | 77 |
| <br>  |    |
| <b>4. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау бойынша дауыс беру және дауыс беру қорытындыларын айқындау тәртібі</b> | 73 |
| 4.1. Сайлаушылар тізімдері  | 73 |
| 4.2. Дауыс беруге арналған үй-жайларды жабдықтау  | 81 |
| 4.2.1. Мүмкіндіктері шектеулі сайлаушылар үшін жағдайлар жасау  | 83 |
| 4.2.2. Учаскелік сайлау комиссиясының дауыс беру күнінің алдындағы күнгі жұмысы   | 83 |
| 4.3. Сайлау күні сайлаушылардың дауыс беруін ұйымдастыру  | 86 |
| 4.4. Учаскелік сайлау комиссиясының дауыстарды санау және дауыс беру қорытындыларын анықтау кезіндегі іс-қимылдарының тәртібі   | 91 |
| 4.5. Ауылдық деңгейдегі әкімдерді сайлау қорытындыларын анықтау және жариялау   | 95 |
| 4-тақырыпқа арналған бақылау сұрақтары  | 96 |
| Практикалық тапсырма  | 97 |
| Глоссарий   | 93 |
| Дереккөздер мен ұсынылған әдебиеттер тізімі   | 94 |



## КІРІСПЕ

Оқу-әдістемелік кешен (бұдан әрі – ОӘК) «Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдарының, кенттерінің, ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау: сайлау процесінің құқықтық негіздері және сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру» семинары шеңберінде оқитын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелеріне және сайлау процесінің басқа да қатысушыларына арналған.

ОӘК Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдары, кенттері, ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын ұйымдастыру мен өткізудің теориялық және практикалық мәселелерін қозғайтын төрт тақырыптан тұрады. Жекелеген тақырыптар таныстыру сипатында болады, бірақ әзірлеушілердің пікірінше, әкімдікке кандидаттарға және сайлау процесінің басқа да қатысушыларына білім беру және зерделеу үшін қажет.

Материалды үйренудің ыңғайлылығы үшін әр тақырыптың мазмұны бірнеше бөлімге бөлінеді. Сабақ соңында теориялық материалды бекіту үшін бақылау сұрақтары, кейстер, іскерлік ойындар, тест тапсырмалары түрінде ұсынылған.

Оқытушылар мен сертификатталған жаттықтырушыларға көмектесу үшін іскерлік ойындар сценарийлері және оларды өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар көзделген.

## 1-тақырып. ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МЕН ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫ ДАМУДАҒЫ САЙЛАУ ИНСТИТУТЫ

**Мақсаты:** Тыңдаушыларды жергілікті билік органдарына сайлау институтының даму үрдістерімен таныстыру, сайлау жүйелерін дамытудың халықаралық және ұлттық тәжірибесін салыстыру.

### Жоспар:

1.1. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлаудың халықаралық тәжірибесі.

1.2. Халықаралық сайлау стандарттары. Заманауи сайлау құқығының принциптері. Заманауи сайлау жүйелері.

1.3. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару. Әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің өзін-өзі басқару функциялары берілген өкілі ретінде.

1.4. Қазақстандағы әкімдерді сайлау жүйесінің даму тарихы.

### 1.1. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлаудың халықаралық тәжірибесі

Жергілікті басқару немесе муниципалды<sup>1</sup> басқару кез келген заманауи демократиялық қоғамның ажырамас атрибуты болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың басты мәселесі – сайып келгенде, мемлекеттің демократиялылығын, тұрақтылығы мен тұтастығын қамтамасыз ететін жергілікті мәселелерді шешу жөніндегі халықтың күш-жігерін біріктіру. Жергілікті өзін-өзі басқару жергілікті биліктің сайланбалылығы және қауымдардың (жергілікті қоғамдастықтардың) өзін-өзі басқаруы арқылы азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу құқығын іске асыра отырып, олардың мемлекетпен байланысын қолдайды.

Жергілікті өзін-өзі басқару азаматтық қоғамның маңызды элементі ретінде ерекшеленетіндіктен, ол осы азаматтық қоғамның негізгі белгілерін немесе принциптерін қамтуы керек. Бұл принциптер 1985 жылы 47 мемлекет қол қойған, Еуропа Кеңесіне мүше елдердің муниципалды заңнамасының құқықтық негізі ретінде қызмет ететін алғашқы халықаралық міндетті шарт болып табылатын жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясында заңды түрде бекітілді [33].

Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясы азаматтардың мемлекеттік істерді жүргізуге қатысу құқығы демократиялық принциптерге жатады және бұл құқық тікелей жергілікті деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін, ал жергілікті өзін-өзі басқару органдары кез келген демократиялық

<sup>1</sup> Муниципалды – латынның "municipium" сөзінен: munus – "сыйлық, міндет, қызмет" және capio - "алу". Рим мемлекетінде-еркін халқы Рим азаматтығы мен өзін-өзі басқару құқығын толық немесе шектеулі көлемде алған қала. <https://en.wikipedia.org/wiki/Municipium>

құрылымның негіздерінің бірін құрайды әрі тиімді және сонымен бірге азаматқа жақын басқаруды қамтамасыз етеді [33].

#### Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясы, Страсбург, 15 қазан 1985 ж.

- ✓ Жергілікті өзін-өзі басқару принципі ішкі заңнамада және мүмкіндігінше Мемлекет Конституцияда танылуы керек.
- ✓ Жергілікті өзін-өзі басқару дегеніміз - жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоғамдық істердің едәуір бөлігін реттеу және оны басқару, заң аясында әрекет ету, оның жауапкершілігі мен жергілікті халықтың мүдделері үшін құқығы мен нақты қабілеті.
- ✓ Жергілікті өзін-өзі басқару - бұл еркін, жасырын, тең, тікелей және жалпыға бірдей дауыс беру арқылы сайланған мүшелерден тұратын кеңестер немесе жиналыстар жүзеге асыратын құқық. Кеңестердің немесе жиналыстардың өздеріне есеп беретін атқарушы органдары болуы мүмкін.
- ✓ Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына демократиялық жолмен құрылған органдар ие және өкілеттіктерге, оларды жүзеге асыру тәртібіне және өз функцияларын орындау үшін қажетті құралдарға қатысты айтарлықтай тәуелсіздік алады.

#### 1-сурет. Еуропалық хартиядағы жергілікті өзін-өзі басқару ұғымы

Жергілікті билік органдарының істеріне қатысу құқығымен Хартия азаматтардың өздері тұратын жергілікті билік органының кеңесі немесе жиналысының мүшелерін сайлауға сайлаушылар немесе кандидаттар ретінде қатысу құқығын мойындайды.

Әлемнің көптеген мемлекеттері дәстүрлі тұжырымдаманы басшылыққа алады, оған сәйкес мемлекеттік билік органдары тек орталық органдар болып табылады, олар: парламент, мемлекет басшысы, сот жүйесі, үкімет және олар тағайындайтын жергілікті өкілдер – комиссарлар, префектілер, губернаторлар және т.б. Осылайша, *жергілікті мемлекеттік басқару* дегеніміз – жоғары тұрған билік тағайындаған әкімшілік органдар арқылы аумақтағы басқару қызметі.

Сонымен бір мезгілде жергілікті жерлердегі сайланбалы органдар мен олар құрған әкімшілік аумақтық ұжымдардың жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдары ретінде қарастырылады. *Жергілікті өзін-өзі басқару* – бұл ведомстволық бағынысты аумақтағы істерді басқару бойынша жергілікті аумақтық бірліктің тұрғындарынан (қоғамдастығынан) өкілдік демократияны жүзеге асыру. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары көпшілік билік болып табылады. Бұл мемлекеттік емес, бірақ әкімшілік-аумақтық бірліктер тұрғындарының билігі.

Осылайша, жергілікті әкімшілік-аумақтық бірліктерде жергілікті басқару да, жергілікті өзін-өзі басқару да жүзеге асырылуы мүмкін. Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясында «жергілікті билік органдары» деген жалпы түсінік қолданылады.

Жергілікті органдарды сайлау жүйесінің мемлекеттік құрылым мен оның әкімшілік-аумақтық бөлінісінің нысанына тікелей тәуелділігін атап өту маңызды.

Табиғи-географиялық, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторлардың әсерінен тарихи түрде қалыптасқан екі буынды, үш буынды және төрт буынды бөлініс бар.

Төрт буынды бөлініс Францияда және Африканың бірқатар елдерінде (Камерун, Сенегал) бар, үш буынды Еуропа елдеріне (Италия, Польша) және Африкаға (Кения) тән, екі буынды жүйе, әдетте, аумағы бойынша шағын елдерде (Швейцария, Дания, Жапония) байқалады.



2-сурет. Мемлекеттің аумақтық-әкімшілік бөлінісінің түрлері<sup>2</sup>

Мысалы, Францияда төрт буынды аумақтық бөлініс: 18 өңір, оның ішінде 5 – теңіздің арғы жағындағы, 101 департамент, оның ішінде 5 – теңіздің арғы жағындағы, 342 округ, оның ішінде 2 054 кантон, 35 мыңнан астам қалалық және ауылдық коммуна және 45 муниципалды округ.

Польшада үш деңгейлі аумақтық бөлініс: 16 воеводство (ең ірі аумақтық бірлік), 308 ауылдық повят (екінші сатыдағы аумақтық бірлік) және 65 қалалық (повят құқығындағы қалалар), 2 489 гмин (негізгі аумақтық бірлік) [34].

Швейцарияда – екі буынды аумақтық бөлініс: жергілікті билікке автономияның қандай дәрежесін беруді айқындайтын және 2 900 муниципалитет федерацияның негізгі бөліктері болып табылатын 26 «егемен» кантондар мен жартылай кантондар [35].

2000 жылы муниципалитеттердегі Швейцария тұрғындарының орташа саны 2 333 адамды құрады. Тек 16 қалада тұрғындар саны 30 000-нан асады, ал 230 муниципалитетте 100-ден аз азамат тұрады. Жыл сайын муниципалды органдарға сайлануға дайын азаматтарды табу қиындай түсуде, бірақ

<sup>2</sup> ОӘК авторлар құрастырған

муниципалитеттерді біріктіру туралы мәселе тіпті қарастырылмайды. Азаматтар өздерінің жергілікті қоғамдастықтарына өте адал [36].

Данияның екі буынды бөлінісі келесідей: округтер (бұл үлкен бірліктер), муниципалитеттер (ауылдық бірліктер) және қалалар. Округтер муниципалитеттерді біріктіреді және олар үшін екінші буын болып табылады, ал қалаларда екінші буын жоқ және өзін-өзі басқару принципі бойынша өмір сүреді [36].

Жапонияның екі деңгейлі аумақтық бөлінісіне 47 префектуралар мен муниципалитеттер кіреді.

Көптеген елдерде басқарудың барлық деңгейлерінің конституциялық дербестігі қамтамасыз етілген:

«Провинциялар мен коммуналар республиканың жалпы заңдарында белгіленген принциптер шеңберіндегі автономды құрылымдар болып табылады» (Италия) [37].

«Жерлерде, округтерде, қауымдастықтарда халықтың жалпыға бірдей, тікелей, еркін, тең және жасырын сайлау арқылы құрылған өкілдігі болуы керек» (ГФР) [38].

«Республиканың аумақтық ұжымдары коммуналар, департаменттер, теіздің арғы жағындағы аумақтары болып табылады. Барлық басқа аумақтық ұжымдар заңмен құрылады. Бұл ұжымдарды заңда көзделген шарттар сақталған кезде сайланған органдар еркін басқарады» (Франция) [39].

«Конституция заңды тұлғаның барлық құқықтарына ие муниципалитеттердің автономиясына кепілдік береді. Оларды басқару тиісті муниципалды кеңестерге, соның ішінде алькальдтар мен кеңесшілерге жүктеледі. Кеңесшілерді заңмен белгіленген шарттарда жалпыға бірдей, тең, еркін, тікелей және жасырын дауыс беру арқылы муниципалитет халқы сайлайды. Алькальдтарды (мэрлерді) кеңесшілер немесе халық сайлайды» (Испания) [40].

Әкімшілік-аумақтық бірліктерде оны басқаратын тағайындалған лауазымды тұлға (Болгарияда облыстың басқарушысы, Польшада воевода, Финляндияда губернатор) немесе тағайындалған лауазымды тұлға және азаматтар сайлаған кеңес (Франция департаментінде префект және бас кеңес) немесе тек азаматтар сайлаған кеңес, оның төрағасы және мэр (Ұлыбритания округтерінде, Франция коммуналарында).

Шет елдердегі жергілікті билік органдарына сайлау жүйелері мен ерекшеліктері және олардың салыстырмалы талдауы туралы толығырақ *ОӘК қосымшасының* материалдарынан білуге болады.

Орталық және жергілікті басқару органдары арасындағы қарым-қатынас пен құзіреттіліктің бөліну принциптеріне байланысты жергілікті өзін-өзі басқарудың бес моделі бөлінеді:

- 1) ағылшын-саксондық (ағылшын немесе ағылшын-американдық);
- 2) континентальдық (еуропалық немесе француз);
- 3) Германияның жергілікті (коммуналдық) өзін-өзі басқару жүйесі;
- 4) ибериялық;

5) кеңестік.

Ағылшын-саксондық модель классикалық муниципалитеттің отаны – Ұлыбританияда пайда болды және АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия және басқа да «жалпы құқық» елдерінде таралды. Континентальдық модельді Франция, Италия, Австрия қолданады. Ибериялық модель Бразилияда, Мексикада, Испанияда және Португалияда қолданылады. Кеңестік – Қытайда, КХДР-да және Кубада.

*Ағылшын-саксондық модельдің негізгі сипаттамалары:*

1) жергілікті мәселелерді шешуде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының үлкен дербестігін қамтамасыз ететін орталықсыздандырудың жоғары дәрежесі (федерацияның төменнен жоғарыға қалыптасуы): «оң реттеу» принципі. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктерін бір мезгілде нақты заңдық тұрғыдан бекіте отырып, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының орталық үкіметке тікелей бағынуы жоқ; айрықша құзырет принципі<sup>3</sup>.

2) жергілікті жерлерде орталық үкімет өкілдерінің болмауы;

3) көп деңгейлі болған кезде жергілікті өзін-өзі басқарудың саяси маңыздылығы: мемлекеттен, федерация субъектісінен және мемлекеттік автономды аймақтан екі немесе одан да көп деңгей;

4) жергілікті өзін-өзі басқарудың көптеген органдары мен лауазымды адамдарының сайланбалылығы. Сайланбалы муниципалдық кеңестер жалданған ақылы қызметшілермен жасақталған дамыған әкімшілік-басқару аппаратымен біріктірілген. Муниципалитеттердің әкімшілік аппараты елдердің заңнамасында осы органдардың атқарушы аппараты ретінде анықталады, бірақ тұтастай мемлекеттік емес;

Әкімшілік-аумақтық бірліктерде (мысалы, Англия мен Уэльс графтықтарында, графтықтарда, округтерде, АҚШ, Австралия және Канада тауншиптерінде) тұрғындардың өздері, әдетте, екі-төрт жылға кеңес (басқарма) сайлайды. Әдетте, ол үш-жеті мүшеден тұрады, ірі қалаларда – 30-50 адамнан тұрады.

*Континентальдық модельдің ерекшеліктері:*

1) мемлекеттік органдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін бақылаудың жоғары деңгейі;

2) жергілікті өзін-өзі басқару тікелей мемлекеттік басқарумен ұштастырылады: жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен бір мезгілде мемлекеттік билік органдары мен лауазымды адамдар жұмыс істейді.

Жергілікті басқарудың қазіргі заманғы шетелдік тәжірибесі континентальдық модельді көбірек таңдайды, мұнда муниципалдық мәрі сайланбалы жергілікті кеңестің төрағасы және мемлекеттің өкілі болып

<sup>3</sup> Айрықша құзыреттілік – белгілі бір мемлекеттің, федерация субъектісінің, аумақтың, мемлекеттік органның немесе жергілікті өзін-өзі басқарудың қарамағындағы өкілеттіктер жиынтығы. Яғни, өкілеттіктерді тек олар жүзеге асырады, оны басқа ешкім жасауға құқылы емес, Конституционное право. Энциклопедический словарь. – М.: Норма. С.А. Авакьян. 2001, <https://vslovare.info/slovo/iskljuchitel'naja-kompetentzija>

табылады. Модельдің артықшылығы – басқару рәсімдерін жеңілдету және қызметкерлер құрамын оңтайландыру.

Алайда, бұл үрдіс жергілікті өзін-өзі басқарудың екі деңгейлі жүйесінің жоғалуына және, нәтижесінде, муниципалдық құрылымның тұрғындарын жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысудан шеттетуге әкеледі. Жергілікті өзін-өзі басқару халықтың өз билігін жүзеге асыруының нысаны ретінде мемлекеттік биліктің жергілікті деңгейіне айналады. Сондай-ақ барлық елдерде сайланбалы лауазымды тұлғаларды қайтарып алу құқығы заңмен бекітілмеген<sup>4</sup>.

Осыған байланысты 2013 жылғы 1 наурыздан бастап жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясына қосымша хаттама күшіне енді, оған сәйкес «1) Қатысушы мемлекеттер өздерінің юрисдикциясындағы әрбір адамға жергілікті билік органының істеріне қатысу құқығын қамтамасыз етеді. 2) Жергілікті билік органының істеріне қатысу құқығы жергілікті билік органдарының өкілеттіктері мен міндеттерін жүзеге асыруды анықтауға немесе ықпал етуге ұмтылу құқығын білдіреді» [33].

Көптеген шет елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тікелей сайлау кезінде жергілікті атқарушы орган басшысының өз сайлаушылары алдындағы жауапкершілігі оның жұмысының нәтижелеріне оң әсерін тигізеді.

Құқықтық мемлекет пен әділ азаматтық қоғам құруды демократиялық сайлау процесінсіз елестету мүмкін емес. Сайлау институтының қазіргі заманғы демократиядағы маңыздылығын ескере отырып, Қазақстанда «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын көздейтін өзгерістер енгізілді.

## **1.2. Халықаралық сайлау стандарттары. Заманауи сайлау құқығының принциптері. Заманауи сайлау жүйелері**

*Халықаралық стандарттар* – бұл оларды әзірлеуге және мақұлдауға қатысқан мемлекеттер сақтауға келіскен ең аз қажетті тәртіп ережелерінің жиынтығы. *Халықаралық сайлау стандарттары* бойынша мемлекеттер өздерінің юрисдикциясындағы адамдарға еркін және әділ, шынайы және мерзімді сайлау өткізуге қатысу құқықтары мен бостандықтарын беруге тиіс.

Демократиялық сайлаудың бірыңғай стандарттары Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) (Копенгаген кеңесінің құжаты, 2002 жылғы 30 қазандағы Сайлауды өткізу кезінде ұсынылатын нормалар жиынтығы), Еуропалық Одақ (2000 жылғы 7 желтоқсандағы Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясы), Еуропа Кеңесі (Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы Конвенция, конвенцияға № 1 хаттама, 1985 жылғы 15 қазандағы Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық

<sup>4</sup> Сонымен, Жапонияда кері қайтарып алу құқығы тек жергілікті деңгейде бар. АҚШ-та, Швейцарияда, Ресейде Федералды деңгейде кері қайтарып алу құқығы танылмайды, алайда жекелеген Штаттарда, кантондарда, осы федерациялардың субъектілерінде белгілі бір лауазымды тұлғаларды кері қайтарып алу құқығы жүзеге асырылуы мүмкін.

Хартиясы) сияқты халықаралық ұйымдардың қызметін жетілдіру нысаны болып табылады.

ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы (ДИАҚБ) және Еуропа Кеңесінің «Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия» (Венеция комиссиясы) сайлаудың демократиялылығына еуропалық тәсілдерді айқындайтын, қолданыстағы заңдарға қорытындылар, сайлауды байқау миссиялары қызметінің нәтижелері бойынша есептер дайындайтын негізгі институттар болып табылады.

Венеция комиссиясы конституциялық мәселелер жөніндегі сарапшылардан тұратын орган болып табылады, ол құқықтық қорытындылар береді және мүше мемлекеттерге олардың құқықтық және институционалдық негіздерін демократия, адам құқықтары және заң үстемдігі саласындағы Еуропа Кеңесінің стандарттарына сәйкес келтіруге жәрдем көрсетеді.

Сайлауды ұйымдастырушылардың олардың өткізілуін бағалаудың бірыңғай критерийлерін әзірлеудегі ұстанымын Еуропа елдері сайлауын ұйымдастырушылар қауымдастығы (ЕЕСҰҚ) көрсетеді. ЕЕСҰҚ өз қызметі шеңберінде сайлауды ұйымдастыру мәселелеріне арналған жыл сайынғы конференциялар өткізеді. 2002 жылы «Еуропа елдеріндегі заңнамадағы және практикалық қызметтегі халықаралық сайлау стандарттары» конференциясында 2004 жылы Венеция комиссиясы мақұлдаған ұлттық заңнаманы халықаралық сайлау стандарттарымен үйлестіруге бағытталған сайлау стандарттары, сайлау құқықтары мен бостандықтары туралы Еуропалық конвенцияның жобасы дайындалып талқыланды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде сайлау заңнамасын халықаралық сайлау стандарттарына сәйкес жетілдіру мәселелері Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы (ТМД ПАА) деңгейінде шешіледі.

Қазақстан Республикасы үшін бұл стандарттар Конституцияның 1-бабы егеменді мемлекеттің еуропалық құндылықтар негізінде – өзін «адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазынасы болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» ретінде бекіту негізінде дамуын жариялағанымен маңызды. Бұл конституциялық ереже мақсаты әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіру болып табылатын Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында іске асырылады.





3-сурет. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердегі демократиялық сайлау стандарттары, сайлау құқықтары мен бостандықтары туралы конвенцияда бекітілген демократиялық сайлау стандарттары (Кишинев, 2002 ж. 7 қазан)

### ***Заманауи сайлау құқығының принциптері***

Сайлауды өткізу кезінде ұсынылатын нормалар жиынтығымен (2002 жылғы 18-19 қазан, Венеция) және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердегі демократиялық сайлаудың, сайлау құқықтары мен бостандықтарының үлгілері туралы Конвенциямен (Кишинев, 2002 жылғы 7 қазан) заманауи сайлау құқығының мынадай басшылық принциптері айқындалды:

*Жалпыға бірдей сайлау құқығы* әрбір азаматтың заңнамамен белгіленген жасқа келгенде мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару, басқа да органдарға сайлау және сайлану құқығы. Бұл құқық жынысы, тілі, діни немесе дінге сену, саяси немесе басқа да пікірі, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, азшылық ұлттар мен этникалық топтар, мүлік жағдайы немесе ұқсас жағдайлары белгілеріне қарамастан жүзеге асырылады. Шектеулер тек заңмен ғана қойылулары мүмкін, мысалы, белсенді және бәсең сайлау құқығы үшін жас мөлшері шегіне, азаматтығына, туған еліне, тұрғылықты жеріне және тұру ұзақтығына т.б. қатысты талаптар қойылуы мүмкін.

*Тең сайлау құқығы* сайлауға қатысушы барлық партиялар мен кандидаттарға тең мүмкіндіктер кепілдігін болжамдайды. Бұл мемлекеттік билік органдарының партиялар мен сайлау науқандарын мемлекеттік қаржыландыруда тең, тура қатынасты тұспалдайды; бұқаралық ақпарат құралдарында бірдей жария ету, үгіт науқандарын жүргізуге тең мүмкіндік – халықпен кездесуге орын және уақыт ұсынуға; көрнекі үгітті таратуға тең талап т.б.

*Сайлауға еркін қатысу (еркін дауыс беру)* – өз еркімен (еркін) сайлауға қатысуға және дауыс беру кезінде кандидатты таңдауға қатысты қандай да бір ықпал, зорлық, қауіп-қатер немесе басқа да заңсыз әсерсіз еркін мүмкіндікті

сайлау процесінің қатысушыларына заңды түрде қамтамасыз етуді түсіндіреді. Бұл принципті іске асыру үшін мемлекеттік органдар сайлаушыларға сайлауға қатысушы кандидаттардың тізімдерімен және жеке кандидаттармен аз ұлттардың тілінде ақпаратты қамтамасыз ете отырып, көрнекі үгіт құралдарында орналастыру арқылы (уақтылы, көпшілікке қолжетімді орындарда және т.б.) таныстыру мүмкіндігін ұсынуға міндетті.


*Жасырын дауыс беру* кезінде сайлаудың жасырындылығы сақталады, сайлаушының еркіне бақылау жасау мүмкіндігі болмайды. Дауыс беруге арналған үй-жайда кабиналар немесе жасырын дауыс беруге арналған арнайы жабдықталған зал болуы керек. Оларда сайлаушы бюллетеньді толтырған кезде біреудің болуына жол берілмейді.

*Төте сайлау құқығы.* Төте сайлау құқығы кезінде азаматтар ұсынылған кандидаттарға, партияларға, кандидаттар тізіміне «жақтап» немесе «қарсы» тікелей дауыс береді. Төте сайлау сайлаушы мен ол дауыс берген кандидат арасында аралық байланыстың болмауымен сипатталады.

*Сайлаудың мерзімділігі мен міндеттілігі.* Бұл принцип мемлекеттік билік органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, халық өкілдігінің басқа да органдарына, сайланбалы лауазымды тұлғалар үшін міндетті болып табылатынын және ұлттық конституция мен заңдарда белгіленген мерзімдерде өтетінін болжайды. Конституцияға, заңдарға сай тағайындалған сайлаулардың, сайлау әрекеттері мен рәсімдеріне кедергі келтіруге, болдырмауға және мерзімін ауыстыруға себеп болатын әрекет қылуға және үндеу таратуға тыйым салынады. Төтенше немесе әскери жағдай кезінде конституцияға сай азаматтардың бостандығы мен конституциялық құрылысты сақтап қалу үшін сайлауды өткізу кейінге қалдырылуы мүмкін.

Сайлау процесінің принциптерінің бірі – *балама сайлау принципі*, ол сайлаушының өз еркімен бірнеше кандидаттардың біреуін таңдауға немесе тәртіптің бірнеше нұсқалары бар шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Баламалылық сайланған лауазымдарға кандидаттар ұсынатын субъектілер үшін бәсекелестік жағдай туғызады.

*Сайлаудың ашықтығы мен жариялылығы* мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сайлау органдарының сайлауларды тағайындаумен, дайындаумен және өткізумен, заңдарда көзделген тәртіппен және мерзімдерде азаматтың сайлау құқығы мен бостандықтарын қамтамасыз етумен әрі қорғаумен байланысты шешімдерін ресми жария етудің немесе басқа жолмен жалпыжұртқа жеткізудің міндетті тәртібін жорамалдайды.



4-сурет. Заманауи сайлау құқығының негізгі принциптері

Сайлау процесінің барлық принциптерін сақтау және осы принциптерді жүзеге асыру шарттарын қамтамасыз ету елдің демократиялық құқықтық дамуына, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылыққа негіз болатын шынайы және әділ сайлауға кепілдік береді.

### ***Заманауи сайлау жүйелері***

Сайлау жүйесі дәстүрлі түрде қоғамның бүкіл саяси жүйесіне айтарлықтай әсер ететін маңызды саяси институттардың бірі болып саналады. Сайлау жүйесі мемлекеттің сайлау демократиясының құрылымын, нақты сайлауда азаматтардың ерік-жігерін анықтау және іске асыру жолдарын айқындайды.

Жергілікті билік органдарын сайлау кезінде барлық қолданыстағы сайлау жүйелері қолданылады:

мажоритарлық (жеке өкілдік принципі);

пропорционалды (партиялық өкілдік принципі);

аралас (жеке және партиялық өкілдік тетіктерін ұштастырады) [41].

*Мажоритарлық сайлау жүйесі* (фр. *majorite* – көпшілік) – көпшілік принципіне негізделген дауыс беру нәтижелерін анықтау жүйесі. Мажоритарлық жүйенің мәні сайлау өткізілетін аумақты сайлаушылар белгілі бір кандидаттар үшін жеке дауыс беретін сайлау округтеріне бөлу болып табылады. Сайлау үшін кандидатқа (егер сайлау көп мандатты сайлау округтері бойынша өткізілсе, кандидаттарға) дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілік даусын жинау қажет.

Мажоритарлық сайлау жүйесінің сан алуан түрлері бар. *Құрылатын сайлау округтеріне* байланысты мажоритарлық сайлау жүйелері ерекшеленеді:

бірыңғай сайлау округі бойынша,

бірмандатты және көпмандатты сайлау округтері бойынша.

*Бірыңғай сайлау округінің негізіндегі* мажоритарлық жүйе тек лауазымды тұлғалардың сайлауында қолданылады.

Мемлекеттік биліктің заң шығарушы (өкілді) органдарының, муниципалдық құрылымдардың өкілді органдарының депутаттарын сайлау кезінде бірмандатты немесе көпмандатты сайлау округтері қолданылады.

Мажоритарлық сайлау жүйесі *салыстырмалы, абсолютті және білікті көпшіліктің (іс жүзінде қолданылмайды)* болып бөлінеді және ажыратылады.

*Салыстырмалы көпшіліктің* мажоритарлық сайлау жүйесі үшін тән:

1) сайлау округтері, әдетте, бірмандатты болып табылады;

2) сайлаушылардың міндетті түрде қатысу шегі белгіленбейді, сайлаушылар (тіпті бір сайлаушы) келген кезде сайлау өтті деп есептеледі.

Артықшылықтарымен қатар, бұл жүйенің бірқатар кемшіліктері бар, мысалы, кандидат басқа кандидаттарға қарағанда ең аз дауыс санымен сайлана алады, жеңілген кандидаттар үшін берілген дауыстар жоғалады (ескерілмейді).

*Салыстырмалы көпшіліктің* мажоритарлық сайлау жүйесі әрқашан тиімді, бірақ аз қолданылады. Ол Ұлыбританияда, АҚШ-та, Үндістанда және ағылшын-саксондық құқық жүйесінің көптеген басқа елдерінде қолданылады.

*Абсолютті көпшіліктің* мажоритарлық сайлау жүйесі:

1) сайлаушылардың қатысуының міндетті шегін белгілейді және соның салдарынан оған қол жеткізілмеген жағдайда сайлау өтпеді деп танылады;

2) сайлаушылардың жартысынан астам дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

Мажоритарлық жүйенің оң сипаттамаларына мыналар жатады:

сайлаушылардың қалауын неғұрлым толық есепке алу, өйткені сайлаушылар кандидаттардың саяси бағдарламаларын, жеке қасиеттерін, кәсібилігін, беделін таңдай және бағалай алады;

шағын партиялардан және партияға мүше емес кандидаттардың сайлауға қатысуы.

Жүйенің кемшіліктеріне қайта дауыс беру турларының қажеттігіне байланысты уақыттың созылуын жатқызуға болады. Екінші турда, әдетте, салыстырмалы көпшіліктің ережелері бойынша дауыс беру нәтижелерін айқындауға жол берілетінін атап өткен жөн – сайлау үшін кандидатқа басқа үміткерлер алған сайлаушылар дауысының санынан асатын сайлаушылар дауысының санын алса, жеткілікті. Абсолютті көпшіліктің мажоритарлық сайлау жүйесі жиі кездеседі, бірақ әрқашан тиімді бола бермейді. Роман-германдық құқық жүйесінің мемлекеттерінде кең таралған.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес 2021 жылдан бастап салыстырмалы көпшіліктің мажоритарлық жүйесін пайдалана отырып, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер

әкімдерінің тікелей сайлауы өтетін болады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауыс санын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

### **1.3. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару. Әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің өзін-өзі басқару функциялары берілген өкілі ретінде**

Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың мемлекет ісін басқаруға тікелей немесе өз өкілдері арқылы қатысу құқығына кепілдік береді. Конституция жергілікті өзін-өзі басқаруды халықтың жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдау мүмкіндігін дербес қамтамасыз ету ретінде таниды. Жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы мәслихаттар мен басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негізі «Қазақстан Республикасының Конституциясы» [1], «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заң [6] және Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы [15] болып табылады.

1991 жылғы 15 ақпанда қабылданған «Қазақ КСР жергілікті өзін-өзі басқару және Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Заң мемлекеттік басқару жүйесін дамыту үшін құқықтық негіз қалыптастырған маңызды заңнамалық актілердің бірі болды [4]. Заңда өкілді органдардың үстемдігі принципі бекітілді, ал жергілікті кеңестің төрағасы бір уақытта атқарушы комитеттің төрағасы болды. Алайда, бұл заң «жергілікті мемлекеттік басқару» және «жергілікті өзін-өзі басқару» ұғымдарын ажыратпады, олар іс жүзінде екі түрлі басқару институттарын білдіреді.

Осы жылдары жергілікті өзін-өзі басқару органдары іс жүзінде сайлау арқылы құрылған жергілікті кеңестер деп саналып келді. Тәуелсіз мемлекет ретінде 1993 жылғы 28 қаңтарда Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясын қабылдады [2].

1993 жылғы 10 желтоқсанда Жоғарғы Кеңес «Жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы» заң қабылдайды [5], онда жергілікті басқару органдарының мүлдем жаңа моделі енгізілді – «мемлекеттік билік органдары» және «Кеңестер қалыптастыратын атқарушы органдар» ұғымдары жойылды. Өкілді органдар мәслихаттар деп атала бастады (1-бап). Атқарушы билікті жергілікті халықтың өкілі емес, Президенттің өкілі болған жергілікті әкімшілік басшысы жүзеге асырды (1-бап). Өкілді органдар аудандар деңгейіне дейін құрылатын және ауылдық жерлерде құрыла алмайтын. Заңда «жергілікті өзін-өзі басқару» ұғымы болмаған, басқа – кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ азаматтары өкілдерінің «жиналысы» ұғымы пайда болды (53-бап).

1995 жылы қабылданған ҚР Конституциясында жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру үшін маңызды алғышарттар жасаған норма енгізілген болатын. Мәселен, Негізгі заңның 89-бабында: «Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді халықтың өз бетінше шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады» делінген [1]. Осы баптың 2-тармағына сәйкес «Жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей сайлау арқылы, сондай-ақ халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын ауылдық және қалалық жергілікті қоғамдастықтардағы сайланбалы және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады» [1]. Алайда, 2007 жылы өзгерістер енгізіліп, 89-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «Жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ мәслихаттар (автор астын сызып көрсеткен) және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес берілуі мүмкін» (автор астын сызып көрсеткен) [1].


### ***Әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі ҚР Президенті мен Үкіметінің өзін-өзі басқару функциялары берілген өкілі ретінде***

ҚР қолданыстағы Конституциясына сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі атқарушы органды әкім басқарады. Төменгі деңгейде алқалы атқарушы орган құрылмайды, сондықтан атқарушы билік әкімнің өзіне тиесілі.

Әкім ҚР Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылады және оған сеніп тапсырылған аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, ҚР орталық атқарушы органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің келісілген жұмыс істеуін, ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттіктері берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз етеді.

Әкім өз құзыретіндегі мәселелер бойынша және тиісті әкімдіктің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Президент пен Үкімет алдында, ал аудан әкімі – сондай-ақ жоғары тұрған әкім алдында жауапты болады. Төменгі әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері *тиісті аудандық (қалалық) әкімдіктердің лауазымды адамдары* болып табылады және мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, азаматтармен өзара қарым-қатынастарда олардың атынан өкілдік етеді. Сондай-ақ барлық деңгейдегі әкімдерге мемлекеттік басқару функцияларымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функциялары жүктелді.

Осылайша, Қазақстанда жергілікті атқарушы билік пен жергілікті өзін-өзі басқарудың үш деңгейлі/үш буынды жүйесі қалыптасты: облыс (республикалық маңызы бар қалалар, астана); аудандар, облыстық маңызы бар қалалар; қала ішіндегі аудан, аудандық маңызы бар қалалар, кент, ауыл, ауылдық округ.



5-сурет. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жүйесі

Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімін тиісті мәслихаттың келісімімен ҚР Президенті қызметке тағайындайды. Сондай-ақ Президент оны қызметінен босатады. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің өкілеттігі жаңадан сайланған ҚР Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері Президент айқындайтын тәртіпшен қызметке тағайындалады немесе сайланады, қызметінен босатылады және өз өкілеттігін тоқтатады [1].

ҚР Президентінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 86 Жарлығымен аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар (астана) қалалардағы аудандардың әкімдерін немесе облыстық маңызы бар аудандардың әкімдерін, тиісті мәслихаттардың келісімімен облыстар мен қалалардың әкімдерін тағайындау көзделген. Әкімдерді қызметінен ҚР Президенті де босатуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555<sup>5</sup> Жарлығымен Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдық округтерінің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдарының әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттіктерін тоқтату және

<sup>5</sup> 2017 жылғы 11 қазанда күші жойылған

қызметтен босату қағидалары бекітілді. Әкімдердің сайлауы *жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы 4 жыл мерзімге* өткізілді. Таңдаушылар тиісті аудан (қала) мәслихаттарының депутаттары болды. Әкімдікке кандидаттар ретінде жасы 25-ке толған, белсенді сайлау құқығы бар, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның талаптарына жауап беретін, жоғары білімі бар және тиісті облыстың аумағында тұратын ҚР азаматтары ұсынылды. Әкімдікке кандидаттарды ұсынуды жергілікті қоғамдастықпен кеңескеннен кейін аудан (қала) әкімі баламалы негізде (яғни әкім лауазымына кемінде 2 кандидат) жүзеге асырды. Әкімді сайлау таңдаушылардың – тиісті аудан (қала) мәслихаты депутаттарының отырысында өткізілді, ал таңдаушылардың дауыстары тең болған жағдайда қайта дауыс беру тағайындалды. Жарлықпен ҚР аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдық округінің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдарының әкімдерін облыс әкімдерінің келісімімен аудан (қала) әкімдері қызметінен босату институты көзделген [16].

2017 жылғы 10 наурызда Қазақстан Республикасының Конституциясына аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округке кірмейтін ауылдар мен кенттердің әкімі лауазымына тағайындау немесе сайлау заңмен белгіленетіні туралы өзгерістер енгізілді. 2017 жылғы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға тиісті өзгерістер, олардың ішінде ауыл әкімдерін сайлау тәртібі бойынша енгізілді.

#### 1.4. Қазақстандағы әкімдерді сайлау жүйесінің даму тарихы

2020 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «қоғамдық сауал сайлау өткізу арқылы ауыл әкімдерінің қызметіне келу қажеттігін айғақтайды... Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізуге болады деп ойлаймын», – деп мәлімдеді. Бірінші кезеңде 800-ге жуық ауыл әкімдерін тікелей сайлау еліміздің демократиялық дамуына және жергілікті өзін-өзі басқару институтын нығайтуға елеулі үлес қосады: «Тиісті заң таяу уақытта қабылданатын болады. Содан кейін ауыл әкімдерін сайлауға қатысты нормативтік актілер қабылданады. Келесі маңызды қадам – аудан әкімдерін тікелей сайлау»<sup>6</sup>.

Әкімдерді сайлау идеясын алғаш рет Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 1998 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Біз барлық деңгейдегі басшыларды сайлаудың ауқымды бағдарламасын кезең-кезеңімен әзірлеуіміз керек»<sup>7</sup> деп ұсынды. 1998 жылғы 7 қазанда ҚР Конституциясына алғашқы түзетулер енгізілді, олардың арасында 85-баптың 4-тармағы: «Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері

<sup>6</sup> Қ.-Ж. Тоқаевтың ҚСҰК отырысындағы сөйлеген сөзі, <https://inbusiness.kz/ru/news/kak-v-kazahstane-budut-prohodit-vybory-selskih-akimov>

<sup>7</sup> Н. Назарбаев, «Елдегі жағдай және ішкі әне сыртқы саясаттағы негізгі бағыттар: қоғамды демократияландыру, жана ғасырдағы экономикалық және саяси реформа туралы» Қазақстан халқына жолдауы, [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-sentyabr-1998-g\\_1342416797](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-sentyabr-1998-g_1342416797)



қызметке Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен тағайындалады немесе сайланады» [1].

Осылайша, Қазақстанда әкімдерді сайлау институтын енгізудің конституциялық-құқықтық негіздері 1998 жылдың қазан айында-ақ пайда болды.

ҚР ОСК-ның «Эксперимент ретінде жүргізілетін жекелеген ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың), кенттердің әкімдерін сайлауды өткізудің уақытша ережелері» [42] қаулысына сәйкес 1999 жылғы 29 мамырда Алматы облысы Қарасай ауданының Шамалған ауылдық округінде тәуелсіз Қазақстанда алғаш рет әкімнің тікелей эксперименттік сайлауы өтті.

2001 жылғы қаңтарда орталық және жергілікті атқарушы органдар арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажыратқан «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» [6] заңды қабылдау әкімдерді сайлау тақырыбын дамытудағы кезекті қадам болды. 2001 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың), кенттердің әкімдерін сайлау туралы» Жарлығына [9] сәйкес эксперимент ретінде республиканың 14 облысының әрқайсысында 2 елді мекеннен санағанда 28 ауылдық елді мекенде әкімдердің жанама сайлауы өткізілді. Елді мекендерді таңдау жергілікті жерлердегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың тұрақтылығына негізделді. Экспериментке 30 мыңнан астам сайлаушы мен әкім лауазымына 72 кандидат қатысты. ҚР ОСК [17] қаулысына сәйкес сайлау екі кезеңде өтті: ауылдық жиындарда тұрғындар дауыс беру арқылы өз атынан дауыс беру және ауыл әкімін екі жыл мерзімге сайлау құқығын алған таңдаушылардың кандидатураларын анықтады.

Өткізілген сайлау төменгі деңгейдегі әкімдерді сайлау тәжірибесін сынаудан өткізуге, сондай-ақ сайлау алдындағы жағдай мен сайлаушылардың көңіл-күйіне мониторинг жүргізуге мүмкіндік берді. Сайлаушылардың келуі 60%-дан жоғары болды, заң бұзушылықтар тіркелген жоқ, шағымдар түскен жоқ. Сонымен бірге сайлаудан кейінгі әлеуметтік зерттеулер саяси және ұйымдастырушылық сипаттағы кемшіліктерді анықтады. «Ауылдық жерлерде биліктің белгілі бір вакуумы байқалады, жергілікті жерлерде әкімдердің жеткілікті өкілеттіктері, ең бастысы, қаржы ресурстары жоқ» (Н. Назарбаев)<sup>8</sup>.

2001 жылғы сайлауды талдаудың екіұшты нәтижелеріне қарамастан, эксперимент 2005 жылы 4 ауданның әкімдерін сайлауға қатысты жалғасты. «Біз кез келген ұлттың генетикалық бейнесі ауыл халқы болып табылатынын ұмытпауымыз керек. Ол бәрінен бұрын тұрақтылық пен салауатты эволюциялық дамуға ұмтылады. Осының дәл өзі тәуелсіздік пен қуатты мемлекеттілік мұраттарын мейлінше өткір және нәзік қабылдайды, өйткені ата-

<sup>8</sup> Н. Назарбаев, Қазақстан халқына Жолдау, 2002 жылғы сәуір, [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-aprel-2002-g\\_1342416567](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-aprel-2002-g_1342416567)

бабаларымыздың үміті мен арманын гендік-ақпараттық деңгейде сақтайды және жаңғыртады» (Н. Назарбаев)<sup>9</sup>.

Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының жекелеген аудандары әкімдерін сайлауды эксперимент ретінде өткізу туралы» 2004 жылғы 6 желтоқсандағы Жарлығына сәйкес 2005 жылғы 12 тамызда республиканың Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында әкімдердің эксперименттік сайлауы өтті [11].

Кандидаттарды ұсынуды облыс әкімдері баламалы негізде, яғни бір лауазымға кемінде екі кандидаттан жүзеге асырды. Әкімдікке 10 кандидат ұсынылып, 9 кандидат тіркелді, бір кандидат өз өтініші бойынша кандидатурасын алып тастады.

Әкімдерді сайлау таңдаушылардың – мәслихаттар депутаттарының отырыстарында өткізілді. «Тәуелсіз байқаушылардың республикалық желісі» қауымдастығының өкілі Мирамбек Камалов жергілікті тұрғындар сауалнамаларының нәтижелерімен бөлісті, олар қоғамның тікелей балама сайлау өткізуге дайындығы және олардың ауылдағы басқару үдерістеріне қатысы бар деген сенімін арттыру туралы пікір білдірді. Батыс Қазақстан облысы облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Марат Оразғалиев сайлау нәтижелерін елдегі экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге байланысты адамдардың қазіргі билікке деген оң сенімі деп бағалады<sup>10</sup>.

Қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыру мақсатында демократиялық реформаларды әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында әкімдер сайлауын енгізу туралы шешім мақұлданды, содан кейін «Қазақстан Республикасының облыстық маңызы бар аудандары мен қалалары әкімдерінің сайлауын өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 6 маусымдағы № 130 Жарлығына қол қойылды [13].

ҚР ОСК күнтізбелік жоспарына сәйкес облыс әкімдері аудандар мен қалалардың нақты тізбесіне елдің аудандары мен қалаларының жалпы санының 30%-ын енгізді: 49 аудан және 10 қала [22].

2005 жылдағыдай сайлау жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы балама негізде өткізілді. Таңдаушылар ретінде тиісті аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттары болды. Сайланбалы әкімдердің өкілеттік мерзімі төрт жылды құрады.

2006 жылғы 5-19 қыркүйек аралығында облыстардың әкімдері 150 кандидат ұсынды, олардың 6-ы сайлауға қатысудан бас тартты, 8 адам тіркелгеннен кейін өз кандидатураларын алып тастады, 1 кандидатура бойынша аудандық сайлау комиссиясы тіркеу туралы шешімнің күшін жойды. Сол жылдың 24 қыркүйегінде ҚР ОСК аудандар мен қалалар әкімдігіне кандидаттар ретінде 135 кандидатты тіркеді. Айта кету керек, облыс әкімдері қызмет басындағы 45 әкімді ғана кандидат ретінде ұсынған (кандидаттардың жалпы санының 33%). Сайлау алдындағы додаға барлығы 5 әйел қатысты.

<sup>9</sup> Сонда

<sup>10</sup> <https://nomad.su/?a=3-200508150230>

ҚР ОСК деректеріне сәйкес таңдаушылардың келуі 99,1%-ды құрады. Дауыс беру барысының ашықтығын кандидаттардың 121 сенім білдірілген адамы, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардан 86 байқаушы және 232 БАҚ өкілі қамтамасыз етті. Бірінші турдың нәтижелері бойынша сайлау өтті деп танылды, өйткені барлық аудандар мен қалаларда кандидаттар таңдаушылардың 50%-дан астам дауысын жинады.

Қазақстанды демократияландырудың маңызды кезеңі Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту болды, ол оның даму кезеңдері мен міндеттерін, оның ішінде аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдық (селолық) округтерде, ауылдық (селолық) округтің құрамына кірмейтін ауылдарда (селоларда) әкімдерді тағайындау немесе сайлау кезінде мәслихаттардың рөлін арттыру жөніндегі міндеттерді айқындады [15].

Халықаралық тәжірибені талдау негізінде унитарлық мемлекеттің жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың польшалық тәжірибесі Қазақстан үшін неғұрлым қолайлы деп бөліп көрсетілді.

Қазақстан Республикасының Президенті 2012 жылғы 14 желтоқсанда «Қазақстан-2050» Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы ауылдық, селолық деңгейде басқару сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін және азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелерге қатысуын кеңейтетінін атап өтті. Әкімдерге қосымша өкілеттіктер беру олардың ауылдардағы ахуалға ықпалын күшейтеді. Бірақ сонымен бірге бізге қоғамдық бақылауды, жергілікті жерлердегі ахуалға азаматтардың ықпалын күшейту керек. Сондықтан мен 2013 жылы мәслихат арқылы ауыл әкімдерінің сайланбалылығын енгізу туралы шешім қабылдадым»<sup>11</sup>.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдық округтерінің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдарының әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттіктерін тоқтату және қызметтен босату ережелері бекітілді. Ережелерге сәйкес Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдық округтерінің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдарының әкімдерін сайлау тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде *жанана сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы* өткізілді. Жанана сайлау құқығы аталған әкімдерді таңдаушылар – тиісті аудан (қала) мәслихаттарының депутаттары болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауынан тұрады. Әкімдікке кандидаттарды ұсынуды жергілікті қоғамдастықпен кеңескеннен кейін аудан (қала) әкімі баламалы негізде (яғни әкім лауазымына кемінде екі кандидат) жүзеге асырды. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат сайланды деп саналды [16].

<sup>11</sup> Н. Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы, Егемен Қазақстан, 2012 жыл 15 желтоқсан [kazpravda.kz/b/s/15](http://kazpravda.kz/b/s/15)

2013 жылғы 13 маусымда жинақталған тәжірибе мен практикалық әзірлемелер негізінде аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерін мәслихат депутаттарының сайлауы туралы нормаларды енгізу арқылы мәслихаттардың рөлін арттыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

2013 жылғы 5-9 тамызда Қазақстанда Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауы өтті. Барлығы 7173 кандидат ұсынылды. Әкімдікке кандидат ретінде тіркеу аяқталған сәтте 7018 адам тіркелді. Сайлау күніне 6738 кандидат қалды немесе басында мәлімделгендердің 93,9%. Бастапқыда сайлау комиссиялары талаптарға сәйкес келмегендіктен, 55 кандидатты тіркеген жоқ. Тағы 36 кандидатқа салық декларацияларындағы мәліметтердің сәйкес келмеуіне байланысты тіркеуден бас тартылды. Бірақ ұсынылған кандидаттардың сайлауға қатыспауының басты себебі олардың жеке бас тартуы болды.

Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдық округтерінің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдарының әкімдерін аудандар (қалалар) әкімдері облыс әкімдерінің келісімімен төрт жыл мерзімге сайлады және қызметтен босатты. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 164 Жарлығымен ереже «Әкімді қызметінен босату туралы мәселеге жергілікті қоғамдастық жиналысы бастамашылық етуі мүмкін» деген 61-1-тармақпен толықтырылды [16].

2013 жылғы тамыздан бастап 2017 жылғы мамырға дейін әкімдердің 45,7% (1023 адам) өкілеттіктері түрлі себептерге сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылды. 2017 жылғы тамызға дейін олардың орындарына жаңа әкімдер сайланды.

2017 жылғы сайлау ауылдық округтердің жойылуына, өкілеттіктің мерзімінен бұрын тоқталғанын ескере отырып, 2013 жылы сайланған әкімдердің 4 жылдық өкілеттіктерінің аяқталуына байланысты өткізілді. 2017 жылғы тамыз айында Қазақстан бойынша 1417 әкім сайланды, олардың ішінде аудандық маңызы бар қалалардың 17 әкімі, ауыл округтерінің 1211 әкімі, ауылдардың 137 және кенттердің 52 әкімі.

**1-тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Жергілікті өзін-өзі басқару дегеніміз не?
2. Мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылымы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдарын сайлау жүйесіне қалай әсер етеді?
3. Жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың айырмашылығы неде?
4. Жергілікті өзін-өзі басқарудың ең көп тараған модельдерін атаңыз.
5. Сайлау құқығының негізгі принциптерін атаңыз.
6. Ауыл әкімдерінің алғашқы эксперименттік сайлауы қай жылы болды?
7. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдарының әкімі кім болып саналады?
8. Қазақстанда 2013 жылдан бастап ауыл әкімдерін сайлау кезінде қандай сайлау жүйесі қолданылды?
9. 2021 жылдан бастап ауыл әкімдерін сайлау кезінде қандай сайлау жүйесі қолданылатын болады?

## 2-тақырып. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасының жүйесін, сайлауды өткізу және сайлау комиссияларын қалыптастыру принциптері мен негізгі рәсімдерін, азаматтардың құқықтарын іске асырудағы комиссиялардың орны мен рөлін зерделеу.

### Жоспар:

2.1. Қазақстанда сайлауды өткізудің негізгі принциптері.


2.2. Қазақстан Республикасының сайлау органдары. Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларын құру және олардың құрамдарын қалыптастыру тәртібі.

2.3. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін сайлауға байланысты аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құқықтық мәртебесі мен құзыреті.

2.4. Сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастыру. Сайлау комиссияларының қызметіндегі жариялылық.

### 2.1. Қазақстанда сайлауды өткізудің негізгі принциптері

Сайлау туралы заманауи қазақстандық заңнама сайлау қатынастары мен процестерінің әр түрлі аспектілерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер блогынан тұрады. Ол өзінің құрамы жағынан кең және алуан түрлі. Сайлау заңнамасына нақты мемлекеттік билік органдарын сайлауға арналған арнайы нормативтік актілер ғана емес, сонымен қатар азаматтардың сайлау құқықтарын, сайлау құқығының принциптерін реттейтін актілер, сондай-ақ сайлау процесінің жекелеген кезеңдері кіреді.



6-сурет. Қазақстан Республикасының сайлау құқығының дереккөздері

Қазақстан Республикасының Конституциясы үстемдікке, жоғары заңдық күшке және ел аумағында тікелей қолданысқа ие елдің Негізгі заңы болып табылады. 3-баптың 2-тармағында баяндалған, халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады деген конституциялық норма мемлекеттің демократиялық институттары жүйесіндегі сайлаудың басым орнын белгілей отырып, мемлекеттің конституциялық құрылысы негіздерінің бірі болып табылады. Халықтың мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе парламентте дауыс беру арқылы шешуге қатысуы – республика қызметінің түбегейлі принципі [1].

Қазақстан Республикасының Конституциясында сайлау заңнамасының іргелі принциптері жарияланады, Президентті, Парламент және мәслихаттар депутаттарын сайлауға байланысты негізгі нормалар бекітілген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабының 4-тармағына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады.


Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңымен аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің тікелей сайлауын өткізу тәртібі регламенттеледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы Қазақстан азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар екенін айқындайды.

Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауға қатысуы жасырын дауыс беру кезінде тең, жалпыға бірдей және төте сайлау құқығы, сайлауға еркін және ерікті қатысу принциптеріне негізделеді.

Қазақстанда сайлау өткізудің ережелері, рәсімдері және негізгі принциптері «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Республикалық референдум туралы», «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарында, сондай-ақ бірқатар басқа нормативтік құқықтық актілерде белгіленеді.

Сайлау өткізу рәсімі бойынша тікелей және жанама болады. Тікелей сайлау кезінде сайлаушылар атқаратын лауазымға кандидаттар үшін тікелей дауыс береді. Жанама сайлау кезінде таңдаушылар дауыс береді.



7-сурет. Қазақстанда сайлауды өткізу рәсімдері

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 6, 8, 9-баптарына сәйкес аудандық маңызы бар қаланың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде салыстырмалы көпшіліктің мажоритарлық жүйесі бойынша тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі [3].

Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын, құқықтарын іске асыруды, сайлау тәртібін сипаттайтын сайлауға қатысу принциптерін қарастырайық.

*Жалпыға бірдей сайлау құқығы принципі* 18 жасқа толған Қазақстан азаматы мемлекеттік билік органдарына және сайланбалы жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауға, ал заңдарда белгіленген жасқа толғанда сайлануға құқылы екенін білдіреді. ҚР азаматы жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, шығу тегіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына қарамастан, белсенді және бәсең сайлау құқығына ие.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бірқатар шектеулер белгіленген: сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған азаматтарды және сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар сайлауға және сайлануға құқығы жоқ. Сонымен қатар заңнамаға сәйкес бұлтартпау шарасы – күзетпен ұстау қолданылған адамдар да, олар сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырғандар болып табылмайтындықтан, сондай-ақ сот іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған азаматтар сайлау құқықтарын пайдаланады.

Бәсең сайлау құқығына шектеулер қойылды. Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Парламент және мәслихат депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне,



сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелігіне заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәсін сот таныған адам кандидат бола алмайды («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 4-бабы).


Егер белсенді сайлау құқығын алудың жасына байланысты шарты 18 жасқа толу болса (ол белсенді сайлау құқығының жас шегі деп аталады), онда бәсең сайлау құқығын алу үшін қажет жас деңгейі басқа болуы мүмкін. Мысалы, Қазақстан Республикасының Президенті болып қырық жасқа толған республика азаматы сайлана алады; отыз жасқа толған адам Сенат депутаты бола алады; Мәжіліс депутаты – жиырма бес жасқа толған, мәслихат депутаты – жиырма бес жасқа толған, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімі – жиырма бес жасқа толған адам.

Қазақстан Республикасында сайлау құқығының әмбебаптығы жарияланып қана қоймай, оған кепілдік беріледі. Сайлау туралы заңнама сайлау құқықтары бар барлық азаматтардың сайлауға нақты қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін кепілдіктерді көздейді. Сайлау құқығының әмбебаптығын қамтамасыз ету үшін сайлаушылар тізімдерін жасау кезінде азаматтардың құқықтарына кепілдік беру ерекше маңызды – олардың тізімге енгізілмеуіне, тізімдегі қателіктер мен дәлсіздіктерге шағымдану құқығы бар.

Заңнама әр сайлаушының өз құқығын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық сипаттағы бірқатар шараларды белгілейді. Атап айтқанда, сайлау учаскелері ауруханаларда, санаторийлерде, демалыс үйлерінде және сайлаушылардың уақытша болатын басқа да жерлерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда, сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде құрылады.

Шетелде жүрген Қазақстан азаматтарының толығымен сайлау құқықтарына ие болуы жалпыға бірдей сайлаудың маңызды кепілі болып табылады. Шет мемлекеттің аумағында болатын ҚР азаматтары үшін Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанынан сайлау учаскелері құрылады.

*Тең сайлау құқығы принципі* демократиялық сайлауды қамтамасыз ету үшін үлкен маңызға ие. Тең сайлау құқығы сайлаушылардың Республика Президентін, Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарын, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауға тең негіздерде қатысатынын және олардың әрқайсысының бір сайлау бюллетеніне тиісінше бір дауысы бар екенін білдіреді. Сайлаушыны біреуден артық сайлаушылар тізіміне енгізуге болмайды, ол жеке өзі дауыс береді, жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп, сайлаушылар тізімінен бюллетеньді алғаны туралы қол қояды.



8-сурет. Қазақстан Республикасында сайлауды өткізу принциптері

*Жасырын дауыс беру принципі* Президентті, Парламент Мәжілісі мен Сенаты депутаттарын, мәслихаттар депутаттарын, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін, республиканың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауда дауыс беру сайлаушының ерік білдіруіне бақылау жасау мүмкіндігін және сайлаушының еркіне қысым жасауды болғызбайтын жағдайларда жүзеге асырылатындығында көрінеді. Дауыс беруге арналған үй-жайлар жасырын дауыс беруге арналған кабиналармен немесе арнайы жабдықталған орындармен жабдықталады. Оларға сайлаушы бюллетень толтырған кезде кімнің болса да қатысуына жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауға *өз еркімен қатысу принципі* ешкімнің сайлаушыға оны сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеу мақсатында ықпал етуге құқығы жоқ екендігінде көрінеді. Сайлау кезінде ерік білдіру бостандығы сайлау күні үгіт жүргізуге тыйым салумен де қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында сайлау құқығының басқа да принциптерін іске асыру қамтамасыз етілген: баламалылығы (бәсекелестігі), сайлау комиссияларының сайлауды дайындауы мен өткізуін қамтамасыз ету, азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау алдындағы үгітті жүргізу құқығы, сайлауды бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру, сайлауды дайындау мен өткізу кезіндегі жариялылық және басқалар.

## 2.2. Қазақстан Республикасының сайлау органдары. Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларын құру тәртібі және олардың құрамдарын қалыптастыру

Қазақстандағы сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыратын мемлекеттік сайлау органдары сайлау комиссиялары болып табылады.

Орталық сайлау комиссиясы (бұдан әрі – ҚР ОСК) республиканың сайлау комиссияларының бірыңғай жүйесін басқарады және тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. ҚР ОСК Төраға мен алты мүшеден тұрады. Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге ҚР ОСК Төрағасын және екі мүшесін тағайындайды, Парламенттің әрқайсысы басқа палатаның қатысуынсыз, бес жыл мерзімге ҚР ОСК екі мүшесін тағайындайды. ҚР ОСК Төрағасының орынбасары мен хатшысы комиссияның отырысында сайланады.

Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін саяси партиялардың ұсыныстары негізінде тиісті мәслихаттар сайлайды. Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

### *Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларын құру және олардың құрамын қалыптастыру тәртібі*

Аумақтық сайлау комиссияларын (бұдан әрі – АСК) ҚР ОСК құрады, ал учаскелік сайлау комиссияларын (бұдан әрі – УСК) – тиісті аумақтық сайлау комиссиялары құрады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 13-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен республика астанасының), аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары аумақтық сайлау комиссиялары болып табылады. Комиссиялар құрамы 7 мүшеден тұрады.

| Қазақстан Республикасы<br>Орталық сайлау комиссиясы                 | Аумақтық сайлау<br>комиссиялары  | Учаскелік<br>сайлау комиссиялары  |
|---|--|---|
| Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы және 6 мүшесі                 | Аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы және 6 мүшесі   | Комиссияның санын сайлаушылар санына қарай тиісті аумақтық сайлау комиссиясы белгілейді   |
| ҚР Президенті ОСК Төрағасын және екі мүшесін лауазымға тағайындайды | Мәслихаттар саяси партиялардың ұсыныстары негізінде сайлайды. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат белгілеген мерзімде өзге де қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайланады | Мәслихаттар саяси партиялардың ұсыныстары негізінде сайланады. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат белгілеген мерзімде өзге де қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайланады |
| ҚР Парламентінің әр палатасы ОСК екі мүшесін тағайындайды           |  |   |

## 9-сурет. Қазақстан Республикасы сайлау органдарының жүйесі

АСК сайлау учаскесіндегі сайлаушылар санына байланысты УСК сандық құрамын айқындайды:

сайлаушылар саны екі мыңға дейін болса – сайлау комиссиясының 5-7 мүшесі;

екі мыңнан асатын болса – сайлау комиссиясының 7-11 мүшесі.

Сайлау комиссияларының жеке құрамын қалыптастыру туралы АСК шешімі тиісті мәслихатқа жіберіледі [30].

Сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыруда демократиялық принциптерді сақтаудың маңызды тетіктерінің бірі оларды *саяси партиялардың немесе саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстары* негізінде сайлау болып табылады.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидат ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураны ұсынуға құқылы.

*Сайлау комиссияларын құру мерзіміне кемінде он бес күн қалғанда* мәслихат белгілеген мерзімде саяси партиялардың ұсыныстары болмаған кезде, мәслихаттар сайлау комиссиясын басқа қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның аталған талабы саяси партиялардың сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыруға және олардың мүшелерін сайлау процесіне белсенді қатысуға тарту мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сонымен бірге сайлау комиссияларының мүшелері өз қызметінде тәуелсіз және саяси партияның шешімдерімен байланысты емес, сондай-ақ оның мүдделерін қорғауға құқығы жоқ екенін ескеру қажет.

Сайлау комиссиясының жұмысына қатысу ерікті болып табылады, сондықтан оның құрамына ұсынылған адамдар белгілі бір сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға өзінің жазбаша келісімін береді.

Бұл жағдайда ұғымдарды нақты ажырату керек – сайлау комиссиясындағы өкілдік және партияға мүшелік. Мысалы, сайлау комиссиясының құрамында бір партияның бірнеше мүшесі болуы мүмкін. Сонымен бірге, олардың әрқайсысы басқа партияның немесе қоғамдық бірлестіктің өкілі бола алады. Осылайша, сайлау комиссияларында бір партияның бірнеше мүшесінің болуы заңды бұзу емес. Қазақстан Республикасының Конституциясы әркімге өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын анықтау және оны көрсету не көрсетпеу құқығына кепілдік береді.

Сайлау комиссияларының дербес құрамын қалыптастыру кезінде Конституциялық заңда сайлау комиссияларының мүшелері үшін шектеулер белгіленген.

Мыналар сайлау комиссияларының мүшелері бола алмайды:

- сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адамдар;

- сот іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;
- Парламент, мәслихаттар депутаттары, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері;
- Президенттікке, Парламент, мәслихаттар депутаттығына, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттар, сондай-ақ кандидаттардың сенім білдірілген адамдары;
- мемлекеттік саяси қызметші лауазымындағы адамдар;
- Қазақстан Республикасы соттарының судьялары.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын құрған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға міндетті.

**МАҢЫЗДЫ!** АСК төрағалары мүдделер қақтығысының<sup>12</sup> кез келген мүмкіндігін болдырмау бойынша шара қолдануға, жоғары тұрған сайлау комиссиясын тәуекелдер туралы уақтылы хабарландыруға міндетті. Кандидаттардың жұбайы (зайыбы) мен жақын туыстары, сондай-ақ кандидаттарға тікелей бағынышты адамдар осы кандидат қатысатын сайлауды сайлау округінде тікелей ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ететін сайлау комиссияларының құрамында бола алмайды. Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Сонымен қатар «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 23-бабы 3-тармағында көзделген («жабық» деп аталатын) сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкері болмауы тиістігі белгіленген.

Сайлау комиссияларының жаңа құрамын қалыптастыру сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын басталады және олардың өкілеттік мерзімінің бітуіне үш күн қалғанда аяқталады.

Сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыратын органдар сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі ішінде олардың құрамына өзгерістер енгізуге құқылы.

«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10-бабының 4-тармағына сәйкес сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру, олардың құрамы және орналасқан жері туралы шешімдер бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады. Іс жүзінде АСК мен УСК құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында ҚР ОСК бекіткен сайлауды ұйымдастыру мен өткізудің күнтізбелік жоспары негізінде тиісті аумақтық сайлау комиссиялары шығарады.

<sup>12</sup> Мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін [7]

### **2.3. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін сайлауға байланысты аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құқықтық мәртебесі мен құзыреті**

Қолданыстағы сайлау заңнамасына сәйкес сайлау комиссияларының мүшелері мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады. Сайлау комиссияларының мүшелерін сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңінде жұмыс берушінің бастамасы бойынша олардың келісімінсіз жұмыстан шығаруға не басқа жұмысқа ауыстыруға болмайды.

Заңнама сайлау комиссиясы мүшелерінің комиссия отырыстарын өткізу туралы тиісті ақпарат алу құқығын, өзі мүшесі болып табылатын сайлау комиссиясының құжаттарымен және материалдарымен танысу, осы құжаттардың көшірмелерін алу, белгілі бір жағдайларда төменгі деңгейдегі сайлау комиссиясының қызметін тексеруді жүзеге асыру құқығын айқындайды.

Сайлау комиссиясының мүшесі:

- Конституцияның және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасының талаптарын, жалпы қабылданған әдеп нормаларын сақтауға;

- өзіне жүктелген міндеттерді, сайлау комиссиясының және оның төрағасының, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдері мен нұсқауларын орындауға;

- азаматтардың сайлау құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз етуге;

- шешім қабылдауда бейтараптық пен тәуелсіздікті танытуға, сондай-ақ кандидаттардың және партиялық тізім ұсынған саяси партиялардың қызметіне қоғамдық баға беруден аулақ болуға міндетті.

Сайлау комиссиясының мүшесі өзі өкілі болып табылатын саяси партияның немесе өзге де қоғамдық бірлестіктің шешімдерімен байланысты емес және олардың мүдделерін қорғауға құқығы жоқ.

Аумақтық, учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңіне өздерінің қалауымен комиссияның шешімі бойынша сайлауды өткізуге бөлінген қаражаттың есебінен ақы төлене отырып, өндірістік немесе қызметтік міндеттерін орындаудан босатылуы мүмкін. Сайлау комиссияларының мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерінің сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңінде өздерінің негізгі жұмыс орны бойынша орташа айлық жалақысы сақталады. Сайлау комиссияларының өзге мүшелеріне осы кезеңде сайлау өткізуге бөлінген қаражат есебінен кемінде ең төменгі үш жалақы мөлшерінде жалақы белгіленеді.

Сайлау комиссиялары мүшелерінің, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерінің үстеме жұмысына, мереке және демалыс күндеріндегі жұмысына, түнгі уақыттағы еңбегіне ақы төлеу сайлау өткізуге бөлінген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

Сайлау комиссияларының мемлекеттік сайлау органдары ретіндегі құқықтық мәртебесі мыналармен сипатталады:

- өз құзыреті шегінде олар өзге мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан тәуелсіз;
- олардың құзыреті шегінде қабылданған шешімдер тиісті аумақтағы барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғалары үшін міндетті болып табылады;
- өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде сайлау комиссияларының қызметіне араласуға жол берілмейді;
- сайлау комиссиялары республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.
- сайлау комиссиясының қызметі сайлау комиссиясын құратын органның шешімі бойынша немесе ҚР ОСК өтініші негізінде сот шешімімен тоқтатылуы мүмкін.

### *Аумақтық сайлау комиссияларының құзыреті*

АСК өкілеттіктерінің ауқымы өте кең. Ең алдымен, – бұл әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы сайлау туралы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды тағайындау және ұйымдастыру.

АСК тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде құрылған барлық сайлау комиссияларының ҚР ОСК шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау жөніндегі АСК құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 13-бабының 4-тармағы).

АСК өз өкілеттіктері шегінде:

- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне кандидаттарды және олардың сенім білдірілген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді;
- аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды тіркеу туралы хабарларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;
- төмен тұрған АСК мен УСК қызметіне жетекшілік етеді, олардың жұмысына қажетті материалдық-техникалық жағдайлардың жасалуын бақылайды, олардың арасында сайлау науқанына бөлінген республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттарын бөледі, УСК шешімдері мен іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы арыздар мен шағымдарды қарайды;
- сайлаушылар және сайлау учаскелерінің шекаралары туралы ақпараттың өзектілігі мен растығын, дауыс беруге арналған сайлаушылар тізімдерінің уақтылылығы мен дұрыстығын және олардың көпшілікке танысу үшін ұсынылуын бақылайды;

- дауыс беруге арналған учаскелердің бірыңғай нөмірленуін белгілейді;
- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау бойынша сайлау округтерін құрады, олардың тізімін жариялайды, сайлау комиссияларының орналасқан жерлері туралы сайлаушыларды хабардар етеді;
  - аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің сайлауы бойынша сайлау бюллетеньдерін дайындауды, сондай-ақ сайлау бюллетеньдерін УСК-ға жеткізуді қамтамасыз етеді;
  - сайлау комиссияларының, мемлекеттік органдардың және ұйымдардың сайлауға дайындық пен оны өткізуге байланысты мәселелер бойынша есептерін, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің сайлау туралы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша ақпаратын тыңдауға құқылы;
  - тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелерін белгілейді;
  - аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін сайлау қорытындыларын шығарады;
  - аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің сайланған әкімдерін тіркейді және бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды; жоғары тұрған сайлау комиссиясына сайлау қорытындыларын шығару және ҚР ОСК ресми интернет-ресурсында жариялау үшін тиісті сайлау округтері мен учаскелері бойынша дауыстарды санау хаттамаларын ұсынады;
  - аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қайта дауыс беруін және сайлауын ұйымдастырады;
  - сайлау туралы заңнаманы түсіндіруді ұйымдастырады; сайлау процесіне қатысушыларды оқытуды ұйымдастырады және өткізеді; саяси партиялардың өкілдерімен және сайлау процесінің басқа қатысушыларымен сайлауды ұйымдастыру және өткізу бойынша семинарлар өткізеді;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады («ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 14-бабы).

### ***Учаскелік сайлау комиссияларының құзыреті***

УСК тиісті сайлау учаскелерінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің сайлауын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді.

Сайлау комиссиясы өкілеттіктерінің шеңбері сайлау учаскесінің аумағымен шектелген.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау жөніндегі УСК құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін он бес күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады («ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 17-бабының 2-тармағы).

УСК сайлау учаскесінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау бойынша мынадай сайлау іс-шараларын өткізеді:

- тиісті сайлау учаскесінде сайлаушылардың тізімін нақтылайды;



- азаматтарды сайлаушылардың тізімімен таныстырады, тізімдердегі қателіктер мен жаңсақтықтар туралы арыздарды қарайды және оған тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешеді;
- мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдайды;
- сайлаушыларды сайлау комиссиясының орналасқан жері, дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабарландырады;
- дауыс беруге арналған үй-жай дайындайды, кабиналар мен жәшіктердің болуын қамтамасыз етеді;
- сайлау күні сайлау учаскесінде дауыс берілуін ұйымдастырады;
- дауыс санауды жүргізеді және учаскедегі дауыс беру нәтижелерін анықтайды;
- дауыс беруді әзірлеу мен ұйымдастыру мәселелері жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарайды және солар бойынша шешімдер қабылдайды;
- сайлау туралы заңнаманы түсіндіруді ұйымдастырады; сайлау процесіне қатысушыларды оқытуды ұйымдастырады және өткізеді; саяси партиялардың өкілдерімен және сайлау процесіне басқа да қатысушылармен сайлауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде семинарлар өткізеді;
- Республика заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **2.4. Сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастыру. Сайлау комиссияларының қызметіндегі жариялылық**

Сайлау комиссияларының қызметі алқалылық, жариялылық және ашықтық негізінде жүзеге асырылады.

*Алқалылық.* Егер сайлау комиссияларының отырыстарына комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, олар заңды болады.

Комиссиялардың шешімдері, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда белгіленгеннен өзге жағдайларды қоспағанда, олардың мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Сайлау комиссиясының оның шешімімен келіспейтін мүшелері ерекше пікірін айтуға құқылы, ол дереу жоғары тұрған сайлау комиссиясының назарына жеткізіледі және комиссия отырысының хаттамасына жазбаша нысанда тіркеледі.

Сайлау науқанын әзірлеу мен өткізу кезеңінде комиссиялардың отырыстары кемінде екі аптада бір рет өткізіледі. Өзге уақытта комиссиялар өздерінің отырыстарын қажетіне қарай комиссия төрағасының немесе мүшелерінің кемінде үштен бірінің бастамашылығымен өткізеді.

*Жариялылық.* Сайлау комиссиялары жалпыға қолжетімді телекоммуникациялық желілерде орналастырылатын, ал «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда көзделген жағдайларда өзгедей жариялауға жататын өз шешімдерімен бүкіл адамның еркін танысуы үшін жағдай жасайды.

Депутаттыққа кандидаттар, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар өздеріне қатысты мәселелер қаралатын кезде тиісті сайлау комиссияларының отырыстары мен күн тәртібі туралы алдын ала хабардар етіледі.

*Ашықтық.* Сайлау комиссиясының отырыстарына кандидаттар, сенім білдірілген адамдар, байқаушылар, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады.

Сайлау комиссияларының құрамында өкілі жоқ саяси партиялар сайлау науқанын даярлау және өткізу кезеңіне тиісті сайлау комиссиясына сайлау тағайындалған немесе жарияланған күннен бастап он күннен кешіктірмей өз өкілін кеңесші дауыс құқығымен жіберуге құқылы.

Саяси партияның кеңесші дауыс құқығы бар өкілі сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, сайлау комиссиясының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге, сайлау комиссиясының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасауға құқылы.

Саяси партиялардың кеңесші дауыс құқығы бар өкілдері комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс бермейді және комиссияның құжаттарына қол қоймайды.

Дауыс беру күні дауыс беруге арналған сайлау учаскесі ашылған кезден бастап және сайлаушылардың дауыстарын санау кезінде дауыс беру нәтижелері анықталғанға дейін сайлау учаскесінде бір мезгілде әрбір кандидаттан немесе партиялық тізімін ұсынған саяси партиядан сенім білдірілген бір-бір адамнан, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде әрбір бұқаралық ақпарат құралынан бір-бір өкілден және Қазақстан Республикасының әрбір саяси партиясынан, өзге де қоғамдық бірлестігінен, басқа да коммерциялық емес ұйымдарынан бір-бір байқаушыдан және аудармашы бірге жүруге құқылы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары қатысуға құқылы.

Егер «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңда шағым жасаудың өзге мерзімдері белгіленбесе, сайлау комиссиясының шешімдеріне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шешім қабылданған немесе іс-әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап он күннің ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына және (немесе) сотқа шағым жасалуы мүмкін. Көрсетілген мерзімдер өткеннен соң сайлау комиссиясының шешіміне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) берілген өтініш қарауға жатпайды.

*Сайлау комиссиялары мен олардың мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату*

Сайлау комиссиясының қызметі сайлау комиссиясын құратын органның шешімі бойынша немесе Орталық сайлау комиссиясының өтініші негізінде сот шешімімен тоқтатылуы мүмкін.


Сайлау комиссиясының мүшесі:

- сайлау комиссиясының белгіленген өкілеттік мерзімі өткенде;
- сайлау комиссиясының қызметі тоқтатылған кезде өз міндеттерінен босатылады.

Жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімі бойынша төмен тұрған сайлау комиссиясының мүшесі:

- міндеттерін атқарудан босату туралы өз еркімен өтініш берген;
- Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;
- тиісті сайлау комиссиясының құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен;
- соттың оған қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- соттың оны іс-әрекетке қабілетсіз, іс-әрекетке қабілеті шектеулі, хабар-ошарсыз кеткен деп тануы немесе оны қайтыс болған деп жариялағаны туралы шешімі заңды күшіне енген;
- ол қайтыс болған;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен саяси партия өзін ұсынған саяси партияны тарату туралы шешімді не сот өзін ұсынған саяси партияны тарату туралы заңды күшіне енген шешімді қабылдаған жағдайларда, өз міндеттерінен босатылады («ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңы 19-бабының, 6-тармағы).

Сайлау комиссиясының мүшесі лауазымдық өкілеттіктерін немесе «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның талаптарын бірнеше мәрте бұзған жағдайда, осы сайлау комиссиясының құрамын құрған мәслихат оны лауазымынан босатады («ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңы 19-бабының, 7-тармағы).



10-сурет. Сайлау комиссиялары қызметінің принциптері

**2-тақырыпқа арналған бақылау сұрақтары:**

1. Сайлау комиссияларының мүшелері қандай негізгі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады?
2. Белсенді және бәсең сайлау құқығы дегеніміз не?
3. Сайлау құқығының принциптерін атаңыз.
4. Төте және жанама сайлау құқығы. Қандай жағдайларда қолданылады?
5. Мажоритарлық және пропорционалды сайлау жүйелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?
6. Қазақстан Республикасының сайлау комиссиялары жүйесіне не кіреді?
7. Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларын құру тәртібі қандай?
8. Учаскелік сайлау комиссиясы сайлау учаскесінде қандай іс-шаралар өткізеді?
9. Заңнамада сайлау комиссияларының мүшелеріне қатысты қандай шектеулер қойылған?
10. Мүдделер қақтығысы дегеніміз не?
11. Сайлаушылар тізімдерін құрастыру кімнің құзыретіне жатады?
12. Сайлау туралы заңнаманы түсіндіруді кім ұйымдастырады?
13. Сайлау комиссиялары мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жағдайларын атаңыз.

**Практикалық сабаққа арналған тапсырма (топтардағы жұмыс)**

1. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды өткізуге байланысты аумақтық сайлау комиссиясының, оның құзыретін ескере отырып, жұмыс жоспарын әзірлеу.
2. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды өткізуге байланысты учаскелік сайлау комиссиясының құзыретіне сәйкес жұмыс жоспарын әзірлеу.
3. Сайлау науқанының кезеңдері бойынша сайлау комиссияларының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының схемасын әзірлеу.
4. Сайлау комиссияларының жергілікті атқарушы органдармен және халықпен өзара іс-қимылының схемасын әзірлеу.

### **3-тақырып. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРЫНЫҢ, АУЫЛДАРЫНЫҢ, КЕНТТЕРІНІҢ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ БОЙЫНША САЙЛАУ ПРОЦЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Мақсаты:** мажоритарлық сайлау жүйесін пайдалана отырып, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды ұйымдастыру мен өткізудің құқықтық негіздерін зерделеу.

#### **Жоспар:**

3.1. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды тағайындау. Аумақтық сайлау комиссиясының құзыреті.

3.2. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттар ұсыну.

3.3. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды тіркеу.

3.4. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау жөніндегі сайлау бюллетеньдері.

3.5. Сайлау алдындағы үгіт.

3.6. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қаржыландыру.

3.7. Сайлау бостандығының кепілдіктері. Шағымдар мен өтініштерді қарау.

#### **3.1. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды тағайындау. Аумақтық сайлау комиссиясының құзыреті**

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау жөніндегі сайлау процесі оның тұтастығы мен сайлау нәтижелерінің заңдылығын қамтамасыз ететін заңда белгіленген кезеңдер жиынтығын қамтиды. Олардың функционалдық мақсаты әр түрлі сайлау әрекеттері мен рәсімдерінің уақтылы және кезең-кезеңімен орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.


Сайлауды тағайындау – ол дауыс беру күнін белгілеуден тұратын сайлаудың бастапқы процесі. Сайлауды тағайындау кезеңінің маңыздылығы кез келген елдің сайлау заңнамасы принциптерінің бірі сайлаудың міндеттілігі мен мерзімділігін сақтаудан тұрады.



11-сурет. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау кезіндегі сайлау процесінің кезеңдері («ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның ерекше бөлімі)

Әкімдердің сайлауын тағайындау үшін негіздер болып табылады:

- 1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің заңмен белгіленген өкілеттік мерзімінің аяқталуы;
- 2) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату немесе заңда белгіленген жағдайларда әкімшілік-аумақтық бірлікті қайта ұйымдастыру.



12-сурет. Сайлау процесінің кезеңдері

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-3-бабының 6-тармағында және 113-9-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлауды тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы аудандық маңызы бар

қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде қырық күн бұрын тағайындайды және ол заңда белгіленген өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде он күн бұрын өткізілуге тиіс.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, сайлауды тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы бір ай ішінде тағайындайды және сайлау тағайындалған күннен бастап отыз күн ішінде өткізеді.

Сайлау күні туралы хабар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

### ***Аумақтық сайлау комиссиясының құзыреті***

Сайлау науқанының ерекшелігі – негізгі жүктеме аумақтық сайлау комиссияларына, атап айтқанда, аудандық және қалалық сайлау комиссияларына түседі. Олар барлық сайлау рәсімдерін кезең-кезеңімен жүргізуі керек. Облыстық сайлау комиссиялары негізінен қаржылық, материалдық-техникалық және ішінара әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерімен айналысатын болады. Ортсайлауком сайлау заңнамасының біркелкі қолданылуына жалпы бақылауды жүзеге асыратын, әдістемелік және консультациялық көмек көрсететін болады.

Аумақтық сайлау комиссиясы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің сайлауын өткізуді ұйымдастырады және өткізуді қамтамасыз етеді және келесі **функцияларды** орындайды:

1. *Сайлау округтерін құру және сайлау процесіне қатысушыларды хабардар ету.* Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау кезінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында аумақтық сайлау округі құрылады. Сайлау округтерінің тізімі олардың шекаралары мен АСК орналасқан жерлері көрсетіле отырып, сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

АСК функциялары: аумақтық сайлау округтерін құру туралы шешім қабылдау, округтардың тізімін БАҚ-та жариялау, сайлау комиссияларының орналасқан жері туралы сайлаушыларға хабарлау;

2. *Әкімдікке кандидаттарды, оның ішінде ұсынылған кандидаттарды тіркеуді жүргізеді:*

белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар өз мүшелері қатарынан, азаматтар өзін-өзі ұсыну тәртібімен, тиісті сайлау округінің аумақтық сайлау комиссиясына аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беру арқылы,

аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі, егер ұсыну мерзімі аяқталатын күнге екіден кем кандидат ұсынылса.

АСК-ның функциялары: құжаттарды қабылдау, ұсынылған құжаттардың сайлау заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу, әкімдікке кандидаттардың ҚР Конституциясының және «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет

саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу, әкімдікке кандидаттарды тіркеу бойынша сайлау комиссиясының отырысын өткізу, кандидаттарды тіркеу туралы хабарламаны жариялау, кандидаттарға тиісті куәліктер беру;

**3. Кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу.**

АСК-ның функциялары: ұсынылған кандидатуралардың сайлау заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу, сенім білдірілген адамдарды тіркеу бойынша сайлау комиссиясының отырысын өткізу, тіркелген сенім білдірілген адамдарға куәліктер беру;


**4. Дауыс беруден кейінгі рәсімдер.**

АСК-ның функциялары: тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі сайлау учаскелері бойынша дауыс беру нәтижелерін белгілеу, әкімдер сайлауының қорытындыларын шығару, сайланған аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін тіркеу және бұл туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

**МАҢЫЗДЫ!** Аталған функциялардың әрқайсысы заңнаманы білудің дәлдігін ғана емес, сонымен қатар сайлау процесінің әр кезеңінде комиссияның қызметін жоспарлау, дәйекті құру дағдыларын талап етеді.

**3.2. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттар ұсыну**

Сайлау тағайындалғаннан кейінгі сайлау процесінің келесі кезеңі аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды ұсыну кезеңі болып табылады.



13-сурет. Әкімдікке кандидаттарды ұсыну кезеңі

Кандидаттарды ұсыну, егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге он бес күн қалғанда аяқталады.

Егер ұсыну мерзімі аяқталатын күнге аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне екіден кем кандидат ұсынылса, онда аудандық (қалалық) АСК кандидаттарды ұсыну мерзімін бес күннен аспайтын мерзімге ұзартады және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі жергілікті қоғамдастық



жиналысының келісімі бойынша кемінде екі кандидат ұсынуға құқылы. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі жергілікті қоғамдастық жиналысының келісімі бойынша ұсынылған кандидаттар болмаған не ұсыну мерзімі аяқталған күні бір кандидат ұсынылған жағдайда, тиісінше екі не бір кандидатты ұсынуға құқылы.

***Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдеріне қойылатын талаптар***

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1, 2-тармақтарына сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс халқының жасы жиырма бес жастан төмен емес Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге қызметке сайланады. Бір адам сол бір аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі болып қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды [6].

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі болып сайлану үшін Қазақстан Республикасының азаматы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көзделген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Осылайша, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарына [32] сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі Е-R-1 санатындағы мынадай талаптар белгіленген мемлекеттік әкімшілік қызметші болып табылады:

жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім;

мынадай құзыреттердің бар болуы: стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау, көшбасшылық, стратегиялық ойлау, өзгерістерді басқару;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-R-3, D-4, D-О-3, Е-3, Е-R-3, Е-G-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №150 жарлығымен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімімен (ары қарай Тізілім) айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, мемлекеттік органның штат

кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-Р-3, D-4, D-О-3, Е-3, Е-Р-3, Е-Г-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет;

3) А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-Р-3, D-4, D-О-3, Е-3, Е-Р-3, Е-Г-1 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде жұмыс істейтін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық мемлекеттік қызметкер мәртебесінде жұмыс өтілі;

4) мемлекеттік қызмет өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдарының орталық деңгейдегі лауазымдарында немесе облыстық, қалалық немесе аудандық деңгейдегі басшылық лауазымдарында немесе Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейінен төмен емес, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының басшылық лауазымдарында екі жылдан кем емес;

5) мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-Р-3, D-4, D-О-3, Е-3, Е-Р-3, Е-Г-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес, жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда;

6) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, мемлекеттік органдар болып табылмайтын ұйымдардың басшылық лауазымдарында жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;

7) ғылыми дәрежесінің болуы;

8) Президенттік жастар кадр резервіне алынған тұлғалар үшін жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

### ***Ұсыну рәсімі***

«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 113-3-бабына сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидат ұсынуды:

➤ **белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар өз мүшелерінің қатарынан**

Саяси партияның тиісті филиалы (өкілдігі) жоғары басшы органының аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидаттар

ұсыну туралы шешімі хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді. Саяси партияның тиісті филиалы (өкілдігі) жоғары басшы органының шешімі ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі.

Тиісті аудандық (қалалық) АСК-ға:

1) азаматтың аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне кандидат болып дауысқа түсуге келісетіні туралы өтініші

2) саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органы отырысының аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидатты ұсыну жөніндегі хаттамасынан үзінді көшірме;

3) адамның саяси партияға мүшелігін растайтын құжат жіберіледі.

➤ **азаматтар – өзін-өзі ұсыну тәртібімен**, тиісті сайлау округінің аумақтық сайлау комиссиясына аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беру арқылы;

Өзін-өзі ұсынған жағдайда аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидат дауыс беруге құқығы бар тиісті сайлау округі сайлаушыларының жалпы санының кемінде бір проценті дауысымен қолдау табуы тиіс.

Сайлаушыларды қолдау олардың қолдарын жинаумен куәландырылады. Кандидатты қолдап қол жинауды сенім білдірілген адамдар ұйымдастырады және кандидат «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңында, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында көзделген талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін үш күн мерзімнен кешіктірілмей тиісінше аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы беретін қол қою парақтарымен ресімделеді.

➤ **аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі, егер ұсыну мерзімі аяқталатын күнге екіден кем кандидат ұсынса**

Тиісті аудандық (қалалық) АСК-ға:

1) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің ұсынымы;

2) азаматтың аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидат болып дауысқа түсуге келісетіні туралы өтініші беріледі.



Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді.

Кандидат және оның зайыбы (жұбайы) тіркелгенге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне арналған активтері мен міндеттемелері туралы декларациялар тапсырады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап үш күн ішінде ұсынуға міндетті.

АСК тіркеуге құжаттар келіп түскен сәттен бастап арнайы тексеру жүргізу үшін кандидаттың құжаттарын Қазақстан Республикасының аумақтық ұлттық қауіпсіздік органдарына жібереді.

Арнайы тексерудің нәтижелерін Қазақстан Республикасының аумақтық ұлттық қауіпсіздік органдары аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына отыз күн ішінде береді.

Бұл ретте арнайы тексеру барысында мәліметтерді ұсыну туралы ұлттық қауіпсіздік органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап үш күн ішінде ұсынуға міндетті.

***Саяси партия ұсынған кандидатты тіркеу мынадай құжаттар болған кезде жүргізіледі:***

1) саяси партияны мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, осы саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органы отырысының кандидатты ұсыну жөніндегі хаттамасынан үзінді көшірме;

2) азаматтың аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне кандидат болып дауысқа түсуге келісетіні туралы өтініші;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) кандидаттың және оның зайыбының (жұбайының) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырғаны туралы мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;

5) саяси партияның сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжат;

6) адамның саяси партияға мүшелігін растайтын құжат;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіне кіретін азаматтарға арнайы тексеру жүргізуге қажетті құжаттар.

***Өзін-өзі ұсынған жағдайда кандидатты тіркеу мынадай құжаттар болған кезде жүзеге асырылады:***

1) азаматтың аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініші;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік сайлаушыларының кандидатты қолдап қойған қолдарын тексеру нәтижелері туралы тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының хаттамасы;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) кандидаттың және оның зайыбының (жұбайының) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырғаны туралы мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;

5) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжат;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіне кіретін азаматтарға арнайы тексеру жүргізуге қажетті құжаттар.

**«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-3-бабының 6-тармағында көзделген тәртіппен аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі ұсынған кандидатты тіркеу мынадай құжаттар болған кезде жүргізіледі:**

1) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің ұсынуы;

2) азаматтың аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне кандидат болып дауысқа түсуге келісетіні туралы өтініші;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) кандидаттың және оның зайыбының (жұбайының) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырғаны туралы мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;

5) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжат;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіне кіретін азаматтарға арнайы тексеру жүргізуге қажетті құжаттар.

АСК кандидаттарды тіркеу туралы хаттама жасайды.

АСК кандидаттарды тіркегеннен кейінгі бесінші күннен кешіктірмей, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында әрбір кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), туған жылын, атқаратын лауазымын (кәсібін), жұмыс орны мен тұрғылықты жерін, ұсыну тәсілін, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның саяси партияға қатыстылығы мен ұлты туралы мәліметтерді көрсете отырып, тіркеу туралы хабар жариялайды.

АСК тіркеу кезінде кандидаттарға тиісті куәлік береді.

**Кандидатты тіркеуден бас тарту, кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жою**

АСК келесі жағдайларда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды немесе тіркеуден бас тартады:

1) кандидат ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған;

2) кандидат «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңда және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі

басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында қойылатын талаптарға сәйкес келмеген;

3) кандидат өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдаланған;

4) кандидат, сондай-ақ кандидатты ұсынған саяси партия сайлау алдындағы үгітті тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау күні не оның алдындағы күні жүргізген;

5) сот кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделіне нұқсан келтіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған;

6) сот кандидаттың және оның сенім білдірген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;

7) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған;

8) арнайы тексерудің теріс нәтижелері алынған жағдайда;

9) «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Дауыс беру күнінен екі күн бұрын кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.

Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға саяси партия, кандидаттарды ұсынған аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі немесе кандидат үш күн мерзімде тиісті облыстық АСК-ға немесе сотқа шағым жасай алады. Шағым бойынша шешімді сот немесе жоғары тұрған АСК шағым берілген күннен бастап үш күн мерзімде шығарады.

#### ***Кандидатураны алып тастау***

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидат тіркелген күнінен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанда АСК-ға бұл туралы жазбаша өтініш беріп және саяси партияға немесе кандидатты ұсынған аудан (облыстық маңызы бар қала) әкіміне хабарлай отырып, өз кандидатурасын алып тастай алады.

Саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органы немесе кандидатты ұсынған аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі тіркеуден екі күн бұрын бұл туралы әкімдікке кандидатқа хабарлай отырып, кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің күшін жоя алады.

Кандидатты ұсыну туралы шешімнің күшін жою туралы өтініш тиісті аудандық (қалалық) АСК-ға жіберіледі, ол осы негізде кандидатты тіркеуді жүргізбейді не кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

### **3.4. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтың әкімдерін сайлау жөніндегі сайлау бюллетеньдері**

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау бойынша бюллетеньдерінің нысаны ҚР ОСК қаулысымен бекітіледі.

АСК өкілеттіктеріне дауыс беруге арналған бюллетеньдердің мәтінін бекіту және оларды дайындауды ұйымдастыру, сондай-ақ учаскелік сайлау комиссияларына бюллетеньдерді жеткізу мәселелері жатады.

Сайлау бюллетеніне мемлекеттік тілдің әліпбилік ретімен тегі, аты, әкесінің аты және «бәріне қарсымын» бағаны көрсетілген барлық тіркелген кандидаттар енгізіледі.

Сайлау бюллетеньдері мемлекеттік тілде және орыс тілдерінде басылады. Сайлау бюллетеньдері сайлау округіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 проценті резервімен сайлау округіндегі сайлаушылардың санына тең мөлшерде дайындалады.

Сайлау бюллетеньдері учаскелік сайлау комиссияларына сайлаудан ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 пайызы резервімен жеткізіледі.

### **3.5. Сайлау алдындағы үгіт**

#### ***Сайлау алдындағы үгіт түсінігі. Оны өткізу мерзімдері***

«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес, сайлау алдындағы үгіт – сайлаушылардың белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет.

Сайлау алдындағы үгітті жүргізу тәртібі «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңының бес бабында белгіленген, онда сайлау алдындағы үгітті жүргізу тәсілдері мен мерзімдері, сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезіндегі сайлау процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, қоғамдық пікірге сұрау салуды жүргізу тәртібі, кандидаттар мен саяси партиялардың сайлау алдындағы бағдарламаларына қойылатын талаптар айқындалған.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес сайлау алдындағы үгіт аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидаттарды тіркеу аяқталған күннен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Сайлау күні және оның қарсаңындағы күні кез келген сайлау алдындағы үгітке тыйым салынады.





### Сайлау алдындағы үгіт

кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған кезден басталып, **яғни сайлау күніне 10 күн қалғанда**, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады

Сайлау алдындағы үгіттің басталуы



Сайлау алдындағы үгіттің аяқталуы

тіркеу мерзімі  
аяқталған күні

**18:01**

сайлау күнінің  
қарсаңындағы күн

**00:00**

15-сурет. Сайлау алдындағы үгіт кезеңі

### Сайлау алдындағы үгіт нысандары

Сайлау алдындағы үгіттің жүзеге асырылу жолдары:

- *бұқаралық ақпарат құралдары арқылы.* Тіркелген кандидаттарға шарттық негізде эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беру шарттары мен тәртібіне сәйкес осы БАҚ-та жарияланған эфирді және баспасөз бетінен орын пайдалануға болады. Сайлау күні және оның алдындағы күні интернет желісінде бұрын орналастырылған үгіт материалдары бұрынғы орындарында сақтала алады;

- *сайлау алдындағы жария іс-шараларды және кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу арқылы.* Сайлау жарияланған (тағайындалған) кезден бастап кандидаттарға, сондай-ақ олардың атынан немесе оларды қолдап кез келген жеке және заңды тұлғаларға ойын-сауық және спорттық іс-шаралар ұйымдастыруға болады. Сайлаушылармен кездесулер шарттық негізде жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) белгілеген үй-жайларда өткізіледі. Кездесулер мен іс-шаралар кезінде сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, оның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ омырауға тағатын белгілерді, жалауларды, жалаушаларды тегін таратуға рұқсат етіледі;

- *баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және тарату арқылы.* Барлық үгіттік баспа материалдарында (бұдан әрі – ҮБМ) осы материалдарды шығарған ұйым, олардың басылған жері мен таралымы, тапсырыс жасаған тұлғалар, қандай қаражаттан төленгені туралы мәліметтер болуға тиіс. ҮБМ-ді АСК-мен келісім бойынша ЖАО айқындаған жерлерде (стендтер, қалқандар, тумбалар және т.б.) орналастыруға рұқсат етіледі. Басқа жерлерде ҮБМ тиісті объектінің меншік иесінің рұқсатымен орналастырылады. Сайлау күні және оның алдындағы күні сайлау комиссияларының үй-жайларынан және дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерде бұрын ілінген баспа үгіт материалдары бұрынғы орындарында сақталуы мүмкін.



16-сурет. Сайлау алдындағы үгітті жүзеге асыру нысандары

«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабы 3-тармағына сәйкес мемлекет кандидаттарға өз бағдарламаларымен бұқаралық ақпарат құралдарына шығу үшін қаражаттың тең бөлінуіне кепілдік береді.

Бұқаралық ақпарат құралдарына шығу үшін кандидаттарға қаражат бөлу тәртібі мен көлемін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.

«Кандидаттарға бұқаралық ақпарат құралдарына шығу үшін қаражат бөлу қағидалары мен көлемдерін бекіту туралы» ҚР ОСК 2018 жылғы 25 тамыздағы № 12/202 қаулысына сәйкес кандидаттарға бұқаралық ақпарат құралдарына өз бағдарламаларымен шығу үшін: телевидениеде – 15 минут, радиода – 10 минут, мерзімді баспасөз басылымдарында немесе желілік басылымдарда 0,1 баспа парағынан артық емес екі мақала жариялау үшін қаражат бөлу қарастырылған [29].

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 33-бабы 2-1-тармағына сәйкес жергілікті бюджет қаражатынан кандидаттардың:

- бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеуіне;
- сайлау алдындағы жария іс-шараларын өткізуге және кандидаттардың үгіт материалдарын шығаруға;
- көліктік шығыстарына арналған шығыстар жабылады.

Ауылдық деңгейдегі әкімдікке кандидаттарға бөлінетін шығыстардың мөлшерін тиісті облыстық сайлау комиссиясы айқындайды.

Сайлау комиссияларының мүшелері сайлау алдындағы үгітпен байланысты заңнамалық нормаларды бұзу кандидаттарды тіркеудің күшін жоюға әкеп соғуы мүмкін екенін нақты түсініп, кандидаттар мен саяси партиялардың, сайлау процесіне барлық қатысушылардың назарына жеткізуі қажет. Мұндай шектеулер барлық кандидаттардың теңдігін қамтамасыз ету үшін қарастырылған және әлемнің барлық елдерінде кең таралған.

**Мыналарға:**

1. Сайлау жарияланған күннен бастап сайлау алдындағы үгіт кезеңі басталғанға дейін (күні *іс-шаралардың күнтізбелік жоспарымен* айқындалады), сондай-ақ сайлау күні және сайлау күнінің алдындағы күні үгіт жүргізуге;

2. Сайлау науқанын өткізуге бөлінген қаражаттан тыс жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен төленген үгіт жүргізуге;

3. Кандидаттар не олардың сенім білдірген адамдары тіркеген журналистерге, бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларының лауазымды адамдарына сайлау алдындағы үгітке қатысуға;

4. Сайлау күні және оның алдындағы күні бұрын орналастырылған үгіт-насихат материалдарын интернет-ресурстардың басты беттеріне шығаруға;

5. Сайлаушыларға тегін немесе жеңілдікті шарттармен тауарлар, қызметтер, бағалы қағаздар беруге, сондай-ақ лотереялар, қайырымдылық акцияларын өткізуге, ақша төлеу не осындайларға уәде беру арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізуге тыйым салынады. Сайлау жарияланған (тағайындалған) кезден бастап кез келген жеке және заңды тұлғаларға кандидаттардың атынан немесе оларды қолдап қайырымдылық іс-шараларын өткізуге;

6. Қандай да бір адамның бейнесін – оның жазбаша келісімінсіз, ал ол қайтыс болған жағдайда мұрагерлерінің жазбаша келісімінсіз пайдалану арқылы сайлау алдындағы үгіт-насихат жүргізуге;

7. Сайлау алдындағы бағдарламада республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру идеясының мазмұны, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құруға;

8. ҰБМ ескерткіштерге, обелисктерге, тарихи, мәдени немесе сәулеттік құндылығы бар ғимараттар мен құрылыстарға, сондай-ақ дауыс беруге арналған үй-жайларға іліп қоюға;

9. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде ҰБМ дайындауға;

10. Жасырын үгіт материалдарын таратуға **тыйым салынады.**

**Мыналарға:**

1) мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың лауазымды адамдарына;

2) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілеріне, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға;

3) сайлау комиссияларының мүшелеріне;

4) діни бірлестіктерге сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға **тыйым салынады.**

Заң мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары болып табылатын кандидаттарға олардың лауазымдық немесе қызметтік жағдайларын пайдалануға тыйым салынады деп белгілейді.

«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңда лауазымдық немесе қызметтік жағдайларын пайдалану дегеніміз:

1) бағынышты немесе басқа да қызмет жағынан тәуелді адамдарды, аталған адамдар кандидаттың сенім білдірген адамдары ретінде үгітті жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тарту;

2) партиялық тізім ұсынған саяси партияның сайлануына септігін тигізетін қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар орналасқан үй-жайларды пайдалану, егер өзге саяси партияларға аталған үй-жайларды осындай шарттармен пайдалануға кепілдік берілмесе.

### ***Сайлау алдындағы жария іс-шаралар***

Сондай-ақ сайлау комиссияларының мүшелеріне сайлау алдындағы жария іс-шаралардың нысандарын неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеу ұсынылады:

сайлау алдындағы жария пікірсайыстар мен пікірталастар;

сайлау алдындағы жиналыстар және сайлаушылармен кездесулер;

митингілер, шерулер, демонстрациялар;

заңнамада белгіленген тәртіппен және «ҚР-дағы сайлау туралы»

Конституциялық заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шаралар.

*Сайлау алдындағы жария пікірсайыстар<sup>13</sup> мен пікірталастар – аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне екіден асатын кандидаттардың түрлі қоғамдық маңызы бар мәселелері бойынша, олардың ішінде сайлау алдындағы бағдарламаларына қатысты жария түрде пікір алмасу [23]. Бұл жария даулардың түрі пікірталасқа қатысушылардың өздерінің дұрыстығына бір-бірін емес, үшінші жақты сендіруге бағытталады.*

*Сайлаушылармен сайлау алдындағы кездесулер үгіт жұмысының түрі ретінде жеке қарым-қатынас кезінде кандидаттың сайлаушылардың естерінде қалуына мүмкіндік беретініне байланысты кеңінен пайдаланылады. Сайлаушылармен кездесулердің кеңінен тараған түрлері:*

*еңбек ұжымдарында кездесулер,*

*мектептер мен балабақшаларда ата-аналармен жиналыстарда кездесулер,*

*адамдар көп жиналатын орындарда: базарларда, ірі дүкендердің жанында, саябақтарда, аулаларда және т.б. кездесулер. Бұл кездесулер пикет ретінде өткізілуі мүмкін, кей кезде шағын митингке айналып кете алады,*

*«аулаларда», «есіктен есікке» кездесулер, ең тиімді кездесулердің түрі, өйткені сайлаушылар оларға қатысу туралы шешімді өздері қабылдап, отбасыларының мүшелерін тартып, кездесулер нәтижесінде достарымен, қызметтестерімен алған әсерлерімен бөліседі.*

<sup>13</sup> (с греч. Διαβασω — оқып отырмын) - екі жақтың өзара өзекті мәселелер бойынша пікір алмасуы, пікірталасы, <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B5%D0%B1%D0%B0%D1%82%D1%8B>

*Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, демонстрациялар* «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» 2020 жылғы 25 мамырдағы № 333-VI Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі [8].

*Бейбіт жиналыс* – өзінің сипаты бойынша бейбіт, күш қолданбайтын және қарусыз, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер төндірмейтін жария іс-шара. Бейбіт жиналыстар бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін мамандандырылған орындарда өткізіледі (жергілікті өкілді органдар (мәслихаттар) айқындайды). Пикеттеуді қоспағанда, басқа жерлерде бейбіт жиналыстар өткізуге тыйым салынады. Бейбіт жиналыстар әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті уақыты бойынша бейбіт жиналыстар өткізілетін күні сағат 9-дан ерте бастала алмайды және сағат 20-дан кеш аяқтала алмайды. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға келесі әрекеттер жатады:

- 1) бейбіт жиналыстарға ықтимал қатысушыларды хабардар ету;
- 2) бейбіт жиналыстар өткізу туралы хабарлама немесе жергілікті атқарушы органға келісім алу туралы өтініш беру;
- 3) мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың құзыреті шегінде бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыларға бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде медициналық және өзге де қажетті көмек көрсетуге жәрдем көрсету;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған кез келген тәсілдермен үгіт жүргізу;
- 5) бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушының мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулық сақтауды, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында бейбіт жиналыстарға қатысушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуі;
- 6) бейбіт жиналыстар өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету;
- 7) бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу мақсатында жасалатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттер.

*Митинг* – Қазақстан Республикасы азаматтарының қоғамдық маңызы бар мәселелер және (немесе) адамдардың және (немесе) органдардың, ұйымдардың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) бойынша белгілі бір уақытта белгілі бір жерде дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды, плакаттарды, транспаранттарды және өзге де көрнекі үгіт құралдарын пайдалана отырып немесе онсыз, талаптар қоя отырып немесе онсыз бірлесіп қатысуы;

*Шеру* – Қазақстан Республикасы азаматының немесе азаматтары тобының қоғамдық маңызы бар мәселелер және (немесе) адамдардың және (немесе) органдардың, ұйымдардың дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды, плакаттарды, транспаранттарды және өзге де көрнекі үгіт құралдарын пайдалана отырып немесе онсыз, талаптар қоя отырып немесе онсыз, қоғамдық маңызы бар мәселелер және (немесе) адамдардың және (немесе) органдардың, ұйымдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) бойынша көпшілік алдында пікір білдіру мақсатында белгілі бір маршрут бойынша жүріп өтуі;

*Демонстрация* – Қазақстан Республикасы азаматының немесе азаматтары тобының қоғамдық маңызы бар мәселелер және (немесе) адамдардың және (немесе) органдардың, ұйымдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) бойынша белгілі бір уақытта белгілі бір бағыт бойынша көлік құралдарын пайдалана отырып, дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды, плакаттарды, транспаранттарды және өзге де көрнекі үгіт құралдарын пайдалана отырып немесе пайдаланбай, талаптар қоя отырып немесе оларсыз жүзеге асырылатын жүріп-тұруы;

Бейбіт жиналыстарды пикеттеу, жиналыс, митинг нысанында өткізу туралы хабарламаны бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы жергілікті атқарушы органға (әкімдікке) қағаз жеткізгіште немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында, ол өткізілетін күнге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде береді. Жергілікті атқарушы органда хабарламаны тіркеу күні бейбіт жиналыстарды өткізу туралы хабарламаны беру күні болып табылады. ЖАО хабарлама бойынша қабылданған шешім туралы хабарлама тіркелген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Бейбіт жиналыстарды демонстрация, шеру нысанында өткізуге келісім алу туралы өтінішті бейбіт жиналысты ұйымдастырушы жергілікті атқарушы органға (әкімдікке) қағаз жеткізгіште немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында, ол өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде береді. Өтінішті жергілікті атқарушы органда тіркеген күн келісім алу туралы өтініш берілген күн болып табылады. ЖАО өтініш бойынша қабылданған шешім туралы өтініш тіркелген күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде хабарлайды.

### ***Сайлау алдындағы үгітті жүргізу құқығы***

Мемлекет азаматтарға және қоғамдық бірлестіктерге «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес кандидатқа, саяси партияға немесе оларға қарсы еркін үгіт жүргізу құқығына кепілдік береді.

Конституциялық заңға сәйкес сайлау қорларын құрмайтын азаматтар, қоғамдық бірлестіктер қаржыландыруды талап етпейтін сайлау алдындағы үгіт жүргізуге құқылы.

Кандидаттарда «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес үгіт науқаны аяқталғанға дейін өздерінің сайлау алдындағы бағдарламаларын баспасөзде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында үгіттеуге және насихаттауға құқығы бар.

Сайлау алдындағы үгітті жүргізу үшін кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізуінің тең жағдайларына кепілдік беріледі.

Кандидаттар телевизиядағы сайлау алдындағы пікірсайыстарға қатыса алады, оларды тиісті аумақтық сайлау комиссиялары ұйымдастыруға құқылы.

### ***Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл***

Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 25 маусымдағы № 90/178 қаулысымен «Қазақстан Республикасының Президентін, Парламенті, мәслихаттары депутаттарын, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару

органдарының мүшелерін сайлауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және ақпараттық қолдау арқылы сайлауалды үгіт жүргізу ережелері» бекітілді, Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 25 тамыздағы № 12/203 қаулысының редакциясында қолданады [23].

Бұқаралық ақпарат құралдары саяси партиялардың сайлау науқанын объективті жария етуді жүзеге асыруға; кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне көрінеу нұқсан келтіретін үгіт материалдары мен өзге де ақпаратты жариялаудан қалыс қалуға міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдары барлық кандидаттарды және партиялық тізімдерді ұсыну, оларды сайлау комиссияларының тіркеуі жөніндегі іс-шаралар туралы ақпаратты баспасөз бетіндегі орны, эфир уақыты бойынша бірдей көлемде таратуға міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдары тиісті сайлау комиссияларына «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңда белгіленген сайлау алдындағы науқан барысы туралы ақпаратты және хабарларды жариялау мүмкіндігін дереу береді.

Сайлау комиссияларының хабарларын мерзімді баспасөз басылымдары арқылы республикалық және жергілікті бюджеттерден қарастырылған қаражаттан орналастыру ережелері мен көлемі ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 25 тамыздағы № 12/201 қаулысымен бекітілді.

Кандидаттар не олардың сенім білдірген адамдары болып тіркелген журналистердің, бұқаралық ақпарат құралдары редакциялары лауазымды адамдарының сайлауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетуге қатысуына құқығы жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген кандидаттарға шарттық негізде эфир уақытын, баспасөз бетінен орын береді. Кандидаттарға бұқаралық ақпарат құралдарында эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беру туралы шарттың талаптары белгілі бір кандидатқа артықшылық жасамауға тиіс.

Осыған байланысты «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның эфир және баспасөз бетінен орын бергені үшін төлемнің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарының уақтылы жариялау талаптарына ерекше көңіл бөлу қажет. Көрсетілген қызметтерді тиісті бұқаралық ақпарат құралы сайлау алдыңғы үгіт жүргізу басталардан бес күн бұрын хабарларлауға және жариялауға тиіс. АСК-лар өз кезегінде бұқаралық ақпарат құралдары ұсынған мәліметтерді өздерінің интернет-ресурстарына орналастырады.

Бұқаралық ақпарат құралдары эфир және баспасөз бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер жарияланғанға дейін кандидаттардың үгіт материалдарын орналастыру, тарату үшін эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бере алмайды.

Сайлау алдындағы үгіт кезеңінде кандидаттардың сайлау алдындағы үгітіне байланысты мерзімді баспасөз басылымының таралымы барлық кандидаттар үшін бірдей болуға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралы кандидаттардың біріне эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бөлуге берген келісімі басқа кандидаттарға эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бөлуге келісім беруі болып табылады.

Кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарына шығу кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретімен не егер өтініштер бір мезгілде келіп түссе, жеребе бойынша белгіленеді.

Қоғамдық пікір сұрауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген, қоғамдық пікір сұрауды жүргізудегі кемінде бес жылдық тәжірибесі бар, ҚР ОСК-ға тиісті құжаттардың көшірмелерін жібере отырып, алдын ала жазбаша түрде хабардар еткен заңды тұлғалар жүргізуге құқылы. ҚР ОСК-ға жіберілетін хабарламада сұрау салуды жүргізуге қатысқан және осы салада тәжірибесі бар мамандар туралы, қоғамдық пікірді сұрау жүргізілетін өңірлер туралы және пайдаланылған талдау әдістері туралы ақпарат көрсетіледі.

Дауыс беру күнінен бес күн бұрын және дауыс беру күні қоғамдық пікірді сұрау нәтижелерін, сайлау нәтижелерінің болжамын, сайлауға байланысты басқа зерттеулерді, интернетте кандидаттарды қолдауға дауыс беруге жариялауға жол берілмейді.

Дауыс беру күні үй-жайда немесе сайлау учаскесінде қоғамдық пікірді сұрауға тыйым салынады.

Қоғамдық пікірге сұрау салуды жүргізген үшін тиісті құжаттарды ұсыну тәртібін ҚР ОСК белгілейді.

### ***Жергілікті атқарушы органдардың үгіт жүргізу мәселелеріндегі құзыреті***

Жергілікті атқарушы органдар кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай береді. Үй-жай беру шарты барлық кандидаттар үшін бірдей және тең болуға тиіс.

Сайлау комиссиялары жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, бөлінген үй-жайда кандидаттардың сайлаушылармен кездесулер кестесін жасайды және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Жергілікті атқарушы органдар тиісті сайлау комиссияларымен бірлесіп барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілейді және оларды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарақтандырады. Үгіттік баспа материалдары барлық кандидаттар үшін тең құқықтар қамтамасыз ететін жағдайда орналастырылады.

### ***Кандидаттың сайлау алдындағы бағдарламасы***

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидат өзінің болашақ қызметінің сайлау алдындағы бағдарламасымен таныстырады. Сайлау алдындағы бағдарламада республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құру идеялары уағыздалмауға тиіс.



Аталған талаптар бұзылған жағдайда тиісті сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуден бас тартуға, ал кандидат тіркелгеннен кейін мұндай сайлау алдындағы бағдарламаны ұсынған жағдайда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға құқылы.

### **Сенім білдірілген адамдар**


Кандидаттар өздеріне сайлау науқанын жүргізуге көмектесетін, сайлау алдындағы үгітті жүргізетін, кандидаттар мүдделерін білдіретін сенім білдірілген адамдары болуына құқылы.

Кандидаттар сенім білдірілген адамдарын өздерінің қалаулары бойынша тиісті сайлау округіндегі әр сайлау учаскесіне үш адамнан аспайтын санда анықтайды және оларды тіркеу үшін тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды.

Кандидаттар сенім білдірілген адамдар ретінде ұсынған адамдар тиісті сайлау комиссиясына өзінің сенім білдірілген адам болуға келісетіні туралы өз өтінішін табыс етеді. Сайлау комиссиясы сенім білдірілген адамдарды тіркегеннен кейін оларға тиісті куәліктер береді.

Сенім білдірілген адам Қазақстан Республикасының азаматы болуға, қандай да бір сайлау комиссиясының мүшесі немесе мемлекеттік саяси қызметші лауазымындағы адам болмауы тиіс.

Сенім білдірілген адамдар Қазақстан Республикасының саяси партиялары, өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушыларының құқықтарын иеленеді, міндеттеріне ие болады және кандидат өздеріне жазбаша нысанда берген өкілеттіктері шегінде әрекет етеді.



17-сурет. Сенім білдірілген адамдарға заңмен белгіленген талаптар

Заңға сәйкес сенім білдірілген адамдар сайлау алдындағы үгітті жүргізетіндіктен, сенім білдірілген адамдарды тіркеу кезінде сайлау комиссиялары жеке тұлғалардың үгіт жүргізуі үшін белгіленген шектеулерді де ескереді.

ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2011 жылғы 21 қарашадағы № 62/108 қаулысымен Сенім білдірілген адамдарды тіркеу жөніндегі нұсқаулық бекітілді, оған ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 23 тамыздағы № 11/194 қаулысымен өзгерістер енгізілді [25]. Нұсқаулықта сенім білдірілген адамдарды

тіркеу рәсімі нақтыланды, оның ішінде кандидаттың өтініші мен сенім білдірілген адам болуға келісетіні туралы өтінішінің нысаны бекітілді.

Сенім білдірілген адамдар сайлау науқаны аяқталғаннан кейін, өз бастамасымен, кандидаттың шешімімен, сондай-ақ кандидатты тіркеудің күші жойылған, «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заң бұзылған жағдайларда өз мәртебесінен айырылады.

*Үгіттің аяқталуы.* Сайлау күні және оның қарсаңындағы күні кез келген сайлау алдындағы үгітке тыйым салынады.

### **3.6. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қаржыландыру**

#### ***Сайлауды мемлекеттік қаржыландыру***

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау осы мақсаттар үшін ашылатын жергілікті атқарушы органдардың шоттары арқылы жергілікті бюджет қаражатынан қаржыландырылады. Осы мақсаттағы бюджет қаражатына билік етуді аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады. Қаржыландыру тәртібі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен белгіленеді.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарға сайлауды ұйымдастыру мен өткізуге бөлінетін қаражаттың мөлшерін тиісті облыстық сайлау комиссиясы айқындайды.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін сайлау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сайлау комиссияларын ұйымдастыруға және олардың қызметіне, үй-жайларды жалға алуға, іссапар шығыстарына, кандидаттардың сайлау алдындағы жария іс-шараларын өткізуге және кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын шығаруға, кандидаттардың көлік шығыстарына, сайлау комиссиясының үй-жайында және дауыс беруге арналған үй-жайда орналастырылатын әкімдікке кандидаттар туралы ақпараттық плакаттарды дайындауға арналған шығыстар жабылады.

Сайлау комиссияларының төрағалары ақшалай қаражатқа билік етеді және қаржылық құжаттардың қаржы мәселелері бойынша сайлау комиссияларының шешімдеріне сәйкестігі үшін жауапты болады.

Сайлау науқанын өткізуге бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тиісті сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша аталған бақылауды жүргізуге өздерінің құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдардың мамандары тартылуы мүмкін.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды сайлауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі бюджеттік бағдарламаны іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен

бекітілген бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларында айқындалады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жергілікті атқарушы органдарға аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау кезінде сайлау іс-шараларын өткізуге арналған шығыстар бойынша операцияларды есепке алуға арналған арнайы шоттар (бұдан әрі – аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қаржыландыруға арналған шоттар) ашуды жүзеге асырады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің сайлауын қаржыландыру үшін шоттар ашқаннан кейін тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің сайлауын қаржыландыру үшін шоттың нөмірі мен ашылған күні туралы әрбір облыстық, аудандық аумақтық сайлау комиссиясын жазбаша хабардар етеді.

Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қаржыландыру үшін шот бойынша операциялар жүргізу үшін аумақтық сайлау комиссиясының аумақтық қазынашылық бөлімшесіне сайлау комиссиясының төрағасын тағайындау туралы шешімінің көшірмесін және қойылған қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар, нотариат куәландырған құжатты ұсынады.

Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды мемлекеттік қаржыландыруды облыстық бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілері міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына және шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптамасына сәйкес жүзеге асырады. Жеке қаржыландыру жоспарлары қазынашылықтың тиісті аумақтық бөлімшелеріне ұсынылады.

Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды өткізуге бюджет қаражатын жұмсау тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің облыстық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын операцияларды есепке алу үшін ашылған арнайы шоттарынан жүргізіледі. Бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілері тиісті сайлау комиссияларының төрағаларына азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау және төлемдерді жүзеге асыру үшін міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларын жеткізеді. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) беруге арналған шарттарды тиісті сайлау комиссияларының төрағалары тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында көзделген сомалар шегінде ақша алушылармен және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1161 қаулысымен бекітілген ҚР-дағы сайлау туралы заңнамасында көзделген тауарлар мен қызметтердің тізбесіне сәйкес жасайды.

Сайлауды әзірлеу мен өткізу уақытында жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне қолдардың және мөр бедерінің үлгілері бар құжатты ұсынады. Бұл ретте бірінші қол қою құқығы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасына беріледі, екінші қол қою құқығы тиісті әкім аппаратының бас бухгалтеріне (қаржы қызметінің басшысына) тиесілі болады.

Құжат жергілікті атқарушы органның елтаңбалық мөрінің үлгісі, аумақтық сайлау комиссиясын сайлау туралы тиісті мәслихат шешімінің (аумақтық сайлау комиссиясының мүшесін – оны мәслихат сайлағанға дейін шығып қалған адамның орнына аумақтық сайлау комиссиясының төрағасын тағайындау туралы жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімі) нөмірі мен күні көрсетіле отырып ресімделуге тиіс.

Аумақтық комиссия төрағасының аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің сайлауын қаржыландыру үшін шоттан қаражат жұмсауға өкілеттігі аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды дайындау мен өткізу, қайтадан дауыс беру не қайта сайлау мерзіміне және олар аяқталғаннан кейін күнтізбелік алпыс күнге дейін, бірақ ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанынан кешіктірмей (егер сайлау қазанның соңғы жексенбісінде өткізілген жағдайда) белгіленеді.

Жалақыны және басқа да ақшалай төлемдерді, міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды қайтару жөніндегі төлемдерді жүргізу үшін жергілікті атқарушы органдар белгіленген мерзім өткеннен кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қайтару сомалары бойынша төлемдерді аудару үшін күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімге қойылған қолдар мен мөр бедерінің уақытша үлгілерін ұсынады.

АСК төрағасының қаражатты жұмсауға өкілеттік мерзімі қаржы жылының соңына түскен жағдайларда, сайлау бойынша төлемдер жүргізуді «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (ҚБЕО) төлем жүйелерінде жұмысты ұйымдастыру үшін қаржы жылы аяқталғаннан кейін қазынашылық органдары жүзеге асырады.

Облыстық бюджет қаражатынан мыналарға арналған мынадай шығыстар жабылады:

1) сайлау комиссияларын ұйымдастыру мен олардың қызметі: сайлау комиссияларының мүшелерінің жалақысы; сайлау комиссиялары мүшелерінің қосымша еңбегіне ақы төлеу; техникалық қамтамасыз ету (компьютерлер, ұйымдастыру техникасын сатып алу, жабдықтарды жалға алу және жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ дауыс беруге арналған құралды сатып алу және дайындау); көлік шығыстары; бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау; байланыс қызметтері, пошта-телеграф шығыстары; еңбек келісімдері негізінде техникалық персонал орындайтын полиграфиялық шығыстар; кеңсе және шаруашылық тауарларын, ұрандар, плакаттар, мемлекеттік рәміздер үшін материалдар сатып алу;

- 2) үй-жайларды жалға алу;
- 3) іссапар шығыстары;
- 4) кандидаттардың сайлау алдындағы жария іс-шараларын өткізу және кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын шығару;
- 5) кандидаттардың көлік шығыстары;
- 6) сайлау комиссиясының үй-жайы мен дауыс беруге арналған пунктте орналастырылатын әкімдікке кандидаттар туралы ақпараттық плакаттар дайындау.

АСК төрағаларына тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі іссапар шығыстарын өтеу мемлекеттік мекемелердің басшылары мен басшыларының орынбасарлары, ал учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары мен сайлау комиссияларының мүшелері үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысымен бекітілген бюджет қаражаты есебінен, оның ішінде Шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу туралы Қағидаларда мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады.

Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауды өткізуге бөлінген бюджет қаражатын пайдалану бойынша бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **3.7. Сайлау бостандығының кепілдіктері. Шағымдар мен өтініштерді қарау**

Қазақстан Республикасының сайлау құқығы азаматтардың сайлау құқықтарының олардың еркін білдіруін қамтамасыз ететін негізгі кепілдіктеріне құрылады. «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 2-бабына сәйкес Республикадағы сайлау республика азаматының сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделеді.

Азаматтардың сайлау құқығы кемсітушіліктің кез-келген түрінен қорғалған. Қазақстан Республикасының азаматы жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, шығу тегіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, нанымына, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, сондай-ақ басқа да жағдайларға қарамастан сайлау және сайлана алады деп айқындалған («ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 4-бабы).

Сайлау бостандығының кепілдіктері азаматтардың өз сайлау құқықтарын кедергісіз және тиімді пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасауға тиіс.

Азаматтардың сайлау құқықтарының конституциялық кепілдіктері халықаралық-құқықтық актілерде, Конституцияда және Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген сайлау құқығының принциптері болып табылады: жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы, тікелей және жасырын дауыс беру, сайлауға еркін және ерікті қатысу және т.б. (осы ОӘК-нің 1-тақырыбының 1.2-бөлімін қараңыз).

Сайлау бостандығының кепілдіктері заңды (тек заңды тәсілдермен қамтамасыз етіледі) және материалдық (мемлекет сайлау бойынша негізгі шығыстарды өз мойнына алады) болып бөлінеді.

Атап айтқанда, құқықтық кепілдіктерге мыналар жатады:

- азаматтардың сайлаушылар тізімдеріндегі өзі туралы деректерді тексеруге және тізімге енгізілмегені, дұрыс енгізілмегені немесе тізімнен шығарып тасталғаны, сондай-ақ тізімдердегі сайлаушы туралы деректерде жаңсақтық жіберілгені үшін шағымдануға құқылы («ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 26-бабы, 4-т.);

- сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген үгітке тыйым салу (32-бап, 1-т.);

- «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның бұзылуы анықталған кезде сайлау комиссиясы сотқа не прокуратураға жүгінуге құқылы (50-бап, 3-т.) және т.б.

«Сайлау бостандығының кепілдіктері» деген 9-тарауында кандидаттар қызметінің сайлау науқаны барысындағы кепілдіктері және мемлекеттік органдардың сайлау бостандығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметін айқындайтын ережелер қамтылған.

Мысалы, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттар тіркелген күнінен бастап және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін жұмыстан, әскери қызметтен және әскери жиындардан босатылуға құқылы. Кандидаттың сайлауға қатысу уақыты ол тіркелген күнге дейін жұмыс істеген мамандығы бойынша еңбек өтіліне есептеледі.

Кандидаттар тіркелген күнінен бастап және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін олардың келісімінсіз жұмыстан шығарылмайды, басқа жұмысқа немесе лауазымға ауыстырылмайды, сондай-ақ оларды іссапарға жіберуге немесе әскери жиындарға шақыруға болмайды.

Соттар, прокуратура және ішкі істер органдары, сондай-ақ тұрғын үй қорын пайдалану жөніндегі ұйымдар үшін дауыс беру күні және оның алдындағы күн жұмыс күні болып табылады.

Ішкі істер органдары мен тұрғын үй қорын пайдалану жөніндегі ұйымдар дауыс беруді өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен сайлау бостандығын қамтамасыз ету, сайлаушылар тізімдерін нақтылау және сайлау комиссияларының қызметінде туындайтын басқа да мәселелер бойынша көмек көрсетуге міндетті.

Жергілікті атқарушы органдар сайлау комиссияларына мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа жәрдемдесуге міндетті.

«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңында сайлау заңнамасын бұзатын адамдардың заңды жауапкершілігін көздейтін құқық бұзушылықтар тізбесі бар (50-бап).

Тұлға сайлау комиссиясының жұмысына араласқан; дауыс беруге кедергі келтірген; кандидатты, партиялық тізімдерді тіркеуге байланысты міндеттерді

орындауға кедергі келтірген; дауыстарды санауға және сайлау қорытындыларын анықтауға байланысты міндеттерді орындауға кедергі келтірген; кандидатты, саяси партияны сайлау мақсатында өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдаланған; сайлау құжаттарын қолдан жасаған; дауыстарды көрінеу қате санаған; сайлау нәтижелерін көрінеу қате айқындаған; дауыс беру құпиясын бұзған; республика азаматының өз сайлау құқығын еркін жүзеге асыруына зорлық-зомбылық жасау, алдау, қорқыту, сатып алу жолымен кедергі келтірген жағдайда заңмен белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.

Тұлға осы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес мәліметтерді бермеген немесе жарияламаған, сайлау комиссиясының өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімін орындамаған, сайлау алдындағы үгітті кандидатты, саяси партия ұсынған партиялық тізімді тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау күні не соның алдындағы күні жүргізген, сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кедергі келтірген, кандидаттар, саяси партиялар туралы көрінеу жалған мәліметтер таратқан немесе олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін өзге де іс-әрекеттер жасаған, сайлау комиссиясы мүшелерінің құқықтарын бұзған, азаматтардың сайлаушылар тізімімен танысу құқығын бұзған, сайлаушылар тізімдерін жасау үшін сайлаушылар туралы жалған мәліметтер берген, басқа адамдар үшін дауыс беру мақсатымен азаматтарға сайлау бюллетеньдерін берген, сайлауға қатысу үшін демалыс бермеген, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізу талаптарын бұзған, анонимді үгіт материалдарын дайындаған немесе таратқан, үгіт материалдарын қасақана жойған немесе зақымдаған, кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға олардың сайлау қорларынан тыс қаржылық (материалдық) қолдау көрсеткен, кандидатты сайлау үшін шет мемлекеттерден, ұйымдардан, азаматтардан, азаматтығы жоқ адамдардан қайырмалдық алған, сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сұрау салу жүргізудің талаптарын бұзған, сайлауда кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен байқаушылардың заңды қызметіне кедергі келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген әкімшілік және өзге де жауаптылықта болады. Бұзушылықтар анықталған кезде сайлау комиссиясы сотқа не прокуратураға жүгінуге құқылы.

***Сайлау науқаны барысында сайлау комиссияларының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау және олардың күшін жою***

Сайлаудың демократиялық рәсімін сақтау азаматтарға сайлау туралы Заңның сақталмау фактілеріне шағымдану құқығын берместен мүмкін емес.

Сайлау комиссиялары өз құзыреті шегінде өтініштердің қаралуын қамтамасыз етуге, олар бойынша тиісті шаралар қолдануға және заңдарда белгіленген тәртіп пен мерзімде дәлелді жауаптар жіберуге тиіс.

Сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңінде сайлау комиссияларында азаматтардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастыру Қазақстан

Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес жүзеге асырылады (49-бап).

Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар деп бекітілген (33-баптың 1-тармағы).

«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 20-бабының 9-тармағына сәйкес сайлау комиссиясының шешімдеріне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шешім қабылданған немесе іс-әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап он күннің ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына және (немесе) сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Бұл соңғы мерзім болып табылады, себебі, осы мерзімдер аяқталғаннан кейін сайлау комиссиясының шешіміне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) өтініш қарауға жатпайды, іс жүзінде көбінесе солай болады.

Өтініштер сайлау комиссиясы мен сотта бір мезгілде қаралған кезде, сайлау комиссиясы сот шешімі күшіне енгенге дейін өтінішті қарауды тоқтата тұратынын ескеру қажет. Бұл жағдайда сот келіп түскен өтініш және оны қарау нәтижелері бойынша сот шешімінің заңды күшіне енгені туралы сайлау комиссиясына хабарлайды. Бұл принцип міндетті түрде сақталуға тиіс. Сайлау комиссиялары өтінішті қарауды тоқтата тұрмаған жағдайларда, сол дау бойынша сот талқылауы туралы оларға көрінеу белгілі болса да, артық әуре-сарсаңға салу сайлау комиссиясының да, өтініш берушінің де уақытын алады.

«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 49-бабына сәйкес азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы өтініштерін, егер осы заңда өзгеше көзделмесе, сайлау комиссиялары шағым түскен күннен бастап бес күннің ішінде қарайды.

Сайлау комиссиясының және оның мүшелерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымды, егер осы Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, жоғары тұрған комиссия шағым түскен күннен бастап үш күннің ішінде қарайды.

Назар аудару **МАҢЫЗДЫ** болып табылатын мерзімдегі айырмашылық:

азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы өтініштерін қарау мерзімі – 5 күн;

сайлау комиссиясы мен оның мүшелерінің шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарау мерзімі – 3 күн.

Егер шағым сайлау комиссиясының мүшесіне, оның ішінде дауыс беруге арналған үй-жайда түскен жағдайда, өтініш/шағым қарау және жазбаша жауап дайындау үшін 3 күн ішінде АСК-ға қайта жіберілуі тиіс.

Заң бұзушылықтар анықталған жағдайда, «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 10-бабының 7-тармағына сәйкес сайлау комиссиясының қызметі сайлау комиссиясын құратын органның шешімі бойынша немесе Орталық сайлау комиссиясының өтініші негізінде сот шешімімен тоқтатылуы мүмкін.



Егер «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, соттар мен прокуратура органдары сайлау комиссиялары мүшелерінің, азаматтардың, заңда белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің дауыс беруді өткізу мәселелеріне қатысты, оның ішінде сайлау туралы заңнаманы бұзушылықтар туралы сайлауға дайындық пен оны өткізу кезеңінде келіп түскен арыздарын қабылдауға және оларды – бес күн мерзімде, ал дауыс беруге дейін кемінде бес күн қалғанда және дауыс беру күні келіп түскендерін дереу қарауға міндетті.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда әрбір азамат сайлау комиссиясының тізімге енгізбеу, дұрыс енгізбеу немесе тізімнен шығару, сондай-ақ сайлаушылар туралы деректерде тізімде жіберілген дәлсіздіктер мәселесі жөніндегі шешіміне ол келіп түскен күні қарайтын сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағымдануға құқылы екендігі регламенттелген. Өтініш беруші үшін оң шешім болған кезде сайлау комиссиясы сайлаушылар тізіміне түзетуді немесе енгізілмеген сайлаушыны тізімге енгізуді дереу жүргізеді.

### ***Бұзылған сайлау құқықтарын сот арқылы қорғау туралы***

Қазақстан Республикасының Конституциясында әрбір азаматтың құқықтарын сот арқылы қорғау кепілдігін бекітудің ерекше маңызы бар (13-бап).

Азаматтардың құқықтарына, егер олар бұзылған жағдайда, сотқа шағыммен жүгінуге және қолданыстағы заңнамаға сәйкес қорғауды алуға құқылы болса ғана кепілдік беріледі деп санауға болады. Азаматтардың олардың сайлау құқықтарының бұзылуына шағымдарын қараудың сот тәртібі сайлау комиссиялары жүргізетін әкімшілік тәртіпке қарағанда анағұрлым маңызды артықшылықтарға ие. Сот істерін қараудың ерекше іс жүргізу тәртібі тараптарға қажетті құқықтар береді және олардың шынайы іске асырылуына кепілдік береді.

Әрбір жеке адамның жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы конституциялық болып табылады. Кандидаттар, саяси партиялар туралы көрінеу жалған мәліметтер тарату немесе олардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін өзге де әрекеттер жасау сайлаудың түпкілікті нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін. Бұл әрекеттерді жасау әкімшілік сот ісін жүргізуді қараудың мәні болып табылады. Соттың бұзылған құқықтарды қорғауы оларды қамтамасыз етудің айқындаушы кепілі болып табылады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін сайлау процесінің негізгі кезеңдерін атаңыз.
2. Аумақтық сайлау комиссиясының негізгі құзыреттерін атаңыз.
3. Күнтізбелік жоспар дегеніміз не? Күнтізбелік жоспарды бекіту рәсімі.
4. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидаттар ұсыну тәсілдері.
5. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидаттарға қойылатын талаптарды атап өтіңіз.
6. Қандай құжаттар болған кезде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидаттың сәйкестік хаттамасы жасалады.
7. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидатты тіркеу тәртібін атаңыз.
8. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне кандидаттарды тіркеу туралы хабарлама жергілікті БАҚ-та қандай мерзім ішінде жариялануы тиіс?
9. Қандай жағдайларда кандидатты тіркеуден бас тарту, ал қайсысында кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жою ресімделеді?
10. Сайлау алдындағы үгітті жүргізудің қандай нысандары бар?
11. Сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізу кезінде қолданыстағы заңнамада қандай тыйымдар айқындалған?
12. Үгіттік баспа материалдарына қойылатын негізгі талаптарды атаңыз.
13. Кандидаттың сенім білдірілген адамы болуға тыйым салынған адамдардың санаттарын атаңыз.
14. Қандай мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін дауыс беру күні және оның қарсаңындағы күн жұмыс күні болып табылады?
15. Сайлау науқаны барысында өтініштерді қарау, шешімдер мен іс-әрекеттерге шағымдану және олардың күшін жою тәртібі қандай?

**Практикалық сабаққа арналған тапсырма (топтардағы жұмыс):**

1. Дауыс беруге арналған үй-жайдағы тәртіп қағидаларының жобасын әзірлеу.
2. Кандидаттар мен сенім білдірілген адамдарға арналған жаднама жобасын әзірлеу.
3. ауылдық деңгейдегі әкімдікке кандидаттарды тіркеу кезеңінде аумақтық сайлау комиссияларының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жұмысының алгоритмін әзірлеу.

## **4-тақырып. АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРДЫҢ, АУЫЛДАРДЫҢ, КЕНТТЕРДІҢ, АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕРДІҢ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ БОЙЫНША ДАУЫС БЕРУ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ**

**Мақсаты:** Тыңдаушыларды аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау қорытындыларын айқындау және дауыс беру рәсімдерінің негізгі ережелерімен таныстыру.

### **Жоспар:**

4.1. Сайлаушылар тізімдері.

4.2. Дауыс беруге арналған үй-жайды жабдықтау.

4.2.1. Мүмкіндіктері шектеулі сайлаушылар үшін жағдайлар жасау.

4.2.2. Учаскелік сайлау комиссиясының дауыс беру күнінің қарсаңындағы күнгі жұмысы.

4.3. Сайлау күні сайлаушылардың дауыс беруін ұйымдастыру.

4.4. Дауыстарды санау және дауыс беру қорытындыларын анықтау кезіндегі учаскелік сайлау комиссиясы іс-қимылдарының тәртібі.

4.5. Ауылдық деңгейдегі әкімдерді сайлау қорытындыларын анықтау және жариялау.

Дауыс беру, дауыстарды санау, сайлау нәтижелерін анықтау және оларды жариялау процедурасы – «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 7-тарауының 37, 44-баптарымен реттелетін сайлау процесінің басты сатыларының бірі. Дәл осы кезеңде халықтық ерік білдіру жүзеге асырылады және аяқталады, оның нәтижелері бойынша кандидат жеңімпаз деп жарияланады немесе келесі турға қатысу құқығын алады.

### **4.1. Сайлаушылар тізімдері**

Сайлаушылар тізімдері белсенді сайлау құқығын іске асырудың практикалық құралы болып табылады. Бұл азаматты сайлау учаскелерінің бірінде сайлаушылар тізіміне енгізу, оған сайлау бюллетенін беру үшін негіз болып табылады.

Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімін тиісті жергілікті атқарушы орган жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқордың негізінде жасайды [27].

Азаматты белгілі бір сайлау учаскесінде сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болып табылады.

Уақытша тіркелген азаматтар жергілікті атқарушы органға өтініш беру негізінде, тұрақты тіркелген жеріндегі тізімнен шығарыла отырып, сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Заңнамаға сәйкес сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімін тиісті жергілікті атқарушы орган жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқордың негізінде жасайды.

Әрбір сайлаушы сайлау жарияланған немесе тағайындалған кезден бастап тиісті жергілікті атқарушы органда сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.

Егер сайлаушыға сайлаудан кемінде отыз күн бұрын сайлау күні өзінің тіркелген орны бойынша дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігінің болмайтыны белгілі болса, ол өзінің болатын жері бойынша жергілікті атқарушы органға өзін тиісті сайлаушылар тізіміне енгізу жөнінде жазбаша өтініш беруге құқылы. Азамат өтініш жасаған кезде жергілікті атқарушы орган азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен алып тастауды және оны сол азамат дауыс беретін учаскенің сайлаушылар тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

Сайлаушылар тізімдері әліпбилік немесе басқа ретпен жасалады. Тізімде тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған жылы (он сегіз жасқа толғанда – қосымша күн мен ай), жеке сәйкестендіру нөмірі және сайлаушының тұрғылықты жерінің мекен-жайы көрсетіледі.

Сайлаушылар тізімдеріне:

1) белсенді сайлау құқығы бар Республика азаматтары;  
2) тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша азаматтар енгізіледі;

3) демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, Қазақстан Республикасына қарайтын және дауыс беретін күні жүзуде жүрген кемелерде құрылған сайлау учаскелері бойынша аталған мекемелердің басшылары, тиісті әкімдер мен кеме капитандары берген деректер негізінде барлық азаматтар;

4) әскери бөлімдерде, әскери бөлімдердің командирлері ұсынған ақпарат негізінде әскери бөлімдерде орналасқан барлық әскери қызметшілер, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері және әскери бөлімдер орналасқан жерлерде тұратын басқа сайлаушылар кіреді. Әскери бөлімдерден тыс жерде тұратын әскери қызметкерлер жалпы негізде тұрғылықты жер бойынша сайлаушылар тізіміне енгізіледі;

Орта арнаулы және жоғары оқу орындарындағы студенттер, сонымен қатар жатақханада тұратын жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің күндізгі оқудың кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша оқитындар жатақхана орналасқан жерде сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады.

Әрбір сайлау учаскесі бойынша сайлаушылар тізіміне өзінің шешімімен учаске құрылған әкім қол қояды және ол дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын акт бойынша ұсынылады.

Сайлаушылар тізімдерін жергілікті атқарушы органдардың сайлау комиссияларына ұсынуы дербес деректер және оларды қорғау, ақпараттық қауіпсіздік туралы заңнаманың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Учаскелік сайлау комиссияларының өкілеттіктеріне сайлаушылармен танысу үшін тізімдерді ұсыну және қажет болған жағдайда тізімге өзгерістер енгізу туралы, жоғары тұрған сайлау комиссиясын хабардар ету кіреді.

Учаскелік сайлау комиссияларының өкілеттіктеріне тізім алынған сәттен бастап дауыс беру уақыты аяқталғанға дейін жүзеге асырылатын сайлаушылар тізімдерін нақтылау кіреді.

Сайлаушылар тізімін алғаннан кейін 5 күн ішінде комиссия тізіммен өздігінен жұмыс істейді – ол учаскенің шекараларындағы үйлердің барлығы тізімге енгізілгенін, заңды мекенжайлардың сәйкестігін анықтайды, қажет болған жағдайда, сайлау учаскесін аралап тексереді. Сайлау учаскесінің аумағында сайлау комиссиясының орналасқан жері мен оның жұмыс уақыты көрсетіліп, сайлаушылар тізімдерін салыстыру туралы ақпарат орналастырылады.

Дауыс беруге **15 күн қалғанда** тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімдері сайлаушыларға танысу үшін ұсынылады. Осы кезеңде сайлау учаскесінде сайлау комиссиясы мүшелерінің үзіліссіз, тұрақты кезекшілігін ұйымдастыру қажет.

Азаматтарға учаскелік сайлау комиссияларының үй-жайларында сайлаушылардың тізімдерімен танысу, сондай-ақ оларға енгізілген сайлаушылар туралы деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Азамат тек өзі туралы деректерді және жеке басын куәландыратын құжатын көрсеткен кезде ғана тексере алады. Сайлаушылар тізімін ақпараттық стендке және басқа да көпшілікке қолжетімді орындарға орналастыруға рұқсат етілмейді.

Әрбір азамат сайлаушылар тізімдеріндегі өзі туралы деректерді тексеруге және тізімге енгізілмегені, дұрыс енгізілмегені немесе тізімнен шығарып тасталғаны, сондай-ақ тізімдердегі сайлаушы туралы деректерде жаңсақтық жіберілгені үшін шағымдануға құқылы.

Жоғарыда көрсетілген сәйкессіздіктер анықталған жағдайда УСК сайлаушының сайлаушылар тізіміне енгізу, олардан алып тастау не сайлаушылар тізіміне түзетулер енгізу қажеттігі туралы жазбаша өтінішін қарайды. Өтініштерді тиісті сайлау комиссиясы өтініш сайлау комиссиясына келіп түскен күні қарайды. Арызданушы үшін дұрыс шешім қабылданған жағдайда сайлау комиссиясы сайлаушылар тізіміне түзетуді немесе енгізілмеген сайлаушыны тізімге енгізуді **дереу** жүргізеді. УСК бұл туралы жоғары тұрған сайлау комиссиясына хабарлайды.

Арыз мақұлданбаған жағдайда сайлау комиссиясы арызданушыға оның арызының мақұлданбағаны туралы дәлелді шешімнің көшірмесін кешіктірмей береді. Шешімге сайлау комиссиясы орналасқан жердегі тиісті сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Жалпы жұрттың танысуы үшін сайлаушылар тізімдерін ұсыну мен сайлау күні арасындағы кезеңде сайлаушы өзінің болатын орнын ауыстырған кезде учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушының өтініші бойынша және ол жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде сайлаушыға дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін береді. Бұл ретте сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады.

Есептен шығару куәлігі бір елді мекен шегіндегі басқа сайлау округінде немесе басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

#### **4.2. Дауыс беруге арналған үй-жайларды жабдықтау**

Сайлау комиссиялары азаматтардың дауыс беруге арналған үй-жайларда [24] немесе олардан тыс жерлерде өз еркін білдіруі үшін барлық жағдайдың қамтамасыз етілуі үшін шаралар қолданады.

Сайлау учаскесі орналасатын ғимаратта сайлау учаскесінің нөмірі көрсетілген дауыс беруге арналған үй-жайдың орналасқан жерінің көрсеткіштері ілінеді.

Егер бір ғимаратта бірнеше сайлау учаскесі орналасқан болса, барлық сайлау учаскелерінің нөмірлері көрсетілген көрсеткіштер ілінеді.

Дауыс беруге арналған үй-жайда арнайы бөлінген көрнекті орында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы орналастырылады, оның сол жағынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы тігіледі.

Дауыс беруге арналған үй-жайда орнатылады:

үстелмен немесе тұғырлықпен, қаламдармен жабдықталған жасырын дауыс беруге арналған кабиналар;

мөлдір материалдан жасалған сайлау жәшіктері – бір тұрақты және екі тасымалданатын;

сайлау комиссиясының мүшелеріне арналған үстелдер мен орындықтар;

байқаушыларға, сенім білдірілген адамдарға және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған орындықтар;

телефон аппараты, сейф немесе металл шкаф, калькулятор, үстел шамы, сағат.

Сайлау учаскесінде міндетті түрде көшіру аппараты, кемінде екі компьютер, олардың біреуі мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға арналған.

Сайлаушылар үшін қолжетімділік пен қолайлылықты ескере отырып, мынадай ақпаратты қамтитын ақпараттық стендтер орналастырылады:

1. Сайлау комиссиясының құрамы;
2. Жоғары тұрған сайлау комиссияларының, соттардың, прокуратура, құқық қорғау органдарының мекенжайлары мен телефон нөмірлерінің тізімдері;
3. Кандидаттар туралы бірыңғай нысандағы ақпарат;
4. Тиісті учаскелік сайлау комиссиясы белгілеген дауыс беруге арналған үй-жайдағы тәртіп қағидалары;

5. Сайлау бюллетеньдерінің үлгілері;
6. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін орналастыруға арналған орын.



18-сурет. Сайлау учаскесіндегі ақпараттық стендінің мазмұны

Дауыс беруге арналған үй-жайда сайлау бюллетеньдерін беретін орындар белгіленіп, жасырын дауыс беруге арналған кабиналар қойылады.

Дауыс беруге арналған тұрақты жәшік, дауыс беретін адамдар жәшікке жасырын дауыс беруге арналған кабиналар арқылы өтіп келетіндей, сондай-ақ сайлау комиссиясының мүшелері, байқаушылар, сенім білдірген адамдар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері сайлау жәшігін, жасырын дауыс беруге арналған кабиналарға кіруді және шығуды байқау мүмкіндігін қамтамасыз ете алатындай етіп қойылады.

Сайлау комиссияларының мүшелері орналасатын жерлерде «Төраға», «Төрағаның орынбасары», «Хатшы», «Комиссия мүшелері» жазулары, сондай-ақ әліпби әріптері немесе көшелердің атаулары және үйлердің нөмірлері бар көрсеткіштер орналастырылады.

Дауыс беруге арналған үй-жайда сондай-ақ:

- сайлау комиссиясының мөрі;
- кіріс және шығыс хат-хабарларын тіркеу журналы, байқаушыларды және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін тіркеу журналы, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу журналы;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңы, сондай-ақ өзге де ақпараттық-әдістемелік материалдар;
- дауыс беруге арналған жәшіктерге, сайлау құжаттамасына мөр басуға немесе пломба салуға арналған құралдар, пломбалар;
- кеңселік керек-жарақтар орналасады.

Дауыс беруге арналған үй-жайларда сайлау кезінде сайлау құжаттамасын, құралдарын және өзге де материалдарды сақтау қамтамасыз етіледі.

#### 4.2.1. Мүмкіндіктері шектеулі сайлаушылар үшін жағдайлар жасау

Дауыс беруге арналған үй-жайды жабдықтау кезінде *мүгедектігі бар сайлаушылардың* кедергісіз қол жеткізуі үшін жағдайлар қамтамасыз етілуі керек.

Дауыс беруге арналған үй-жайлар орналасатын ғимаратқа кіреберісте тұтқалар, төсеніштер, пандустар, көтеру тетіктері, сондай-ақ басқа да қажетті құрылғылар көзделуі қажет.

Дауыс беруге арналған үй-жайларда:

- әр түрлі тактильді көрсеткіштер (мүмкіндігінше);
- тірек-қозғалыс аппараты функциялары бұзылған, соның ішінде кресло-арбаларды пайдаланатын сайлаушылардың қолжетімділігі ескерілген, жасырын дауыс беруге арналған кабина(лар);
- мүмкіндіктері шектеулі азаматтар үшін төмендегілерді қамтитын арнайы жабдықталған орын (бұрыш) көзделуі қажет:
  - мониторлы компьютер (диагоналі кемінде 54 сантиметр), онда мүмкіндіктері шектеулі азаматтар үшін бейімделген форматта ақпарат орналасуы тиіс;
  - құлақаспаптар;
  - Брайль қарпінде орындалған сайлау туралы ақпараты бар арнайы папка;
  - қосымша жарықтандыру, ұлғайтқыштар.

#### 4.2.2. Учаскелік сайлау комиссиясының дауыс беру күнінің қарсаңындағы күнгі жұмысы

Дауыс беру күнінің қарсаңындағы күні учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күніне дайындық жұмыстарын аяқтайды, сайлау бюллетеньдерімен жұмыс жүргізеді, сайлау күнгі жұмыс үшін құжаттаманы дайындайды. Сайлау күні сайлау комиссиясының барлық мүшелерінің міндеттерін бөлу мен іс-әрекеттер тренингін өткізеді. Сайлау комиссиясының жұмысы сайлау қарсаңында неғұрлым мұқият жүргізілетін болса, комиссия мүшелері сайлау күні соғұрлым тыныш және сенімді болады.

УСК дауыс беру күнінің қарсаңындағы күнгі іс-әрекеттер алгоритмі:

##### 1. Сайлаушылардың тізімімен жұмыс

- азаматтарды сайлаушылар тізіміне енгізу, одан шығару не тізімдерге түзетулер жасау қажеттігі туралы арыздарды қарау;
- сайлаушылардың өтініштері бойынша тізімге қажетті өзгерістерді енгізу;
- сайлаушылардың нақтыланған тізімін тексеру;



- аумақтық сайлау комиссиясын тізімге енгізілген сайлаушылардың саны туралы хабардар ету;

- бюллетеньдерді беру тәртібін айқындау және сайлаушыларға бюллетеньдер беруге жауапты комиссия мүшелері арасында тізімдерді бөлу;

- дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы алынған өтініштердің тізілімін жасау.

#### *2. Есептен шығару куәліктерімен жұмыс:*

- есептен шығару куәліктерін дауыс беру күнінің қарсаңындағы күні жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізге дейін беру;

- сағат он сегізден кейін пайдаланылмаған есептен шығару куәліктерін жою және тиісті акт жасау. Жойылған есептен шығару куәліктері жиналып, актпен бірге сейфте сақтау;

- алынған, берілген және жойылған есептен шығару куәліктері туралы есеп учаскелік сайлау комиссиясының аумақтық сайлау комиссиясына жіберу.

#### *3. Бюллетеньдермен жұмыс*

Дауыс беруге кемінде бір күн қалғанда учаскелік сайлау комиссияларына сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 проценті резервімен сайлау бюллетеньдері жеткізіледі. Сайлау бюллетеньдері учаскелік сайлау комиссиясына акт бойынша беріледі. Бюллетеньдер мөрленген сейфте сақталады. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдері орналасқан үй мөрлеп бекітіліп, ішкі істер органдарының күзетуіне тапсырылады.

Сайлау күні қарсаңында сайлау бюллетеньдері қайта саналады.

Дауыс беру күніндегі жұмысты оңтайландыру үшін УСК сайлаушыларға беруге дайындалған бюллетеньдерді сайлау учаскесінде тіркелген сайлаушылардың санына қарай қаттамаларға бөліп (мысалы, 10, 50 немесе 100 бюллетень), алдын ала дайындағаны жөн.

УСК хатшысы сайлау бюллетеньдерінің саны туралы деректерді АСК-дан бюллетеньдерді қабылдау туралы актілердің деректерімен салыстырып тексереді. Егер салыстырып тексерудің нәтижесінде алынған кезде бюллетеньдердің жоғалғаны немесе есепке алынбаған бюллетеньдер анықталса, бұл туралы тиісті АСК хабардар етіледі, акт жасалады.

Сайлау күні УСК мүшелері сайлау бюллетеньдерін беру және қайтару тізілімін дайындайды.

#### *4. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштермен жұмыс:*

- дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштерді қабылдау және тіркеу сайлау қарсаңындағы күні бойы және сайлау күні сағат 12-ге дейін жалғасады;

- дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштер болған кезде УСК төрағасы дауыс беру жүргізілетін маршруттарды айқындайды;

- учаскелік сайлау комиссиясының хатшысы сайлаушылардың белгілі бір бағыттарға сәйкес дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге мүмкіндік беру туралы өтініштерінің тізілімінен (дауыс беру күні аталған

өтініштер сағат 12.00-ге дейін түсуі мүмкін екенін ескере отырып) үзінді көшірмелер жасауды бастайды.

#### 5. Дауыс беруге арналған үй-жайды дайындау:

- дауыс беруге арналған үй-жайда технологиялық және өзге де жабдықтар Нұсқаулыққа сәйкес орналастырылады [24];

- заңнамада көзделген материалдардың болуы ақпараттық стендте тексеріледі. Қажет болған жағдайда ақпараттық материалдарға өзгерістер енгізіледі;

- ғимаратта дауыс беруге арналған үй-жайға барар жолда көрсеткіштер орналастырылады;

- дауыс беру күні УСК-ның жұмыс істеуі үшін қажетті сайлау құжаттарының, оның ішінде журналдардың, тізілімдердің және хаттамалар мен актілердің нысандары болуы қажет;

- УСК дауыс беру күніне төрағаның, төраға орынбасарының, хатшының, УСК мүшелерінің жұмыс орындарын жабдықтайды: оларды қажетті кеңселік жабдықтармен және материалдармен қамтамасыз етеді;

- УСК көрнекі орында эвакуация жоспарының және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтың болуын тексереді;

- дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс берудің өткізілуін қамтамасыз ету үшін және сайлау құжаттамасын жоғары тұрған сайлау комиссиясына жеткізу үшін сайлау күні УСК мүшелерін сайлау учаскесіне жеткізуге бөлінген автокөліктің дайындығын тексеру жүргізіледі;

- компьютерлік және ұйымдастыру техникаларының пайдаланылуға дайындығын тексереді.

#### 6. Учаскелік сайлау комиссиясының отырысын өткізу

Дауыс беру күнінің қарсаңындағы күні отырыс өткізіліп, онда шешімдер қабылданады:

- Сайлау учаскесіндегі тәртіп қағидалары туралы;

- учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің дауыс беру күнгі міндеттерін бөлу туралы;

- учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері, байқаушылар, сенім білдірілген адамдар мен БАҚ өкілдерінің жұмысы үшін бөлінген технологиялық және өзге де жабдықтардың, орындардың орналасу тәсімін бекіту туралы.

#### 7. Искерлік ойын өткізу

УСК мүшелері комиссияның сайлау күнгі жұмысын ұйымдастыру бойынша практикалық сабақ өткізеді:

- сайлау бюллетеньдерін беру бойынша;

- дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс дауыс беруді өткізу бойынша;

- дауыс беру аяқталғаннан кейін дауыстарды санауды жүргізу бойынша;

- хаттамаларды толтыру бойынша.

УСК төтенше жағдайлар және дауыс беруге арналған үй-жайды босату қажеттілігі туындаған жағдайдағы УСК мүшелерінің әрекеттеріне репетиция жүргізеді.

*Жоғарыда санамаланған барлық іс-әрекеттер аяқталғаннан кейін:*

- учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы полиция қызметкерінің қатысуымен сайлау құжаттарын мөрмен бекітілген сейфке салады;
- үй-жай мөрленеді және полиция қызметкерінің күзетіне тапсырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы АСК-ны сайлау учаскесінің дауыс беруді өткізуге дайын екендігі туралы хабардар етеді, сайлау комиссиясының құрамы туралы хабарлайды және АСК-дан дауыс беруге арналған үй-жайдың ашылғаны туралы ақпарат пен дауыс берудің барысы туралы мәліметтерді беру уақытын, дауыс беру күні мәліметтер жіберілетін телефондардың нөмірлерін нақтылайды.

### 4.3. Сайлау күні сайлаушылардың дауыс беруін ұйымдастыру

*Дауыс беру уақыты.* Ауылдық деңгейдегі әкімдерді сайлау бойынша дауыс беру сайлау күні жергілікті уақыт бойынша сағат жетіден жиырма сағатқа дейін өткізіледі.

АСК тиісті әкімнің, учаскелік сайлау комиссиясының ұсынысы бойынша дауыс беруді бастау мен аяқтаудың басқа уақытын белгілеуге құқылы. Бұл орайда дауыс беруді сағат алтыдан ерте бастап, сағат жиырма екіден кеш аяқтауға болмайды. Дауыс беруді бастау және аяқтау уақытын өзгерту туралы АСК шешімі сайлаушылардың назарына жеткізілуге тиіс.

УСК дауыс беретін уақыт пен орын туралы дауыс беру өткізілетін күнге дейін *он күннен кешіктірмей*, сайлаушыларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ өзге де тәсілдермен хабардар етеді.

*Дауыс беруді ашу.* «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 40-бабына сәйкес **УСК дауыс беру басталардан бір сағат бұрын** дауыс беруге арналған учаскелерді ашуға кірісуге тиіс.

Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы:

1) дауыс беру басталардан отыз минут бұрын комиссия мүшелерінің қатысуымен сайлау жәшіктерінде сайлау бюллетеньдерінің бар екенін немесе жоқ екенін, жәшіктердің бүтіндігін тексереді, дауыс беруге арналған жәшіктерге пломба салады немесе мөр басады;

2) комиссияның сайлау бюллетеньдерін беруге жауапты мүшелерін айқындайды.

«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның аталған талаптарынан, сондай-ақ ОСК қаулысымен бекітілген сайлау құжаттарының үлгілерінен дауыс беруге арналған учаскені ашу кезіндегі іс-әрекеттердің мынадай дәйектілігі қалыптасады:

| Уақыты        | Іс-шара   |
|---------------|---|
| 5-30-ға дейін | Сайлау комиссиясы мүшелерінің жиналуы   |
| 5-45-ке дейін | Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы дауыс беруге арналған үй-жайды ашады, технологиялық жабдықтардың, сейфтің дайындығын, |

|      |   |
|------|---|
|      | телефондардың, факстың жұмыс жасап тұрғанын тексереді   |
|      | Учаскелік сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары дауыс беруге арналған үй-жайда, оның ішінде ақпараттық стендтерде болуы тиіс құжаттардың бар екенін тексереді  |
|      | Комиссия хатшысы тізімдерді жұмысқа дайындайды, сайлау бюллетеньдерін комиссия мүшелеріне беру тізімдемесін жасайды, журналдардың, сайлау комиссиясы хаттамаларының үлгілерін тексереді   |
| 5-55 | Байқаушыларды, сенім білдірілген адамдарды, БАҚ өкілдерін залға шақыру  |
| 6-00 | Комиссия төрағасының сөз сөйлеуі, қатысушыларға сайлау комиссиясының мүшелерін таныстыруы   |
| 6-10 | Учаскелік сайлау комиссиясының хатшысы байқаушылардың, сенім білдірілген адамдардың, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің белгіленген тәртіппен ресімделген құжаттарын тексереді және мәліметтерді арнайы тіркеу журналына енгізеді  |
| 6-30 | Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің дауыс беруге арналған бос тұрақты және тасымалданатын жәшіктерді мөрлеу жұмысын ұйымдастырады   |
| 6-35 | Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы сайлау бюллетеньдерін беруге жауапты комиссия мүшелерін айқындайды  |
| 6-45 | Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы немесе оның тапсырмасы бойынша учаскелік сайлау комиссиясының хатшысы міндеттеріне сайлаушыларға сайлау бюллетеньдерін беру кіретін учаскелік сайлау комиссиясының мүшелеріне тізімдеме бойынша қол қойғызып сайлаушылар тізімін, сондай-ақ сайлаушылар бюллетеньдерін береді |
| 6-55 | Учаскені ашу туралы хаттаманы толтыру   |
| 7-00 | Учаскенің дайындығы туралы хабарлау, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін орындау. Сайлаушыларды дауыс беруге шақыру  |

**МАҢЫЗДЫ!** Сайлау учаскесін ашу жөніндегі барлық іс-әрекеттерді учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы даусын қаттырақ шығарып, түсіндіруі керек. Комиссия хатшысы сайлау учаскесінің ашылуы туралы хаттамаға сандар мен мәліметтерді енгізеді.

Дауыс беруге арналған үй-жайда сайлау учаскесі ашылған сәттен бастап және дауыс беру нәтижелері анықталғанға дейін, дауыстарды санау кезінде мына адамдар қатысуға құқылы: халықаралық байқаушылар, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері, олардың саны шектелмеген. Халықаралық байқаушылармен аудармашылар бірге жүре алады.

Отандық байқаушыларға келетін болсақ, әрбір саяси партиядан, өзге де қоғамдық бірлестіктен, басқа да коммерциялық емес ұйымдардан бір-бір байқаушыдан қатыса алады. Бұл талап саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарына және Қазақстан Республикасы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне де қолданылады.

Дауыс беруге арналған үй-жайда орналасқан адамдар сайлау комиссиясы белгілеген ережелерді қатаң сақтауға міндетті. Ережелер қолданыстағы заңнамаға қайшы келмеуі керек. Олар дауыс беруге арналған үй-жайдағы адамдардың, соның ішінде сайлаушылар мен байқаушылардың құқықтары мен міндеттерін көрсетеді.

Дауыс беру күні дауыс беруге арналған үй-жайда сайлау процесіне қатысы жоқ бөгде адамдардың болуына тыйым салынады.

УСК төрағасы комиссия қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге, сайлаушыларға олардың белсенді сайлау құқығын іске асыру тәртібін және сайлаушылардың дауыс беруі мен дауыстарды санау кезінде байқаушылар ретінде қатысқан адамдарға, УСК орындайтын барлық іс-әрекеттердің тәртібі мен мағынасын түсіндіруге міндетті.

Тиісті УСК төрағасы бір мезгілде дауыс беруге арналған үй-жайдағы сайлаушылардың санын реттейді; тәртіпке жауапты болады және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның ережелерін бұзып, дауыс беруді өткізуге кедергі келтірген кез келген адамның ол жерден кетуін талап етуге құқылы.

Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасы бұзылған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі оның жұмысына қатысудан дереу шеттетіледі, ал байқаушы мен өзге адамдар сайлау комиссиясының жазбаша нысанда қабылданған дәлелді шешімі бойынша дауыс беруге арналған үй-жайдан шығарылады.

Осы шешімнің орындалуын ішкі істер органдары жүзеге асырады, олар сонымен қатар сайлау комиссиясының шеттетілген мүшесін, сондай-ақ шығарылған байқаушыны немесе өзге адамды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қабылдайды.

Дауыс беруге арналған үй-жайларда тәртіпті қамтамасыз ету ішкі істер органдарына жүктеледі. Ішкі істер органдарының қызметкерлері дауыс беруге арналған үй-жайда комиссия төрағасының шақыруымен ғана болуға тиіс және тәртіп қалпына келтірілгеннен кейін не комиссия төрағасының өтініші бойынша ол жерден дереу кетуге міндетті.

### ***Сайлау бюллетенін алу тәртібі және дауыс беру***

Сайлау бюллетеньдерін сайлау комиссиясының мүшелері жеке басын куәландыратын құжат ұсынылғаннан кейін сайлаушылар тізімі негізінде береді.

УСК төрағасы мен хатшысының дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін беруге құқығы жоқ.

Бюллетень алу кезінде сайлаушы жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады және сайлаушылар тізімінде сайлау бюллетенін алғаны жөнінде қолын қояды.

Сайлау бюллетенін берген комиссия мүшесі оған өз қолын қойып, тізімге сайлау бюллетенін алған сайлаушының тегінің тұсына қолын қояды.



19-сурет. Сайлау бюллетенін беру тәртібі

Бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға құқылы, оның аты-жөні дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне тіркеліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылады.

Ол адам мыналар бола алмайды:

- кандидаттың сенім білдірген адамы;
- журналист – БАҚ өкілі;
- сайлау комиссиясының мүшесі;
- байқаушы;
- мәслихаттың немесе әкімдіктің лауазымды адамы.

Сайлаушы өзі дауыс беретін кандидат тегінің оң жағындағы бос шаршының ішіне не «Бәріне қарсымын» деген жолдың оң жағында орналасқан шаршыға кез келген белгі соғады.

Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға және оған қандай да болсын түзету енгізуге жол берілмейді.

Сайлаушы толтырылған сайлау бюллетенін дауыс беруге арналған тұрақты сайлау жәшігіне салып, дауыс беруге арналған үй-жайдан шығады.

**МАҢЫЗДЫ!** Сайлау процесінің кепілдіктерін сақтау, сайлау бюллетеньдерін сыртқа алып шығу, сондай-ақ бюллетеньдерді, заттарды және ішінде не бары белгісіз пакеттерді кабиналарда қалдырып кету жағдайларын болдырмау мақсатында сайлаушылардың кабиналардан кіріп-шығуын, сондай-ақ сайлау жәшігін комиссия мүшелерінің үнемі қадағалап отыруын қамтамасыз ету қажет.

#### **Бүлінген сайлау бюллетеньдері**

Сайлаушы өзіне сайлау бюллетенін берген учаскелік сайлау комиссиясының мүшесіне бүлінгеннің орнына жаңа сайлау бюллетенін беру туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

Бүлінген бюллетень алғаннан кейін учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі сайлаушыға жаңа сайлау бюллетенін береді, оған өз қолын қояды және

сайлаушылар тізімінде қате жіберген сайлаушының тегінің тұсына белгі қояды: «Бүлінген бюллетеннің орнына берілді».

Бүлінген бюллетеньдер пайдаланылмаған болып есептелмейді және пайдаланылмаған бюллетеньдермен бірге жиналады.

### ***Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру***

Егер сайлаушылар сайлау учаскесіне келе алмаса (науқастануына, отбасының науқас мүшесін күтіп-бағуына немесе сайлау учаскесі құрылмаған шалғай жету қиын жерде болуына байланысты), олар өздері болған жерде дауыс беруге құқылы. Бұл үшін сайлаушылар дауыс беру күні жергілікті уақытпен сағат 12-ден кешіктірмей жазбаша өтінішпен УСК-ға жүгінеді.

Сайлаушылардың тұрғылықты жерінде дауыс беру рәсімі сайлау күні сағат 12-ден кейін өткізіледі (әдетте, дауыс беруге арналған үй-жайда сайлаушылардың келуі азайған кезде). Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша дауыс беру үшін тасымалданатын сайлау жәшігі пайдаланылады.

Комиссия хатшысы келіп түскен өтініштерді алдын-ала тасымалданатын екі жәшікке бөледі, дауыс беруге арналған жәшіктерді алып жүретін комиссия мүшелерінің қозғалыс маршруттарын жасайды. Келіп түскен өтініштер саны аз болған жағдайда тасымалданатын бір жәшікті ғана пайдалануға болады.

Үйде дауыс беруді өткізуге баратын сайлау комиссиясының мүшелеріне тізімдеме бойынша бюллетеньдер, келіп түскен өтініштер және дауыс беру өткізілетін мекенжайлар тізбесі (тізілімнен үзінді көшірме) беріледі. УСК мүшелері бюллетеньдердің ықтимал бүлінуін ескере отырып, олардың қажетті санымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Тасымалданатын жәшікті УСК екі мүшесі алып жүреді. Комиссия төрағасы кандидаттардың сенім білдірілген адамдарын, байқаушылар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру үшін шығу кезінде комиссия мүшелеріне ілесіп жүруге шақырады. Учаскелік сайлау комиссиясының екі мүшесі баратын автокөлікте кандидаттардың сенім білдірген өкілі, байқаушы немесе БАҚ өкілі болуға құқылы (автомобильдегі бар орындарға байланысты). Кандидаттардың басқа сенім білдірген адамдары, байқаушылар мен БАҚ өкілдері өзінің жеке автокөлігімен сайлау комиссиясының мүшелері баратын автокөлікке ілесіп жүруге құқылы.

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру кезінде сайлау бюллетені сайлаушыға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін, дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтінішінің негізінде беріледі, бұл туралы ол өтініште қол қояды. Бюллетень берген учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі сайлау бюллетеніне және дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініште өз қолын қояды.

***МАҢЫЗДЫ!*** Комиссия хатшысы туындаған мәселелердің шешілуін және комиссия мүшелерінің сайлау учаскесіне уақтылы оралуын қамтамасыз ету

үшін дауыс беруді сайлаушылардың болатын жерінде ұйымдастыруға кеткен сайлау комиссиясының мүшелерімен үнемі байланыста болуға тиіс.

#### **4.4. Дауыстарды санау және дауыс беру қорытындыларын анықтау кезіндегі учаскелік сайлау комиссиясы әрекетінің тәртібі**

Сайлау күні сайлаушылардың дауыстарын санау – сайлау процесінің ең маңызды сәттерінің бірі. Бұл жұмыс учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің ерекше мұқияттығы мен ыждахаттылығын, асығыстық және ашуланшақтықты болдырмауын талап етеді. Заң шығарушының сайлаушылардың дауыстарын санау үшін үздіксіз 12 сағат уақытты бөлуі кездейсоқ емес.

Дауыстарды санау байқаушылардың, сенім білдірілген адамдардың және БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткізіледі. Барлық санау рәсімдері ашық және жария түрде жүргізіледі.

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде дауыстарды санау, егер осы учаскеде «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен дауыс беру уақыты өзгермесе, жергілікті уақыт бойынша сағат жиырмада басталады. Дауыс беру уақыты өзгерген жағдайда дауыстарды санау дауыс беру аяқталғаннан кейін басталады.

Комиссия төрағасы дауыс берудің аяқталғаны туралы хабарлағаннан кейін дауыс беруге арналған үй-жайға ешкім жіберілмейді. Дауыс берудің аяқталғаны туралы хабарланған сәтте дауыс беруге арналған үй-жайда жүрген сайлаушыларға дауыс беру құқығы рәсімін аяқтау беріледі.

Дауыстарды санау рәсімі 6 дәйекті кезеңнен тұрады, олардың өзектілігі қатаң сақталуы қажет:

##### ***1. Тізім бойынша сайлаушылардың жалпы санын және сайлау бюллетеньдерін алған сайлаушылардың санын айқындау***

Барлық сайлаушылар дауыс бергеннен кейін учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізімі бойынша мыналарды айқындайды:

- 1) сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың жалпы санын;
- 2) сайлау бюллетеньдерін алған сайлаушылар санын;
- 3) сайлау комиссиясының әр мүшесі берген сайлау бюллетеньдерінің санын.

Комиссия төрағасы санау нәтижелерін жариялайды, комиссия хатшысы оларды дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаға енгізеді.

##### ***2. Пайдаланылмаған сайлау бюллетеньдерін санау және жою***

Пайдаланылмаған және бүлінген сайлау бюллетеньдерін санау жүргізіледі, санау нәтижелері хаттамаға енгізіледі.

Пайдаланылмаған және бүлінген сайлау бюллетендерінің барлығы жойылады. Сайлау бюллетенін жою үшін оның кез келген бұрышы кесіледі немесе тесіледі. Пайдаланылмаған және бүлінген сайлау бюллетеньдері мөрленген, төраға мен хатшының қолдарымен және комиссияның мөрімен расталып, жазу жазылған бумаға (конвертке, қапқа) салынады.

##### ***3. Дауыс беруге арналған жәшіктерді ашу және дауыстарды санау***



Бірінші кезекте тасымалданатын сайлау жәшіктерді ашылады.

Дауыс беруді бірінші және екінші тасымалданатын жәшіктер бойынша сайлаушылардың болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініштері саналады және өтініштер екі қаттамаға бөлініп жиналады.

Пломбаның немесе мөрдің бүтіндігі тексерілгеннен кейін бірінші тасымалданатын сайлау жәшігі ашылады. Тасымалданатын сайлау жәшігіндегі сайлау бюллетеньдерінің саны дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігі туралы жазбаша өтініштердің санына сәйкес келуге тиіс.

Егер тасымалданатын сайлау жәшігіндегі белгіленген нысандағы сайлау бюллетеньдері жазбаша өтініштердің санынан артық болып шықса, онда осы жәшіктен алынған барлық бюллетеньдер жарамсыз болып танылады. Бұл жағдайда тасымалданатын сайлау жәшігінен алынған сайлау бюллетеньдерінің барлығын жарамсыз деп тану туралы акт жасалады. Актіде сондай-ақ осы тасымалданатын сайлау жәшігінің көмегімен дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді өткізген сайлау комиссиясы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Пломбаның немесе мөрдің бүтіндігі тексерілгеннен кейін екінші тасымалданатын сайлау жәшігі ашылады. Бюллетеньдерді санау бірінші тасымалданатын жәшіктегідей саналады.

Дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшіктер ашылғаннан кейін тұрақты жәшік ашылады. Тұрақты және тасымалданатын жәшіктерден барлық бюллетеньдер үстелге шығарылып, комиссия бюллетеньдерді сұрыптауға кіріседі.

#### ***4. Бюллетеньдерді санау***

Бюллетеньдерді санау ыңғайлы болу үшін комиссия хатшысы кандидаттардың тектері жазылған, «Бәріне қарсымын» деген белгісі бар және жарамсыз бюллетеньдер үшін белгілер қояды. Комиссия мүшелері бюллетеньдерді әрбір кандидат бойынша дестелерге, «Бәріне қарсымын» деген бағанда белгісі бар бюллетеньдерге арналған қаттамаға және жарамсыз бюллетеньдерге арналған қаттамаға жинайды.

Белгіленген нысандағы сұрыпталған бюллетеньдерді есептеу әрбір кандидат бойынша жеке, «Бәріне қарсымын» деген бағанда белгісі бар бюллетеньдер бойынша жеке жүргізіледі.

Сайлау бюллетеньдерін санау кезінде комиссияның төрағасы немесе белгілі бір мүшесі қатысушыларға сайлау бюллетенін көрсетеді және сайлаушының білдірген еркін жариялайды.

Дауыстарды санауды сайлау комиссиясының мүшелері дауыстарды санау кезінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес қатысқан адамдардың назарына жеткізілуге тиіс дауыс беру нәтижелері анықталғанға дейін үзіліссіз жүргізеді.

Сайлау учаскесінде дауыстарды санау уақыты санау басталғаннан бастап он екі сағаттан аспауға тиіс.

#### ***Жарамсыз сайлау бюллетеньдері***

Мынадай сайлау бюллетеньдері:

- белгіленбеген үлгідегі;
- тиісті сайлау мүшесінің қолы қойылмаған;
- бір кандидаттан артық белгіленген;
- белгі қарындашпен қойылған, түзету немесе бұрмалау іздері бар;
- сайлаушылардың ерік білдіруін анықтау мүмкін емес бюллетеньдер жарамсыз деп танылады.

Сайлау бюллетеньдерінің жарамдылығына қатысты келіспеушіліктер туындаған кезде мәселені УСК дауыс беру арқылы шешеді. Бұл орайда шешім сайлау комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

***Дауыстарды тікелей санау кезінде жарамсыз сайлау бюллетеньдері дауыс беруге қатысқан сайлаушылар бюллетеньдерінің ішінен алып тасталады.***

Тұрақты және тасымалданатын сайлау жәшіктерін ашқаннан кейін сайлау комиссиясы сайлау бюллетеньдерінің саны бойынша:

- дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы санын;
- әр кандидатқа берілген дауыстардың санын;
- «бәріне қарсымын» деген бағанда белгісі бар бюллетеньдердің санын;
- жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің санын;
- учаскелік сайлау комиссиясы алған бюллетеньдердің санын;
- жойылған бюллетеньдердің санын белгілейді.

Егер дауыс беруге арналған жәшіктерден алынған бюллетеньдер саны сайлаушылар тізімінің және сайлау учаскесінен тыс жерде дауыс беруге арналған өтінімдердің негізінде берілген бюллетеньдер санынан асып кетсе, сайлау комиссиясының әр мүшесі берген бюллетеньдер саны белгіленеді.

***Дауыстарды қайта санау***

Сенім білдірілген адамның жазбаша нысанда берілген өтініші бойынша дауыстарды қайта санауды УСК белгіленген он екі сағаттан аспайтын мерзімде бір рет қана жүргізеді

***5. Сайлау комиссиясының қорытынды отырысын өткізу.***

Сайлау учаскесі бойынша сайлау қорытындылары учаскелік сайлау комиссиясының отырысында сайлауды байқауды жүзеге асыратын адамдардың қатысуымен белгіленеді.

Дауыстарды санау нәтижелерін сайлау комиссиясы қарайды және хаттамаға енгізеді, оған сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды. УСК төрағасы болмаған жағдайда оның орнына хаттамаларға сайлау комиссиясының орынбасары немесе хатшысы қол қояды.

Дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды қарындашпен және әр түсті сиялармен толтыруға, сондай-ақ оларға қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді. Бұл ретте дауыс беру нәтижелерінің сандық мәні сөзбен жазылып қайталануы тиіс.

Хаттаманың көшірмесі жалпыжұрттың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайындағы арнайы белгіленген орынға дереу ілінеді және үй-жайда екі күн бойы тұрады.

Дауыстарды санау кезінде дауыс беруге арналған үй-жайда болған адамның қалауы бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшысының қолдарымен және учаскелік сайлау комиссиясының мөрімен куәландырылған хаттаманың көшірмесі беріледі.

### ***Сайлау құжаттарын қаттау***

Сайлау комиссиясының мүшелері сайлау бюллетеньдерін әрбір кандидат бойынша жеке жазу жазылған пакетке салады. «Бәріне қарсымын» деген бағанда белгісі бар және жарамсыз бюллетеньдер бөлек қатталады. Әр пакетке мөр басылып, төраға мен хатшының қолымен және учаскелік сайлау комиссиясының мөрімен куәландырылады. Жоғарыда көрсетілген құжаттар салынған пакеттер буылады немесе қапқа, қорапқа салынады және мөрленеді.

Учаскелік сайлау комиссиясы мыналарды тиісті аумақтық сайлау комиссиясына дереу жеткізеді:

- дауыс беру нәтижелері туралы хаттама;
- тиісінше қатталған сайлау бюллетеньдері;
- дауыс беру күні сайлаушылар тізімге енгізілген есептен шығару куәліктері мен басқа да құжаттарды қоса отырып, қатталған сайлаушылар тізімі;
- сайлау өткізілген күні дауыс беруге арналған үй-жайда болған байқаушылар, сенім білдірілген адамдар, БАҚ өкілдері туралы ақпарат;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің учаскелік сайлау комиссиясында қаралғаны туралы мәліметтер.

## **4.5. Ауылдық деңгейдегі әкімдерді сайлау қорытындыларын анықтау және жариялау**

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау қорытындыларын аумақтық сайлау комиссиясы УСҚ хаттамалары негізінде тиісті отырыста белгілейді.

Егер аумақтық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамаларында қателерді, сәйкессіздіктерді анықтаған болса, сондай-ақ дауысты есептеудің дұрыстығына күмәнданатын болса, ол комиссия тиісті учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушылардың дауысын қайта санау туралы шешім қабылдауға хақылы. Сайлаушылардың дауыстарын қайта санау жоғары тұрған сайлау комиссиясы мүшесінің және дауыстардың дұрыс саналмағандығы фактілерін табыс еткен өтініш берушілердің қатысуымен жүргізіледі.

Сайлау комиссиясы шешімінің негізінде жүзеге асырылатын дауыстарды қайта санау сайлау қорытындылары ресми жарияланғанға дейін жүргізілуге тиіс.

Сайлау қорытындылары туралы хаттама жасалады, оған тиісті АСК төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның орнына хаттамаға комиссия төрағасының орынбасары немесе хатшысы қол қояды.

Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі болып басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

### ***Сайлау қорытындыларын жариялау***

Ауыл әкімдерін сайлау қорытындылары туралы хабарды тиісті аумақтық сайлау комиссиялары сайлау өткізілген күннен бастап **төрт күннен кешіктірмей** жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды («ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 44-бабы 4-тармағының 3) тармақшасы).

Тиісті АСК хабарында: сайлаушылар тізімдеріне енгізілген және дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы саны; әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны, «Бәріне қарсымын» деген бағанда белгі қойылған бюллетеньдер саны, сайлау учаскелері бойынша жарамсыз бюллетеньдер саны көрсетіледі; сайланған аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған жылы, атқаратын лауазымы (жұмысы), тұрғылықты жері, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның саяси партияға қатыстылығы, қай ұлтқа жататындығы туралы мәліметтер көрсетіледі («ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 44-бабының 5-тармағы).

### ***Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін тіркеу***

Тиісті АСК аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің сайланған әкімдерін тіркеуді олардан жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Республика заңдарына сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің мәртебесімен сыйыспайтын өз міндеттерін доғару туралы жазбаша өтініш алынғаннан кейін жүргізеді. («ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 45-бабы)

#### **4-тақырыпқа арналған бақылау сұрақтары:**

1. УСК-ға сайлаушылар тізімдерін қандай мерзімдерде және кімдер ұсынады?
2. УСК сайлау күніне дейін сайлаушылар тізімімен жүзеге асыратын негізгі әрекеттерді атаңыз.
3. Сайлаушылар тізімдерін салыстыру қалай жүргізіледі?
4. Қандай жағдайларда сайлаушы өзінің болатын жерінде дауыс беруді ұйымдастыру туралы өтінішпен жүгіне алады?
5. Дауыс беруге арналған үй-жайларға қандай талаптар қойылады? Дауыс беруге арналған үй-жайда қандай технологиялық және басқа жабдықтар орналастырылады?
6. УСК сайлау күнінің қарсаңындағы күні қандай ұйымдастыру іс-шараларын жүргізуі қажет?
7. Мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың дауыс беруі үшін үй-жайды жаратқандырудың ерекшеліктерін атаңыз.
8. УСК ақпараттық стендінде қандай мәліметтер орналастырылады?
9. Дауыс беру күні сайлау учаскесін ашудың тәртібі қандай?
10. Сайлаушыға бюллетень берудің рәсімі қандай?
11. Дауыс беру күні қанша тұрақты және қанша тасымалданатын сайлау жәшіктері болуы керек? Олар қалай пайдаланылады?
12. Қандай жағдайларда тасымалданатын сайлау жәшігін пайдалануға болады және оны кім алып жүреді?
13. Сайлауда дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде кім қатысуға құқылы?
14. Дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде байқаушылар мен сенім білдірілген адамдармен өзара іс-қимыл қалай жүзеге асырылады?
15. Дауыс беру аяқталғаннан кейінгі іс-әрекеттердің тәртібін атаңыз.
16. Дауыс беру аяқталғаннан кейін тасымалданатын және тұрақты жәшіктерді ашу тәртібінде қандай айырмашылық бар?
17. Қандай бюллетеньдер жарамсыз болып танылады?
18. Дауыстарды қайта санау қай негізде жүргізілуі мүмкін?
19. Сайлау учаскесіндегі дауыстарды санау нәтижелері туралы хаттамалардың көшірмелері кімге ұсынылады?
20. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі сайлауының қорытындыларын кім және қандай мерзімдерде шығарады?

#### **Практикалық сабаққа арналған тапсырма (топтардағы жұмыс):**

1. Сіздің сайлау учаскеніңіздің ерекшеліктерін ескере отырып, дауыс беруге арналған үй-жайда (пунктте) жабдықты орналастыру схемасын әзірлеу.
2. Мүмкіндіктері шектеулі сайлаушылар үшін жағдайларды ескере отырып, дауыс беруге арналған үй-жайда (пунктте) жабдықты орналастыру схемасын әзірлеу.
3. Дауыс беру күнінің алдындағы күні АСК қызметінің алгоритмін әзірлеу.

## ГЛОССАРИЙ [6]

**Жергілікті мемлекеттік басқару** – «ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген құзыреті шегінде тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу, оны дамыту мақсатында жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асыратын, сондай-ақ олардың тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты болып табылатын қызметі;

**Жергілікті өзін-өзі басқару** – халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын «ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңында, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет;

**Әкім** – жергілікті атқарушы органды (ол құрылған жағдайда) басқаратын және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару өкілеттігі және өзін-өзі басқару функциялары берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің өкілі;

**Жергілікті өзін-өзі басқару органдары** – «ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» Заңына сәйкес жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу жөніндегі функциялар жүктелген органдар.

## Дереккөздер және ұсынылатын әдебиет

### *Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер*

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды), <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000>;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы (1993 жылғы), <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9360/>;
- 3) «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 заңы; <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z950002464>;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 (ескі редакцияда); <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000148>;
- 5) «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсан № 4100 заңы, [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004100\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004100_);
- 6) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы; (жаңа редакцияда); <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000148>;
- 7) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ заңы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>;
- 8) «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 333-VI ҚРЗ заңы, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2000000333>;
- 9) «Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың), кенттердің әкімдерін сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 23 маусымдағы № 633 Жарлығы, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U010000633>;
- 10) «Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық) округтері, ауылдары (селолары), кенттері әкімдерінің сайлауын өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы № 1484 Жарлығы, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U040001484>;
- 11) «Қазақстан Республикасының жекелеген аудандары әкімдерін сайлауды эксперимент ретінде өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы № 1485 Жарлығы, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U040001485>;
- 12) «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы № 1484 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 8 шілдедегі № 1613 Жарлығы, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1100000086/compare>;
- 13) «Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын өткізу қағидалары» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 6 маусымдағы № 130 Жарлығымен бекітілген, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U060000130>;

14) «Аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, қалалардағы аудандар әкімдерін тағайындау тәртібі туралы» ҚР Президентінің 2007 жылғы 4 маусымдағы № 339 Жарлығы, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U070000339>;

15) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1200000438>;

16) «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000555>;

17) «Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың), кенттердің әкімдерін сайлауды эксперимент ретінде тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2001 жылғы 18 қыркүйектегі № 26/27 қаулысы, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1024863](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1024863);

18) «Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың), кенттердің әкімдерін сайлауды эксперимент ретінде дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2001 жылғы 18 қыркүйектегі № 26/27 қаулысы, [https://online.zakon.kz/m/document/?doc\\_id=1024863](https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=1024863);

19) «Қазақстан Республикасының жекелеген аудандары әкімдерін сайлауды эксперимент ретінде тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 21 маусымдағы № 5/8 қаулысы, [https://online.zakon.kz/m/Document?doc\\_id=30014082](https://online.zakon.kz/m/Document?doc_id=30014082);

20) «Қазақстан Республикасының жекелеген аудандары әкімдерін сайлауды эксперимент ретінде дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 21 маусымдағы № 5/9 қаулысы, <https://bulletin-law.kaznu.kz/index.php/journal/article/download/11/11/>;

21) «Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2006 жылғы 22 тамыздағы № 71/136 қаулысы, <https://www.election.gov.kz/rus/news/acts/index.php?ID=2070>;

22) «2006 жылғы 20 қазанға тағайындалған Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2006 жылғы 22 тамыздағы № 71/137 қаулысы, <https://www.election.gov.kz/rus/news/acts/index.php?ID=2070&v=mobile>;

23) «Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті, мәслихаттары депутаттарының, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауы кезінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгітті жүзеге асырудың және оны ақпараттық қамтамасыз етудің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 25 маусымдағы № 90/178 қаулысы, [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V0700004778\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V0700004778_);



24) «Сайлау учаскесінде дауыс беруге арналған үй-жайды, дауыс беруге арналған пунктті жарактандыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2012 жылғы 23 қазандағы № 21/183 Қаулысы (ҚР Әділет министрлігінде 2012 жылғы 25 қарашада № 8089 болып тіркелген), <https://www.election.gov.kz/rus/news/acts/index.php?ID=4485>;

25) «Сенім білдірілген адамдарды тіркеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2011 жылғы 21 қарашадағы № 62/108 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 23 тамыздағы № 11/194 қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017389>;

26) «Сайлаушылар және сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді салыстырып тексеру және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 23 тамыздағы № 11/196 қаулысы, <https://www.election.gov.kz/rus/news/acts/index.php?ID=4409>;

27) «Дауыс беруге арналған сайлаушылар тізімдерін қалыптастыру, сондай-ақ оларды сайлау комиссияларына ұсыну қағидаларын бекіту туралы» ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 23 тамыздағы № 11/197 қаулысы, <https://www.election.gov.kz/rus/news/acts/index.php?ID=4410>;

28) «Сайлау учаскесінде дауыс беруге арналған үй-жайды, дауыс беруге арналған пунктті жарактандыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2012 жылғы 23 қазандағы № 21/183 Қаулысы (ҚР Әділет министрлігінде 2012 жылғы 25 қарашада № 8089 болып тіркелген), <https://www.election.gov.kz/rus/news/acts/index.php?ID=4485>;

29) «Кандидаттарға бұқаралық ақпарат құралдарына шығу үшін қаражат бөлу қағидалары мен көлемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 25 тамыздағы № 12/202 қаулысы, <https://www.election.gov.kz/rus/news/acts/index.php?ID=4458>;

30) «2019 жылы сайлау комиссиялары құрамдарын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 22/215 қаулысы, [https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=4512&sphrase\\_id=34050](https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=4512&sphrase_id=34050)

31) «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14E0009934>;

32) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 85 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014542/history>;

### ***Оқу-әдістемелік әдебиеттер:***

33) Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясы (Страсбург, 1985 жылғы 15 қазан.), <https://www.coe.int/ru/web/conventions/full-list/-/conventions/treaty/122>

34) Территориальное самоуправление в Польше. Актуальные проблемы реформы местного самоуправления // Аналитический вестник Совета Федерации ФС РФ. - 2004. - № 26 (246).

35) Маклаков В.В., Зарубежное избирательное право: Учебное пособие. – Издательство НОРМА, 2003. – 288 с. (Издательский проект «Зарубежное и сравнительное избирательное право»).

36) Черкасов А.И. Местное управление и децентрализация власти: опыт развивающихся стран // Государство и право. 1992. 5. С. 105-112.

37) Конституция Италии. Сборник «Конституции зарубежных государств: Учебное пособие/Составитель В.В. Маклаков. – 4-е изд., переработанное и дополненное. – М.: Волтерс Клувер, 2003.

38) Основной закон (Конституция) Федеративной Республики Германии от 23 мая 1949 года Сборник «Конституции государств Европы». Издательство НОРМА, 2001, <http://constitution.garant.ru>;

39) Конституция Французской Республики от 4 октября 1958 года. Конституции зарубежных стран. – М.: Изд-во «Юрлитинформ». 2003.

40) Конституция Испании. (Одобрена генеральными кортесами на пленарных заседаниях конгресса депутатов и сената 31 октября 1978 года, утверждена испанским народом на референдуме 6 декабря 1978 года, подписана королем перед генеральными кортесами 27 декабря 1978 года). Сборник «Конституции зарубежных стран». – М.: Изд-во «Юрлитинформ». 2003. С. 227.

41) «Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізу кезіндегі сайлау процесінің құқықтық негіздері және сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру» оқу-әдістемелік кешенінде толығырақ танысуға болады», ОӘК (сайлау комиссияларының мүшелері үшін), ҚР ОСК, 2019, <https://www.election.gov.kz/rus/news/acts/index.php?ID=4580>.

42) Абикенов А.А., Правовые основы выборности акимов в Республике Казахстан, Вестник КазНУ им. Аль-Фараби, ISSN 2617-8362; <https://bulletin-law.kaznu.kz/index.php/journal/article/view/11>;

## КЕЙСТІК ТАПСЫРМАЛАР (оқытушыға арналған материал)

### Тақырып 2.2. Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларын құру және олардың құрамдарын қалыптастыру тәртібі

#### 1-КЕЙС «УСК құрамын қалыптастыру»

Учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі Д.аудандық аумақтық комиссияға, егер оның кандидатурасын ұсынған қоғамдық бірлестік таратылған болса, УСК мүшесінің міндеттерін орындаудың заңдылығын түсіндіру үшін жүгінді. АСК әрекеттері қандай?

#### 2-КЕЙС «Дауыс беру күні сайлау учаскесінің ашылуы»

Учаскелік сайлау комиссиясының 7 мүшесінің бірі сайлау күні 2021 жылғы 5 қыркүйекте таңғы сағат 5.30-да сайлау учаскесіне келді (вакцинациялау паспорты 2021 жылғы маусымда алынған). Алайда, учаскеге кіре берісте температураны байланыссыз термометрмен өлшеу кезінде оның температурасы 39 градусқа көтерілді. УСК әрекеттері қандай?

### Тақырып 2.4. Сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастыру. Сайлау комиссияларының қызметіндегі жариялылық

#### 3-КЕЙС «Саяси партиядан байқаушының АСК отырысына қатысуы»

АСК-ға қоғамдық бірлестіктен байқаушы ретінде өзін таныстырған, оны жіберген ұйымның құжатын ұсынған азамат АСК отырысына қатысуды сұрап жүгінді, онда кандидаттардың қол қою парақтарының толықтығы мен қолдардың дұрыстығы тексеріледі. АСК әрекеттері қандай?

### Тақырып 3.2. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттар ұсыну

#### 4-КЕЙС «Кандидаттың талаптарға сәйкестігін тексеру»

Аумақтық комиссия Тереңкөл ауылында сайлау күнін 2021 жылғы 5 қыркүйекке белгіледі. Аумақтық сайлау комиссиясының ұсынуы барысында құжаттарды тіркеуге ұсынған әкімдікке кандидат 1996 жылғы 4 қыркүйекте дүниеге келгені анықталды. АСК әрекеттері қандай?

#### 5-КЕЙС «Өзін-өзі ұсынған кандидаттың қолдарды жинауы»

Кандидат сайлаушылардың саны 500 адамнан тұратын Тереңкөл ауылының сайлау округі бойынша өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылды. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес ауыл әкімдігіне кандидат өзін-өзі ұсынған жағдайда дауыс беруге құқығы бар тиісті сайлау округінің сайлаушыларының жалпы санының кемінде бір пайыз дауысымен қолдау табуы тиіс. Кандидаттың сенім білдірген өкілі қол жинау

кезінде оларды осы ауылда тұратын кандидаттың туыстарынан жинаумен шектелді. Осылайша, АСК-ға қол қою парағы ұсынылды, онда сайлаушылардың 50 қолының 20-сы кандидатпен бір фамилияға ие болды. АСК әрекеттері қандай?

#### **6-КЕЙС «Өзін-өзі ұсынған кандидаттың қолдарды жинауы»**

Аумақтық сайлау комиссиясы өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған әкімдікке кандидаттың сенім білдірілген адамына тиісті сайлау округінде сайлаушылардың қолдарын жинау үшін қол қою парақтарын берді. Көп ұзамай АСК-ға сайлаушылардың қолдарын кандидат оның сенім білдірген адамдарының қатысуынсыз дербес жинайтындығы туралы хабар келді. АСК әрекеттері қандай?

#### **7-КЕЙС «Саяси партиядан кандидат ұсынуы»**

Саяси партия бір сайлау округінде М. деген кандидат ұсынды. Кандидаттың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда сәйкестігін тексеру кезінде М. Деген кандидаттың Е-R-1 санатына сәйкессіздігі анықталды. Саяси партия филиалының жоғары басқарушы органы Б. деген кандидатын ауылдық округ әкімдігіне ұсыну туралы шешім қабылдады, саяси партияның филиалы АСК-ға Б. деген кандидатын ауылдық округ әкімдігіне ұсыну туралы хаттамадан үзінді көшірмені және Б. деген кандидатының дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішін, сондай-ақ басқа да қажетті құжаттарды жібереді. АСК әрекеттері қандай?

**Тақырып 3.3. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды тіркеу**

#### **8-КЕЙС «Кандидаттардың құжаттарды ұсынуы»**

Б. деген әкімдікке кандидат кірістері туралы декларацияны тапсыру кезінде бір мың теңгеден аспайтын сомадағы өзінің шоттарының бірінің деректерін қоспады. АСК мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуына жауап алды, онда берілген декларация мен нақты қаражаттың деректерінде сәйкессіздіктер бар екендігі айтылған. Кандидат мұны соманың шамалы екендігімен, осы шоттың бар екенін ұмытып кеткенін түсіндіреді. Осыған байланысты АСК-дан тіркеу туралы шешімнің күшін жоймауын сұрайды. АСК әрекеттері қандай?

#### **9-КЕЙС «Кандидатураны алып тастау тәртібі»**

Саяси партия ұсынған кандидат АСК-ға отбасында қиын өмірлік жағдайдың туындауына байланысты өз кандидатурасын алып тастау ниеті туралы өтінішпен жүгінді. АСК әрекеттері қандай?

### **10-КЕЙС «Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін әкімдікке кандидаттарды ұсыну»**

Тереңкөл кентінің сайлау округі бойынша сайлау ағымдағы жылдың 5 қыркүйегіне белгіленген. Әкімдікке екі кандидаттың бірі тиісті сайлау комиссиясына ағымдағы жылғы 3 қыркүйекте өз кандидатурасын алып тастау туралы өтініш берді, осылайша сайлау округі бойынша бір кандидат қалды. АСК әрекеттері қандай?

#### **Тақырып 3.5. Сайлау алдындағы үгіт**

### **11-КЕЙС «Сайлаушылармен кездесу ұйымдастыру»**

Жарияланған кестеге сәйкес кандидат сайлаушылармен кездесу өткізді. Алайда, кандидат АСК-ға тағы бір кездесу өткізу туралы жүгінеді. Оның айтуынша, бірінші кездесуге қатыса алмаған сайлаушылар кандидаттың олармен кездесуін сұрады. Сондай-ақ кандидат кездесулер өткізуге арналған шығыстарды (үй-жайларды жалға алу және т.б.) бюджет қаражатынан қамтамасыз етуге заңнамада кепілдік берілгенін атап өтті. Бұл жағдайда АСК әрекеттері қандай?

### **12-КЕЙС «Сайлаушылармен кездесу ұйымдастыру»**

Кандидат N. елді мекенінің көшесінде сайлаушылармен кездесу өткізу туралы АСК-ға өтініш білдірді. Бұл жағдайда АСК әрекеттері қандай?

### **13-КЕЙС «Пікірсайыстарды ұйымдастыру және өткізу»**

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясына ауыл әкімдігіне кандидат сайлау заңнамасына сілтеме жасай отырып, пікірсайысқа қатысу ниетімен жүгінді («ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабының 3-тармағы). АСК әрекеттері қандай?

#### **Тақырып 3.6. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің сайлауын қаржыландыру**

### **14-КЕЙС «Қаржыландыру»**

Кандидаттың сенім білдірілген адамы сайлау қорын құру туралы өтінішпен сайлау комиссиясына жүгінеді, өйткені сайлау алдындағы үгітті жүргізуге бөлінген қаражат үгіт буклеттерін шығаруға және жергілікті газетте қосымша мақала жариялауға жеткіліксіз болды. АСК әрекеттері қандай?

#### **Тақырып 3.7. Сайлау бостандығының кепілдіктері. Шағымдар мен өтініштерді қарау**

### **15-КЕЙС «УСК мүшесінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану»**

Әкімдікке кандидаттарды ұсыну барысында белгілі жергілікті пабликтердің бірінде әлеуметтік желілерде азаматшаға ұсынылған

кандидаттардың бірінің алимент төлеуден жалтаруына байланысты әкім лауазымын атқаруға моральдық құқығы жоқ екендігі туралы бейнеөтініш орналастырылды. Басылым қоғамдық резонанс тудырды. Аумақтық сайлау комиссиясына сайлаушылардан – кандидат ұсынылған ауылдық округ тұрғындарынан бірнеше телефон қоңыраулары келіп түсті. АСК әрекеттері қандай?

#### **Тақырып 4.1. Сайлаушылар тізімдері**

##### **16-КЕЙС «Тергеу изоляторында дауыс беру»**

Сайлаудан үш күн бұрын Х. деген азаматты сот жалпы режимдегі колонияда жазасын өтеу үшін 3 жылға бас бостандығынан айырды. Тергеу изоляторында дауыс беру күні ол сайлауға қатысуға рұқсат беруді талап етті. Учаскелік сайлау комиссиясының әрекеттері қандай?

##### **17-КЕЙС «Есептен шығару талоны»**

Сайлаушы сайлау күні отбасылық мерекеге байланысты бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінің орналасқан жері бойынша болатынын көрсете отырып, учаскелік сайлау комиссиясына есептен шығару куәлігін беруге өтініш білдірді. УСК әрекеттері қандай?

#### **Тақырып 4.3. Сайлау күні сайлаушылардың дауыс беруін ұйымдастыру**

##### **18-КЕЙС «Дауыс беру күніндегі байқаушының құқықтары мен міндеттері»**

Сайлау учаскесінде байқаушы УСК төрағасына ақпараттық стендте орналастырылған сайлау комиссиясының құрамы туралы ақпаратта комиссия мүшелерінің партияға қатыстылығы туралы мәліметтердің жоқтығы туралы ескерту жасады. Байқаушының айтуынша, ауылдың барлық тұрғындарына комиссияның кемінде екі мүшесі бір партияның өкілдері екені белгілі. УСК әрекеттері қандай?

##### **19-КЕЙС «Сенім білдірілген адамның дауыс беру күніндегі құқықтары мен міндеттері»**

Дауыс беру кезінде Н. деген сайлаушы бюллетеньді алу үшін комиссия мүшесіне жеке куәлікпен келеді. Осы уақытта А. деген сенім білдірілген адам Н. деген адам сайлаушыға жақындап, оның шынымен сайлаушыға тиесілі екенін растау үшін жеке куәлігін көрсетуді сұрайды. УСК төрағасының әрекеттері қандай?

##### **20-КЕЙС «Бюллетеньді толтыру рәсімін бейнетіркеу»**

№18 сайлау учаскесіндегі дауыс беруге арналған үй-жайда сайлаушы жасырын дауыс беруге арналған кабинадағы сайлау бюллетенінің «Барлығына

қарсымын» бағанын толтыру рәсіміне, сондай-ақ бюллетеньді дауыс беруге арналған жәшікке түсірген сәтке бейнетіркеу жүргізіп, Инстаграмға шығарады. УСК әрекеттері қандай?

### **21-КЕЙС «Бүлінген бюллетень»**

Сайлаушы дауыс беруге арналған бюллетеньді бүлдіріп, УСК мүшесіне бүлінген бюллетеньді жаңасына ауыстыру туралы өтінішпен жүгінді. Сайлау комиссиясының әрекеттері қандай?

### **22-КЕЙС «Дауыс беру күні байқаушыны тіркеу»**

№ 350 УСК-да дауыс беру күні бірқатар саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық емес ұйымдардың байқаушылары қатысты. Сайлау комиссиясының төрағасы байқаушыны тіркеу үшін ол туралы деректерді есепке алу журналына енгізу арқылы байқаушыны жіберген ұйымның мөрі бар құжатты және оның жеке куәлігін көрсетуді сұрады. «А» саяси партиясының байқаушысы тек жеке куәлігін көрсетіп, оның өкілеттігін растайтын құжатты ұмытып кеткенін айтты. Байқаушы төрағадан оның смартфон бойынша өкілеттігін растайтын құжаттарды қабылдауын сұрады. УСК төрағасының әрекеттері қандай?

**Тақырып 4.4. Учаскелік сайлау комиссиясының дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін анықтау кезіндегі іс-қимыл тәртібі.**

### **23-КЕЙС «Дауыстарды санау»**

Қызылжар ауылының сайлау учаскесінде 900 сайлаушы бар. Дауыс беруге 800 сайлаушы қатысты, оның ішінде 300 сайлаушы 3 кандидатқа дауыс берді, 500 сайлаушы сайлау бюллетенінің «Барлығына қарсымын» деген бағанына белгі қойды. УСК әрекеттері қандай?

### **24-КЕЙС «Дауыстарды санау кезіндегі байқаушының құқықтары мен міндеттері»**

Дауыстарды санау рәсімінің басында К. деген байқаушы комиссия мүшелеріне сенімсіздік танытты және оған дауыстарды санауды жүргізетін УСК мүшелерінің жанында болу құқығын беруді талап етті. УСК әрекеттері қандай?

### **25-КЕЙС «Жарамсыз бюллетеньдер»**

2021 жылғы 5 қыркүйекте сайлау учаскесінде дауыстарды санау кезінде 112 жарамсыз сайлау бюллетеньдері белгіленді. Алайда, УСК хаттаманы толтыру кезінде тиісті бағанда жарамсыз сайлау бюллетеньдерінің болмағаны көрсетілген. Дауыстарды санау кезінде қатысқан кандидаттың сенім білдірген адамынан және саяси партияның байқаушысынан 2021 жылғы 6 қыркүйекте дауыстарды санау рәсімінің аудио және бейне жазбалары қоса берілген

хаттамада көрсетілген мәліметтердің шындыққа сәйкес келмейтіні туралы АСК-ға шағым түсті. АСК әрекеттері қандай?



## «АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛА, АУЫЛ, КЕНТ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ» ІСКЕРЛІК ОЙЫНЫ

**«Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидаттарды ұсыну және тіркеу» іскерлік ойынын өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар**  
(оқытушыға арналған нұсқаулық)

### **Жалпы ережелер**

Бұл іскерлік ойын белсенді оқыту әдістерінің бірі болып табылады, «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің сайлау процесінің ерекшеліктері» 3-тарауын зерделеу аяқталғаннан кейін семинардың бірінші күні өткізіледі.

*Іскерлік ойынның мақсаттары:*

1) Аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің ОӘК тақырыптары бойынша алған білімдерін бекіту:

3.1 «Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерінің сайлауын тағайындау. Аумақтық сайлау комиссиясының құзыреті»;

3.2 «Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттар ұсыну»;

3.3 «Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды тіркеу»;

2) Аумақтық сайлау комиссиялары басшыларының кандидаттарды көрсетілген рәсімдерге байланысты мәселелер бойынша оқыту дағдыларын, сондай-ақ әртүрлі жағдайлардағы коммуникациялық дағдыларын пысықтауы.

*Іскерлік ойынға қатысушылар:* семинарға қатысатын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері. Сондай-ақ ойынды бағалау үшін сайлау комиссияларының тәжірибелі мүшелерінің немесе партия өкілдерінің арасынан тәуелсіз сарапшылар тартылуы мүмкін.

*Қатысушылар саны:* 15 адам. Егер семинарға қатысушылардың саны 15 адамнан асса, олардың 2-3-ін сарапшылар ретінде, ал қалғандарын кандидаттардың сенім білдірілген адамдары ретінде тарту ұсынылады.

Іскерлік оқу ойынының оңтайлы ұзақтығы – 2 академиялық сағат.

### **Оқыту әдісінің негіздемесі**

«Әкімдікке кандидаттарды ұсыну және тіркеу» Күнтізбелік жоспардың кезеңі АСК-ның әрбір мүшесінен заңнамалық нормаларды мінсіз сақтауды, коммуникациялық дағдылардың жоғары деңгейін қоса эмпатияны, клиентке бағдарлануды және конфликтологияны талап етеді.

Іскерлік ойын, кәсіби қызметті ойын түрінде оқыту әдісі ретінде, белгіленген ережелерге сәйкес АСК мүшелеріне ойын жағдайында берілген

жағдайларда өз функцияларын орындауға және алқалы шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар іскерлік ойын АСК және УСК мүшелеріне кәсіби қызметтің әр түрлі жағдайларын модельдеуге, нақты жағдайларда азаматтардың негізсіз өтініштерін болдырмауға көмектеседі.

Іскерлік ойын түрі: симуляциялық, алдын-ала сипатталған рөлдер аясында ойын дизайнын және әртүрлі жағдайларды модельдеуді пайдалану арқылы.

Шындықтың көрінісі: нақты, практикалық.

Қиындық деңгейі: жоғары емес.

Нәтижелерді бағалау: баллдық, көп сатылы: мұғалімнің бағасы, сыртқы сараптамалық бағалау, ішкі бағалау, өзін-өзі бағалау.

Регламент: қатаң, нақты іс-қимыл тәртібімен, нұсқауларды сақтаумен, уақытша шектеулермен.

Өткізу уақыты: 2 академиялық сағат. Дайындық кезеңі қажет емес.

Түпкілікті нәтиже: «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес қабылданған және кандидаттардың назарына қолжетімді нысанда жеткізілген алқалы шешімдер.

Осы әдістемені аумақтық комиссия мүшелерін оқыту үшін пайдаланудың артықшылықтары:

➤ ойын дауыс беру күнін ұйымдастыру мен өткізуде кәсіби тәжірибе жинақтау уақытын түбегейлі қысқартуға мүмкіндік береді;

➤ ойын әртүрлі оқиғалармен тәжірибе жасауға, нақты жағдайларда проблемаларды шешудің түрлі стратегияларын қолдануға мүмкіндік береді;

➤ іскерлік ойындағы білім нақты процесте, іскерлік ойын сюжетін дамыту қарқынында, кәсіби қызметтің тұтас бейнесін қалыптастыруда игеріледі;

➤ бұл ойын әлеуметтік дағдыларды игеруге мүмкіндік береді: ынтымақтастық, көшбасшылық, қарым-қатынас, шешімдер қабылдау, эмоционалды интеллект, стресске төзімділік.

### **Оқытушының рөлі**

Ойын басталғанға дейін оқытушы келесі талаптардың орындалуына көз жеткізуі керек:

1) Ойын 3.1 «Әкімдерді сайлауды тағайындау. Аумақтық сайлау комиссиясының құзыреті», 3.2 «Әкімдікке кандидаттарды ұсыну», 3.3 «Әкімдікке кандидаттарды тіркеу» тақырыптарының логикалық қорытындысы болуы тиіс.

2) Іскерлік ойынға қатысушылар мен оқытушы ойынның мақсаттары, міндеттері мен күтілетін нәтижелерін бірдей түсінеді.

3) Іскерлік ойын сценарийі мен қатысушылардың рөлдері нақты кәсіби жағдайларға мүмкіндігінше жақын, оларды оқытушы мен қатысушылардың өздері реттей алады;

4) Топта шығармашылық ізденіс пен жеңілдік атмосферасы қалыптасқан. Іскерлік ойында дайын шешімдер жоқ, сондықтан іскерлік ойынның сәттілігі барлық қатысушылардың максималды қатысуына байланысты. Бұл жағдайда әр қатысушы рөлі мен функциясына сәйкес өзінің жекелеген міндетін шешеді.

5) Ойынды өткізу үшін арнайы бөлме мен жабдықтар қажет емес.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ловчева Л.В. Деловая игра как один из активных игровых методов // Научно-методический электронный журнал «Концепт». 2016. Т. 23. С. 42-46. URL: <http://e-koncept.ru/2016/56389.htm>.

2. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход: Метод. пособие. – М.: Высш. шк., 1991.

3. Атаманова Р.И., Толстой Л.Н. Деловая игра: сущность, методика конструирования и проведения: Учеб. пособие. – М.: Высш. шк., 2004.

4. Обзор деловых игр [Электронный ресурс]. URL: <http://md-HR.ru>. Н.Рыжик, О.Молотова, ВФ МГУТУ. 2016 г.

**«Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне  
кандидаттарды ұсыну және тіркеу» іскерлік ойынның сценарийі**  
(ойынның жүргізушісіне және негізгі қатысушыларына  
арналған нұсқаулық)

**Іскерлік ойынды дайындау және өткізу жоспары**

Іскерлік ойын ұйымдастырушылары келесі командаларды құрайды:

*№ 1 команда «Аумақтық сайлау комиссиясы»:* комиссия төрағасы, төрағасының орынбасары, хатшысы, сайлау комиссиясының мүшелері. Команданың әр мүшесі жағдайлардың біріне қатысқаны жөн.

*№ 2 команда «А және Б саяси партияларынан кандидаттар»* (2 адам – кандидаттар рөлін атқарады, қалғандары – сенім білдірілген адамдар).

*№ 3 команда «Өзін – өзі ұсынған кандидаттар»* (2 адам – кандидаттар рөлін атқарады, қалғандары – сенім білдірілген адамдар).

*№ 4 команда «Атына АСК сұраныстары жіберілетін мемлекеттік органдардың өкілдері».* Полиция департаментінің, прокуратураның, мемлекеттік қызметтің өкілдерінен құралған команда ойынның бірінші кезеңінде «кадрдан тыс» көрермендер болады және сонымен бір мезгілде кандидаттар бойынша сайлау комиссиясының сұрау салуларына жауаптардың нұсқаларын дайындайды, олар ойынның бірінші кезеңі аяқталғаннан кейін жүргізушіге беріледі.

*Іскерлік ойын үшін жұмыс орындары мен жабдықтарды дайындау:*

- үстелдер, орындықтар;
- ақпараттық стенд;
- негізгі күндер күнтізбесі (Күнтізбелік жоспарға сәйкес);
- нормативтік-құқықтық құжаттар: ҚР Конституциясы, «ҚР-дағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңы, «ҚР мемлекеттік қызметі туралы», «ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР заңдары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру үшін қажетті құжаттардың тізбесі, оны Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган Орталық сайлау комиссиясымен бірлесіп белгілейді;
- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне кандидаттар және олардың сенім білдірген адамдарына арналған жаднама;
- жеке қорғану құралдары.

**I бөлім. «Әлеуетті кандидаттармен жұмыс»**

**Жүргізуші** іскерлік ойынның атауын жариялайды және оның негізгі мақсаттарымен таныстырады, күнтізбелік жоспардың рәсімдеріне қолданылатын негізгі күндерін – сайлау күнін белгілеу мен сайлау күнін хабарлайды.

**Комиссия төрағасы:**

«Қайырлы күн, бүгін біз ауылдық округ әкімінің сайлауын өткізу бойынша негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес жекелеген рәсімдерді өткіземіз.

Құрметті сайлау комиссиясының мүшелері, сайлау комиссиясының ағымдағы жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ қаулысына сәйкес «\_\_\_» ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалған, ол 2021 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ өтеді.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 113-3-бабының 5-тармағына сәйкес, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен бастап кандидаттарды ұсыну басталады (*күнін атайды*). Ұсыну рәсімі сайлау өткізілетін күннен он бес күн бұрын 18 сағат 00 минутта аяқталады (*күнді атайды*)».

**1-жағдай: Өзін-өзі ұсынған кандидаттың құжаттарын қабылдау**

Өзін-өзі ұсынған әлеуетті кандидат комиссия мүшесіне «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-5-бабының 6-тармағына сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынады, атап айтқанда:

- 1) жеке куәлігі;
- 2) ауылдық округ әкімдігіне кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш;
- 3) өмірбаяндық мәліметтер;
- 4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) активтері мен міндеттемелері туралы декларациялар тапсырғаны туралы мемлекеттік кіріс органының анықтамалары;
- 5) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжат;
- 6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіне кіретін азаматтарға арнайы тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттар.

**Комиссия хатшысы ұсыну үшін құжаттарды қабылдау рәсіміне түсініктеме береді және хабарлайды:**

«Құрметті кандидат, Сіздің құжаттарыңызды сайлау комиссиясы қабылдайды. Сонымен қатар, құжаттарды қабылдағаннан кейін Сізге қатысты заңнама талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізілетінін түсіндіреміз, атап айтқанда:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы (болмауы);
- 2) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы (болуы); сот заңда белгіленген тәртіппен таныған сыбайлас жемқорлық қылмысының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының болмауы (болуы);
- 3) «Б» корпусы мемлекеттік қызметшісінің Е-Р-1 санатындағы – ауылдық округтың әкімі лауазымының біліктілік талаптарына сәйкестігі.

Тексеру жүргізіп, сәйкестікті анықтағаннан кейін Сізге кандидат ретінде Сізді қолдау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік (яғни ауылдық округ) сайлаушыларының қолдарын жинау рәсімінен өту және сайлау комиссиясына

сайлау жарнасының енгізілгенін растайтын құжатты ұсыну қажет. Қол жинауды Сіздің сенім білдірілген адамдарыңыз жүзеге асыратынына назар аударамыз. Сайлау комиссиясына Сіздің сенім білдірілген адамыңыз болуға өзінің келісімі туралы өтініш беретін кемінде үш сенім білдірілген адам алуға құқығыңыз бар. Сенім білдірілген адамдарда сайлау комиссиясында тіркеу рәсімінен өтеді, оларға куәлік беріледі.

Біз кандидаттар үшін сайлау процесінің маңызды күндерін және туындаған мәселелер бойынша кеңес беретін жауапты тұлғалардың байланыстары көрсетілген арнайы жаднама дайындадық (*жаднама береді*).

Сізде тағы сұрақтар болады ма? Рахмет. Сау болыңыз!»

## **2-жағдай:** *Өзін-өзі ұсынған кандидаттың құжаттарын қабылдау*

Әлеуетті кандидат – ауданда көп жылдар бойы ауылдық округтердің бірін басқарған белгілі адам комиссия хатшысына жеке куәлігін ұсынады және оны кандидат ретінде тіркеуді сұрайды.

Ол кандидат ретінде өзі туралы барлық мәліметтерді көптеген деректер базасымен, соның ішінде сайлау комиссияларының базаларымен интеграцияланған ақпараттық жүйелерде ЖСН арқылы алуға болады деп есептейді.

**Комиссия хатшысы** (*ұсыну үшін құжаттарды қабылдау рәсіміне түсініктеме береді*):

«Құрметті кандидат, Сіз ұсынуға берген құжаттар жеткіліксіз. Сізді кандидат ретінде тіркеуге жіберу үшін талаптарға сәйкестік рәсімін жүргізу қажет.

Сайлау заңнамасына сәйкес әрбір кандидат бойынша мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтіліне қарамастан, «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның, «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңның, «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның талаптарына сәйкестігін белгілеу рәсімі жүргізіледі.

Сіздікі дұрыс, азаматтығы бар (жоқ), заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының жоқ (бар) екендігі туралы; сот заңда белгіленген тәртіппен таныған сыбайлас жемқорлық қылмысының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ЖСН бойынша алуға болады. Сонымен қатар «Б» корпусы мемлекеттік қызметшісінің Е-Р-1 санатындағы ауылдық округ әкімі лауазымына біліктілік талаптарына сәйкестігін белгілеу үшін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган Орталық сайлау комиссиясымен бірлесіп бекіткен тізбеге сәйкес растайтын құжаттарды ұсынуыңыз қажет.

Демек, кандидат құжаттарды белгіленген тізбеге сәйкес ұсынуы керек.

Сіз осы тізбемен таныса аласыз (*тізбені көрсетеді және құжаттарды оқиды*). Сондай-ақ біз Сіздерге жаднама дайындадық, онда құжаттарды жинаудың алдағы тәртібі толық көрсетілген.

Сәйкестікті анықтағаннан кейін қол жинау керек екенін түсіндіреміз!

Егер құжаттарды жинау барысында сұрақтар туындаса, Сіз біздің комиссияға да жүгіне аласыз. Біздің байланыс телефондарымызды жазып алыңыз (*стендте телефон нөмірлері бар ақпаратты көрсетеді*).

Сізде тағы сұрақтар болады ма? Рахмет. Сау болыңыз!»

### **3-жағдай:** *Партия өкілі-кандидаттың құжаттарын қабылдау*

«А» партиясынан әлеуетті кандидат келесі құжаттарды ұсынады:

➤ аумақтық филиалдың мөрімен және филиал басшысының қолымен расталған саяси партия филиалының атқарушы органы президиумның кандидатты ұсыну туралы шешімінің көшірмесі; расталады;

➤ осы саяси партияны мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;

➤ әкімдікке кандидат болып дауысқа түсуге келісімі туралы өтініш;

➤ өмірбаяндық мәліметтер;

➤ оның саяси партияға мүшелігін растайтын құжат.

**Комиссия хатшысы** (*ұсыну үшін құжаттарды қабылдау рәсіміне түсініктеме береді*):

«Құрметті саяси партияның өкілі, Сіз ұсынуға берген құжаттардың арасында сәйкессіздіктер бар.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-5-бабының 5-тармағына сәйкес сайлау комиссиясына саяси партия филиалының жоғары басшы органы отырысының кандидатты ұсыну жөніндегі хаттамасынан үзінді көшірме ұсыну қажет, ал Сіздің саяси партияңыз партия филиалының атқарушы органы төралқасы шешімінің көшірмесін ұсынып отыр».

### **Комиссия төрағасы** (*түсіндіреді*):

«Құрметті саяси партияның өкілі, кандидатураны ұсынуды аяқтау мерзімі \_\_\_\_\_ айдың \_\_\_ күні. Құжаттарды сайлау заңнамасының талаптарына сәйкес ұсынған және сәйкестік рәсімінен табысты өткен кезде кандидат тіркелуі мүмкін.

Сізге құжаттарды жинау тәртібі толық көрсетілген жадынаманы ұсынамыз. Егер құжаттарды жинау барысында сұрақтар туындаса, Сіз біздің комиссияға да жүгіне аласыз. Біздің байланыс телефондарымызды жазып алыңыз (*стендте телефон нөмірлері бар ақпаратты көрсетеді*).

Сізде тағы сұрақтар болады ма? Рахмет. Сау болыңыз!»

### **4-жағдай:** *Партия өкілі – кандидатты тіркеу*

«Б» саяси партиясынан әлеуетті кандидат «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-5-баптың 5-тармағына сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынады, оның ішінде:

➤ мемлекеттік кіріс органының кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) ағымдағы жылдың 1 сәуіріне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырғаны туралы анықтама;

- кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат.

**Комиссия хатшысы** (ұсыну үшін құжаттарды қабылдау рәсіміне түсініктеме береді):

«Құрметті саяси партияның өкілі, Сіз ұсынған құжаттардың арасында сәйкессіздіктер бар.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-5-бабының 3-тармағына сәйкес сайлау комиссиясына ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсырғаны туралы анықтама ұсыну қажет. Күнтізбелік жоспарға сәйкес кандидаттарды ұсыну 2021 жылғы «\_\_» маусымда басталды. Сондықтан декларацияны 2021 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша тапсыру қажет»

**Комиссия төрағасы** (түсіндіреді):

Ұсынылған құжаттар бойынша Конституциялық заңға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкестігін белгілейміз.

Сәйкестікті анықтағаннан кейін, \_\_ \_\_ \_\_ дейінгі мерзімде (тіркеу аяқталғаннан) Сізге 2021 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша декларацияларды тапсыру туралы анықтамаларды ұсыну қажет.

«Құрметті саяси партияның өкілі, кандидатураны ұсынуды аяқтау мерзімі 2021 жылғы «\_\_» маусым. Құжаттарды сайлау заңнамасының талаптарына сәйкес ұсынған және сәйкестік рәсімінен табысты өткен кезде кандидат тіркелуі мүмкін.

Сізге құжаттарды жинау тәртібі толық көрсетілген жадынаманы ұсынамыз. Егер құжаттарды жинау барысында сұрақтар туындаса, Сіз біздің комиссияға да жүгіне аласыз. Біздің байланыс телефондарымызды жазып алыңыз (*стендте телефон нөмірлері бар ақпаратты көрсетеді*).

Сізде тағы сұрақтар болады ма? Рахмет. Сау болыңыз!»

**Комиссия төрағасы** ұсынуды қорытындылайды және қабылданған құжаттардың санын айтады.

«Бүгін 2021 жылғы «\_» маусым сайлау комиссиясына 4 өтініш келіп түсті. Оның ішінде өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылған кандидаттардан екі өтініш және саяси партиялардан екі өтініш.

Бір кандидаттан құжаттар қабылданды. Үш әлеуетті кандидаттан, олардың сайлау заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты, құжаттары қабылданбады:

- № 2 кандидат құжаттар пакеті толық емес;
- № 3 және № 4 кандидаттар ұсынылған құжаттардың сәйкессіздігі.

Осылайша, сайлау комиссиясы № 1 кандидатқа қатысты талаптарға сәйкестігін анықтау бойынша рәсімдерді бастайды».



## II бөлім. «Кандидаттардың оларға қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау бойынша АСК отырысын өткізу»

Бірінші кезеңнің шарты бойынша төрт кандидаттың ішінен бір кандидаттан құжаттар қабылданды. Алайда, ойынның екінші кезеңін өткізу үшін қалған үш кандидат қажетті құжаттар пакетін кейінірек ұсынды деген шарт қабылданады.

Осылайша, ойынның екінші кезеңінің басында сайлау комиссиясы төрт кандидаттың істерін қарайды.

Ойынның екінші кезеңі басталар алдында «Мемлекеттік органдардың өкілдері» командасы жүргізушіге кандидаттар бойынша сұрауларға мемлекеттік органдардың әртүрлі жауап нұсқаларын береді, кейін олар «комиссия төрағасына» беріледі.

### Мемлекеттік органдардың жауап нұсқалары:

1) Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы (болмауы);

- Қазақстан Республикасының азаматтығы бар;
- Ресей Федерациясының азаматтығы бар;
- Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар.

2) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы (болуы); сот заңда белгіленген тәртіппен таныған сыбайлас жемқорлық қылмысының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының болмауы (болуы);

- мәліметтер жоқ;
- қаруды дұрыс сақтамағаны үшін әкімшілік айыппұл;
- жылдамдықты асырғаны үшін әкімшілік айыппұл – 5 есе;
- полиция қызметкерінің талаптарын орындамағаны үшін әкімшілік айыппұл;
- қоғамдық орында алкогольдік масаң күйде болғаны үшін әкімшілік айыппұл
- өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтамағаны үшін әкімшілік айыппұл.

3) «Б» корпусы мемлекеттік қызметшісінің Е-R-1 санатындағы – ауылдық округ әкімінің лауазымының біліктілік талаптарына сәйкестігі.

- сәйкес/сәйкес емес.

### Жүргізуші «АСК отырысы» ойын кезеңін ұсынады»:

Күнтізбелік жоспарға сәйкес АСК отырысы өткізіледі. Отырысқа саяси партиялар және басқа да мүдделі тұлғалар қатыса алады.

### Комиссия төрағасы:

«Құрметті комиссия мүшелері, біз бүгін кандидаттардың заңнама талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша отырыс өткіземіз.

\_\_\_ комиссия мүшелерінің \_\_\_ қатысып отыр.

Кворум бар. Біз отырысты бастай аламыз.

Отырысқа шақырылды және қатысып отыр (*атайды*).

Күн тәртібінде кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігін белгілеу туралы мәселе. Аумақтық сайлау комиссиясы мемлекеттік органдарға (*атайды*) анықтау үшін сұрау жіберді:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;
- 2) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы (болуы); сот заңда белгіленген тәртіппен таныған сыбайлас жемқорлық қылмысының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының болмауы (болуы);
- 3) біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы».

### **Комиссия төрағасы:**

«Төрағаның орынбасарынан қатысушыларды әрбір кандидатқа ұсынылған материалдармен таныстыруды, ал комиссия хатшысынан келіп түскен барлық ескертулерді, ұсыныстарды және қабылданған шешімнің қорытындыларын хаттамаға енгізуді сұраймын».

**Комиссия төрағасының орынбасары** әрбір кандидатқа бір-бірден материалдар ұсынады, оның ішінде мемлекеттік органдардан алынған сауалдарға жауаптарды оқып береді: Кандидат № 1, № 2, № 3, № 4

*Комиссия әрбір кандидат бойынша жеке-жеке талқылау жүргізеді және шешім шығарады.*

**Комиссия төрағасы** отырысты қорытындылайды және хатшыдан мәліметтерді хаттамаға енгізуді, ал комиссия мүшелерінен хаттамаға қол қоюды сұрайды.

**Жүргізуші** ойынның аяқталғаны туралы хабарлайды, қатысушыларға алғыс айтады және ойынды талқылауға көшеді.

## «АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАР, АУЫЛДАР, КЕНТТЕР ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ КҮНІ» ІСКЕРЛІК ОЙЫНЫ

**«Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және  
ауылдық округтер әкімдерін сайлау күні»  
іскерлік ойынын өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар  
(оқытушыға арналған нұсқаулық)**

### **Жалпы ережелер**

Бұл іскерлік ойын белсенді оқыту әдістерінің бірі болып табылады, ол заңнамалық нормаларды, құқық қолдану практикасын, бақылау сұрақтарына жауаптарды және кейстерді талдаудан кейін тренингтің соңғы күні өткізіледі.

*Іскерлік ойынның мақсаты:* өзара іс-қимыл мен қарым-қатынас, көшбасшылық және шектеулер жағдайында ұжымдық ақыл-ой мен практикалық жұмыс есебінен аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің бірлесе шешім қабылдау құзыреттерін қалыптастыру.

*Міндеттері:*

- ✓ қатысушылардың әр түрлі көзқарастар мен оларды салыстыру жолдарын іс жүзінде бағалау қабілетін арттыру;
- ✓ қатысушылардың назарын қандай да бір маңызды ұғымға, санатқа, заңға, нұсқаулыққа аудару;
- ✓ сайлау процесінің барлық қатысушыларының мінез-құлқының әртүрлі модельдерін сынақтан өткізу.

*Күтілетін нәтижелер:* аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің әкімдерін сайлау бойынша дауыс беру күні нақты және типтік жағдайларда заңдылықты және адам құқықтарын сақтауға негізделген оңтайлы шешімдер қабылдауға қабілетті. Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары ерекше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою үшін көшбасшылық және команданы жұмылдыру дағдыларына ие.

*Іскерлік ойынның қатысушылары:* семинарға қатысатын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері. Сондай-ақ ойынды бағалау үшін сайлау комиссияларының бұрынғы тәжірибелі мүшелерінің немесе партия өкілдерінің арасынан тәуелсіз сарапшылар тартылуы мүмкін.

*Қатысушылар саны:* 25 адам. Егер семинарға қатысушылар саны 25 адамнан асса, олардың 2-3-ін сарапшы ретінде, ал қалғандарын сайлаушы ретінде тарту ұсынылады (қосымша рөлдерді оқытушы әзірлеуі немесе қатысушылардың өздері ойнауы мүмкін).

Іскерлік оқу ойынының оңтайлы ұзақтығы – 4 сағат. Мұндай шектеулі уақыт курстың жалпы ұзақтығына сөзсіз сәйкес келуіне мүмкіндік береді.

## Оқыту әдісінің негіздемесі

АСК және УСК құрамына түрлі партиялардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың өкілдері кіреді. Атап өту қажет:

- АСК және УСК мүшелерінің әкімдерді сайлау науқандарына қатысу тәжірибесінің түрлілігі;
- АСК және УСК мүшелерінің заңнаманы базалық білімдері мен практикалық кәсіби қызмет дағдыларын игеруінің біркелкі еместігі;
- жас ауқымының кеңдігі.

Сонымен қатар сайлауды ұйымдастыру – бұл АСК мен УСК-ның әр мүшесінің дауыс беру күнін өткізуде тиімді жұмыс істеуін, барлық ресурстарды жұмылдыруды және сонымен бірге адамдармен жұмыс жасау кезінде эмпатия, клиентке бағдарлану және конфликтология сияқты дағдыларын қажет ететін күрделі процесс.

Іскерлік ойын, кәсіби іс-әрекетті ойын түрінде оқыту әдісі ретінде, берілген ойын жағдайында белгіленген ережелерге сәйкес, АСК мен УСК мүшелеріне кәсіби іс-әрекетке еліктеп, ұжымдық қарым-қатынасқа түсу арқылы өз функцияларын орындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, іскерлік ойын АСК және УСК мүшелеріне кәсіби қызметтің әртүрлі жағдайларын (соның ішінде экстремалды) модельдеуге және оны жүзеге асырудың жаңа тәсілдерін табуға көмектеседі.

Іскерлік ойын құрастыру кезінде УСК-ның кәсіби қызметінің ең шарықтау шегі-аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің әкімдерін сайлау бойынша дауыс беру күні таңдалды.

Іскерлік ойынның түрі: алдын-ала сипатталған рөлдер аясында ойын жобасын және әртүрлі жағдайларды модельдеу қолданылған симуляциялық.

Шындықтың көрінісі: нақты, практикалық.

Қиындық деңгейі: жоғары, бірнеше команда, бірнеше сюжеттік желілер.

Нәтижелерді бағалау: баллдық, көп сатылы: оқытушының бағасы, сыртқы сараптамалық бағалау, ішкі бағалау, өзін-өзі бағалау.

Регламент: қатаң, нақты іс-қимыл тәртібімен, нұсқауларды сақтаумен, уақытша шектеулермен.

Өткізу уақыты: 4 академиялық сағат. Бұл уақытқа дайындық кезеңі кірмейді, оны командалар өздері жоспарлайды.

Соңғы нәтиже: еркін, ашық ойындар, онда алдын-ала белгілі жауап жоқ, ережелер әр ойын үшін ойлап табылған, қатысушылар құрылымданбаған мәселені шешу үшін жұмыс істейді.

Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін оқыту үшін осы әдістемені пайдаланудың артықшылықтары:

- ойын дауыс беру күнін ұйымдастыру мен өткізуде кәсіби тәжірибе жинақтау уақытын түбегейлі қысқартуға мүмкіндік береді;
- ойын әртүрлі оқиғалармен тәжірибе жасауға, нақты жағдайларда проблемаларды шешудің әртүрлі стратегияларын қолдануға мүмкіндік береді;
- іскерлік ойындағы білім нақты процесте, іскерлік ойын сюжетін дамыту динамикасында, кәсіби қызметтің тұтас бейнесін қалыптастыруда игеріледі;

➤ ойын әлеуметтік дағдыларды игеруге мүмкіндік береді: ынтымақтастық, көшбасшылық, коммуникация, шешім қабылдау, эмоциялық интеллект, күйзеліске төзімділік;

➤ ойынның өзін-өзі реттеуі оған бүкіл топты, оның ішінде тәжірибесі жоқ қатысушыларды барынша тарту және оқытушының араласуын бір уақытта азайту арқылы қамтамасыз етіледі (оқытушыны бақылаушы ретінде пайдалануға рұқсат етіледі);

➤ іскерлік ойын кері байланысқа толы және дәстүрлі әдістерде қолданылатынмен салыстырғанда анағұрлым мазмұнды;

➤ ойын барысында кәсіби қызметтің көзқарастары қалыптасады, стереотиптер оңай жеңіледі, өзін-өзі бағалау түзетіледі;

➤ әдіс рефлексивті процестердің қосылуын тудырады, түсіндіру, мінез-құлық пен нәтижелерді түсінуге мүмкіндік береді.

### **Оқытушының рөлі**

Оқытушы ойынды дайындау және оны рефлексивті бағалау кезеңінде белсенді. Оқытушы ойын процесіне неғұрлым аз араласса, оның оқыту мәні соғұрлым жоғары болады.

Ойын барысында оқытушы барлық негізгі параметрлерді келесіде талқылау үшін бағалау парағына жазады. Ең бастысы-ойын ережелерін сақтау. Іскерлік ойында әдеттегі көзқарас бойынша тәртіп бұзушылықтарға (мысалы, аудиториядан өз еркімен шығуға) жол берілмейді.

Ойын басталғанға дейін оқытушы келесі талаптардың орындалуына көз жеткізуі керек:

1) Ойын-бұл курстың логикалық аяқталуы. Практикалық сабақтарда тыңдаушылар кейстерді шешуге белсенді қатысады және бақылау сұрақтарына қолданыстағы заңнамаға сәйкес дұрыс жауаптар береді.

2) Іскерлік ойынға қатысушылар мен оқытушы мақсаттарды, міндеттерді және күтілетін нәтижелерді бірдей түсінеді.

3) Іскерлік ойынға қатысушылар мен оқытушы симуляциялық дауыс берудің шартты уақытының 4 сағаты нақты дауыс беруді дайындау және өткізу үшін қажетті бірнеше күн екенін түсінеді;

4) Іскерлік ойын сценарийі мен қатысушылардың рөлдері нақты кәсіби жағдайларға мүмкіндігінше жақын, оларды оқытушы мен қатысушылардың өздері реттей алады;

5) Топта шығармашылық ізденіс пен жеңілдік атмосферасы құрылды. Іскерлік ойында дайын шешімдер жоқ, сондықтан іскерлік ойынның сәттілігі барлық қатысушылардың максималды қатысуына байланысты. Бұл ретте әрбір қатысушы өзінің жеке міндетін өз рөліне сәйкес шешеді. Іскерлік ойынға қатысушылар сипатталған рөлдерді толықтыра және күшейте алады. Үлкен сенімділік беру үшін, егер бұл ойын мен рөлдің негізгі мақсатына қайшы келмесе, қатысушылардың реквизиттерді пайдалануы, сыртқы келбетін, мінез-құлқын өзгертуі ұсынылады.

6) Ойынды өткізу үшін қажетті үй-жай мен жабдық бар.

## Іскерлік ойынды өткізу алгоритмі

### Бірінші кезең. Іскерлік ойынға дайындық

Семинардың екінші күнінің соңында оқытушы қатысушыларды іскерлік ойынның мақсаттарымен және ережелерімен таныстырады, № \_ сайлау учаскесінде (*ойын өтетін қаланың, ауданның учаскелерінің бірі*) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің әкімдерін сайлау бойынша дауыс берудің басталуы мен аяқталуының шартты күнін, уақытын және сайлау қорытындыларын шығару уақытын жариялайды.

Мысалы, күні – 15 қыркүйек. Дауыс берудің басталуы сағат 10.00-де, аяқталуы сағат 12.00-де, учаскелік комиссия мүшелерінің учаскені ашуға, дауыс беру аяқталғаннан кейін дауыстарды санауға және сайлау нәтижелерін жариялауға уақыты болуы үшін, мысалы, сағат 13.00-де. Уақыт шартты, егер дауыс беру немесе дауыстарды санау бұрын жүргізілген болса, онда дауыс беру нәтижелерін ертерек жариялауға болады.

### Рөлдермен және сценариймен танысу

Ойынның барлық қатысушыларына рөлдер беріледі:

➤ осы учаскедегі бір мезгілде сайлаушылар болып табылатын сайлау комиссиясының 5 мүшесі;

➤ 1 полиция қызметкері, ол бір уақытта осы учаскеде сайлаушы болып табылады;

➤ бір мезгілде осы учаскедегі сайлаушылар болып табылатын 5 байқаушы;

➤ бір мезгілде осы учаскедегі сайлаушылар болып табылатын БАҚ-тың 2 өкілі;

➤ 18 жасқа толған 2 жас сайлаушы;

➤ мүмкіндіктері шектелгендіктің шартты белгілері бар 2 сайлаушы (зейнеткер, көзі нашар көретін мүгедек);

➤ байқаушылардың халықаралық миссиясының өкілі.

! Оқытушы әр топқа жеке нұсқаулар береді.

### Бірінші топқа арналған нұсқаулық: УСК мүшелері

#### Топтың міндеттері:

➤ сайлау Қазақстан Республикасының заңнамасына толық сәйкес өткізу;

➤ бір команда болып әрекет етуі, сонымен бірге әркім өз функцияларын орындауы.

УСК-ның бірінші отырысында оқытушының немесе сарапшының бақылауымен топ төрағаны, орынбасарды және хатшыны сайлайды.

УСК отырысынан кейін үй-жайды дайындау, сайлаушылар тізімдерін, сайлау бюллетеньдерінің бланкілерін, хаттама бланкілерін, бейджерді, куверткаларды және т.б. дайындау бойынша іс-шаралар дербес жүргізіледі.

УСК-ның сайланған төрағасы заңнамаға сәйкес дауыс беруді өткізуді қамтамасыз етуде басты рөл атқарады. Ол дауыс беруді өткізу алдында УСК мүшелеріне қосымша нұсқау бере алады.

! Дауыс беру кезінде УСК мүшелеріне нұсқау беруге рұқсат етілмейді.

Екінші топқа арналған нұсқаулық: байқаушы – сайлаушыларТоптың міндеттері:

- УСК-нің дауыс беруді өткізу жөніндегі жұмысын бағалау;
- дауыс беру кезінде байқаушылардың өздері дауыс беру кезінде пайда болатын типтік, нақты жағдайларды мүмкіндігінше көп пайдалану;
- өз рөлдерін ұстана отырып, бір команда болып әрекет ету.

Байқаушылар өз рөлдерін орындау үшін куәліктер мен қажетті құжаттарды дайындайды. Топ мүшелері оқытушының көмегімен жағдайдың әртүрлі нұсқаларын қамтудан максималды әсер қамтамасыз ету үшін әркімнің дауыс беру уақытын талқылайды.

Үшінші топқа арналған нұсқаулық: сайлаушыларТоптың міндеттері:

- дауыс беру кезінде болатын өмірлік жағдайларды мүмкіндігінше көп пайдалану;
- егер олар рөлдерде сипатталмаса да, стандартты емес жағдайларды модельдеу;
- өз рөлдерін ұстана отырып, бір команда болып әрекет ету.

Топ мүшелері оқытушының көмегімен сипатталған рөлдердің максималды әсерін қамтамасыз ету үшін әркімнің дауыс беру уақытын талқылайды.

*Назар аударыңыз! Рөлдермен алмасуға болмайды! Семинардың барлық қатысушылары ойынға қатысып, өздерін кез келген рөлде сынап көруі керек. Ерекше гендерлік белгілері бар рөлдер үшін ерекшелік рұқсат етіледі.*

Қатысушылар бір топта болса да бір-біріне рөлдерді көрсетпейді.

**Іскерлік ойын үшін үй-жайды дайындау**

Ойынға қатысушылар – учаскелік комиссияның мүшелері мүмкіндігінше сайлау учаскесінде дауыс беруге арналған үй-жайды, дауыс беруге арналған пунктті жарактандыру жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын ұстана отырып, үй-жайды алдын ала дайындайды<sup>14</sup>.

Сондай-ақ қатысушылар осы учаске бойынша сайлаушылар тізімдерін және сайлау бюллетеньдерін алдын ала дайындайды.

Осы кезеңде сайлау комиссиясының бірінші отырысы өткізіледі, онда учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері төрағаны, орынбасарды және хатшыны сайлайды.

**Екінші кезең. Дауыс беру күні**

Ойынға қатысушылар – үй-жайдың дауыс беруге дайын екендігіне көз жеткізген учаскелік комиссия мүшелері белгіленген уақытта дауыс беруге арналған учаскені ашады. Дауыс беруге арналған үй-жайдың жанында кезекші полиция қызметкері орналасады.

<sup>14</sup> Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 25 тамыздағы № 12/199 қаулысына қосымша, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2012 жылғы 23 қазандағы № 21/183 қаулысымен бекітілген

Оқытушы, байқаушылар мен сарапшылар учаскенің ашылу уақытын белгілейді. Сонымен қатар қатысушыларға кедергі жасамай, сарапшылар бөлменің дайындық деңгейін бағалай алады.

Заңнамаға сәйкес байқаушылар өз орындарына орналасады.

Учаске ашылған сәттен бастап сайлаушылар дауыс беруге өтеді. Байқаушылар да дауыс беруге қатысады. Учаскеге халықаралық байқаушылар миссиясының мүшесі, сондай-ақ БАҚ өкілдері барады.

УСК мүшелері де ыңғайлы уақытта дауыс береді.

Оқытушы мен сарапшы барлық рәсімдердің, ойыншылардың әрекеттерінің сақталуын мұқият қадағалап, бағалау парақтарын толтырады.

Дауыс беру аяқталғаннан кейін учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері байқаушылардың қатысуымен дауыстарды санауды жүргізеді және сайлау қорытындыларын жариялайды.

### **Үшінші кезең. Ойын қорытындыларын шығару және бағаларды талдау**

Ойынның нәтижелерін қорытындылау әр кіші топ пен сарапшылардың пікірлерін тыңдау арқылы жүзеге асырылады.

Әрбір сарапшы мен байқаушы әрбір кіші топ бойынша бағалау парағын толтырады: УСК мүшелері, байқаушылар, сайлаушылар. Сарапшылар мен байқаушылар төтенше жағдайларда жақсы білім, қарым-қатынас немесе көшбасшылық қабілеттерін көрсеткен жеке ойыншыларды атап өте алады.

Барлық бағалау парақтары оқытушыға беріледі, ол қорытынды бағаларды және жеңімпаздарды: көп ұпай жинаған кіші топ пен ойынға белсенді қатысқан қатысушыларды жариялайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ловчева Л.В. Деловая игра как один из активных игровых методов // Научно-методический электронный журнал «Концепт». 2016. Т. 23. С. 42-46. URL: <http://e-koncept.ru/2016/56389.htm>.

2. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход: Метод. пособие. – М.: Высш. шк., 1991.

3. Атаманова Р.И., Толстой Л.Н. Деловая игра: сущность, методика конструирования и проведения: Учеб. пособие. – М.: Высш. шк., 2004.

4. Обзор деловых игр [Электронный ресурс]. URL: <http://md-HR.ru>. Н.Рыжик, О.Молотова, ВФ МГУТУ. 2016 г.



**«Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ  
әкімін сайлау күні» іскерлік ойынының сценарийі**  
(ойын жүргізушісіне және негізгі қатысушыларына  
арналған нұсқаулық)

**Іскерлік ойынның мақсаттары:**

1) Учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің дауыс беру рәсімдерін меңгеруі, сайлаушылар тізімімен, сайлаушылардың, сенім білдірілген адамдардың, байқаушылардың ауызша және жазбаша өтініштерімен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын игеруі;

2) Учаскелік сайлау комиссиялары басшыларының сайлау процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасау, сайлаушылар тізімдерін қалыптастыру, дауыс беру және дауыстарды санау рәсімдері бойынша түсінік беру дағдыларын меңгеруі.

**Іскерлік ойынды дайындау және өткізу жоспары**

*Іскерлік ойын ұйымдастырушылары келесі командаларды құрайды:*

*№ 1 команда «Учаскелік сайлау комиссиясы»:* сайлау комиссиясының төрағасы, сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары, сайлау комиссиясының хатшысы, сайлау комиссиясының мүшелері (5-7 адам).

*№ 2 команда «Сайлаушылар»* (10 адам, қажет болған жағдайда байқаушыларды, сарапшыларды, комиссия мүшелерін қоса алғанда).

Сайлаушылар жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде сайлау бюллетенін алады және дауыс береді. Әрбір «сайлаушы» үшін төмендегі жағдайларда сипатталған рөл анықталады. Сонымен қатар, сайлаушылар «жасырын дауыс беруге» байланысты жағдайларды ойнай алады: бюллетеньде екі кандидатты белгілеу, бюллетеньді толтырмау, бюллетеньді қарындашпен толтыру және т.б.

*№ 3 команда «Байқаушылар»* (3 адам және одан көп).

**Іскерлік ойын үшін жұмыс орындары мен жабдықтарды дайындау:**

- дауыс беруге арналған тұрақты жәшік;
- дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшіктер;
- сайлау бюллетеньдерін толтыруға арналған кабина(лар);
- ақпараттық стенд;
- дауыс беруге арналған үй-жайдағы тәртіп қағидалары.

**!** Ойынның практикалық пайдасын арттыру үшін оны санитарлық талаптарға сәйкес жабдықталған сайлау учаскесінде өткізу ұсынылады.

**Комиссия төрағасының үстелінде келесі құжаттар бар:**

- тиісті белгілері бар сайлаушылар тізімі;
- бюллетеньдердің толтырылмаған бланкілері;

- АСК-дан алынған бюллетеньдер саны туралы акт.

### **Комиссия хатшысының үстелінде келесі құжаттар бар:**

- сайлау учаскесіндегі байқаушыларды және өзге де адамдарды тіркеу журналы;
- шағымдар мен өтініштерді тіркеу журналы;
- сайлау комиссиясы хаттамаларының бланкілері;
- шағымдар мен өтініштерді қарау бойынша шешімдердің үлгілері;
- комиссия мүшелеріне дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін беру тізілімі;
- дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігін беру туралы сайлаушылардың өтініштері, осындай өтініштерді есепке алу тізілімі.

### **I бөлім «Сайлау учаскесінде дауыс беруді ұйымдастыру»**

**Ойынды жүргізуші** ойынның негізгі мақсаттарымен және оның компоненттерімен таныстырады.

Іскерлік ойын барысында жүргізуші уақытты бақылайды және әр кезеңнің алдында бақылау уақытын жариялайды (5.45; 6.00; 6.30; 7.00; 12.00; 19.55; 20.00).

**Жүргізуші:** *«5 сағат 45 минут» уақытын және «Дауыс беру уақыты басталғанға дейін комиссия жұмысы» ойынының бірінші кезеңін жариялайды.*

Дауыс беруге арналған үй-жайда комиссия мүшелері болады;

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде байқаушылар және дауыс беретін күні сайлау учаскесінде болуға құқығы бар өзге де адамдар болады.

**Комиссия төрағасы** байқаушыларды және дауыс беру күні сайлау учаскесінде болуға құқығы бар өзге де адамдарды тіркеу үшін шақырады.

**Комиссия хатшысы** тіркеу рәсіміне түсініктеме береді.

**1-жағдай:** *Байқаушы түпнұсқасы үйде қалдырылғанын айтып, смартфондағы жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.*

**Комиссия хатшысы** төрағаға жүгінеді:

«Құрметті төраға, байқаушыда жеке басын куәландыратын құжат жоқ».

**Комиссия төрағасы** байқаушыға оның міндеттері мен құқықтарын түсіндіреді және дауыс беруге арналған үй-жайды босатуын сұрайды:

«Құрметті байқаушы! «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның

20-1 бабы, 3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, Сіздің жеке басыңызды куәландыратын құжаттың болмауына байланысты біз Сізді тіркей алмаймыз. Сондықтан Сізден үй-жайды босатуды сұраймыз. Сіз құжаттардың толық пакеті болған жағдайда сайлау учаскесіне оралуға құқылысыз».

**Комиссия төрағасы байқаушыларға түсіндіреді:**

«Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының саяси партиялары, өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушыларының, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларының, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің дауыс беру барысына, оның қорытындыларын шығаруға кедергі келтірмей және бұл ретте учаскелік сайлау комиссиясы айқындаған байқау аймағы шегінде дауыс беру құпиясын бұзбай фото -, аудио – және бейнежазба жасауға құқығы бар («ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 20-1 бап, 2-тармақ, 9-тармақшасы). Осы сайлау учаскесінде байқау, фото және бейнежазбаны жүзеге асыру аймағы айқындалды (*көрсетеді*). Сіздерді өз орындарыңызға жайғасуға шақырамын».

**Жүргізуші** «6 сағат 00 минут» уақытын және «Сайлау учаскесін дауыс беруді бастауға дайындау» ойын кезеңін жариялайды.

Дауыс беруге арналған үй-жайда комиссия мүшелері мен байқаушылар болады.

**Комиссия төрағасы учаскені ашуға дайындық туралы хабарлайды:**

«\_\_\_» ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша дауыс беру үшін № \_\_\_ сайлау учаскесін ашуға дайындыққа кірісеміз.

Сайлау бюллетеньдерін беру орны анықталды (*көрсетеді*). Жасырын дауыс беру үшін кабиналар, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған жеке кабиналар орнатылған. Залдың ортасында мөлдір тұрақты және 2 тасымалданатын сайлау жәшіктері орналасқан. Барлық қажетті ақпараттық материалдар дауыс беруге арналған үй-жайдың кіреберісіндегі стендте орналастырылған.

Дауыс беруге арналған үй-жайдағы адамдар сайлау комиссиясы бекіткен ережелерді, оның ішінде санитарлық ережелерді қатаң сақтауға міндетті.

Комиссия мүшелерінің сұрақтары мен тілектері бар ма? Жоқ. Комиссия мүшелерінен өз жұмыс орындарына орналасуды сұраймын».

**Жүргізуші** уақытты «6 сағат 30 минут» деп жариялайды.

**Комиссия төрағасы** байқаушыларға айтады:

«Байқаушылардан, комиссия мүшелерінен сайлау жәшіктерінің бос екеніне, бүлінбегеніне назар аударуды сұраймын».

*Комиссияның 2 мүшесі қарау үшін сайлау жәшіктерін ұсынады және оларға пломба (мөр басады) салады.*

**2-жағдай:** *Байқаушы мөр басылған кезде қол қоюға рұқсат сұрайды*

**Комиссия төрағасы** *байқаушыға түсіндіреді:*

«Құрметті байқаушы! Сайлау жәшіктерін пломбалау үшін қол қоюды талап етпейтін пломбалар қолданылады. Сіз сайлау жәшіктерінің бүтіндігіне көз жеткізе аласыз және өз орныңыздан пломбалау рәсімін бақылай аласыз»

**Комиссия төрағасы** *үй-жайдағы барлық адамдарға хабарлайды:*

«Пломба салу (мөр басу) рәсімі аяқталды. Хатшыдан бюллетеньдерді сейфтен алуды сұраймын» *(хатшы бюллетеньдерді сейфтен алады және оларды төрағаға береді).*

**Комиссия төрағасы:**

«Комиссия мүшелеріне сайлау бюллетеньдерін беруге кірісемін» *(комиссия мүшелеріне сайлау бюллетеньдерін таратады).*

**Комиссия төрағасы:**

«Барлық рәсімдер аяқталды. Құрметті комиссия мүшелері, бізге сайлау учаскесін ашу туралы хаттаманы толтыру қажет. Комиссия хатшысы, комиссия хаттамасын ұсынуды сұраймын» *(хатшы учаскені ашу туралы хаттаманы ұсынады. Комиссия мүшелері, хатшы, төрағаның орынбасары және комиссия төрағасы хаттамаға қол қояды).*

Учаскені ашу туралы мәліметтерді беру рәсімі ойнатылады.

**3-жағдай:** *Байқаушы сайлаушылар тізімін ұсынуды сұрайды*

**Комиссия төрағасы:**

«Құрметті байқаушы! Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны туралы ақпарат алуға құқылы («ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңның 20-1-бабының 2-тармағы). Сайлаушылар тізімдері берілмейді, өйткені оларда Қазақстан Республикасы азаматтарының дербес деректері бар».

**Комиссия төрағасы** *учаскенің ашылуға дайын екендігі туралы хабарлайды:*

Сайлау учаскесі дауыс беруге дайын.

**Жүргізуші** «7 сағат 00 минут» уақыты мен ойынның келесі кезеңін жариялайды: «Дауыс берудің басталуы».

*Қазақстан Республикасының әнұраны шырқалады.*

**Комиссия төрағасы:**

«Құрметті сайлаушылар, Сіздерді дауыс беруге шақырамыз!»

*Дауыс беруге арналған үй-жайға сайлаушылар кіреді, комиссия мүшелеріне өтеді.*

**Жүргізуші** жағдайды ойнату үшін «Тоқта кадр» жариялайды

**4-жағдай:** Сайлаушылар тізімінде байқаушы жоқ

**Комиссия мүшесі** төрағадан келуін сұрайды және оған сайлаушының тізімде жоқ екенін хабарлайды.

**Комиссия төрағасы:**

«Құрметті азамат, Сізден комиссия хатшысына баруыңызды сұраймын, ол Сіздің деректеріңізді тексереді».

**Комиссия хатшысы:**

«Сәлеметсіз бе! Жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуіңізді сұраймын. Бұл: жеке куәлік, Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, шақыру бойынша әскери қызмет өткеретіндерге арналған әскери билет, теңізшінің жеке куәлігі болуы мүмкін. Сіздің деректеріңізді біздің сайлау комиссиясында қол жетімді сайлаушылар базасына сәйкес тексеремін».

*Комиссия хатшысы сайлаушының деректерін тексереді*

**Комиссия хатшысы:**

|                             |  |
|-----------------------------|--|
| <i>Жауаптың № 1 нұсқасы</i> | «Құрметті сайлаушы! Сіздің деректеріңіз расталуда. Сіз осы учаскенің сайлаушысы болып табыласыз. Сайлаушылар тізіміне енгізу туралы өтініш толтыруыңызды сұраймын. Бұл рәсім көп уақытты қажет етпейді. Осыдан кейін Сіз дауыс бере аласыз». |
| <i>Жауаптың № 2 нұсқасы</i> | «Құрметті сайлаушы! Сіздің деректеріңіз расталуда. Бірақ Сіз басқа учаскеде сайлаушысыз. Сіздің сайлау учаскеніңіздің мекенжайы _____ (атайды). Сіз сонда дауыс бере аласыз».  |
| <i>Жауаптың № 3</i>         | «Құрметті сайлаушы! Сіздің деректеріңіз расталмады. Сіз деректер базасында тіркелмегенсіз. Сіз біздің сайлау   |

|                |   |
|----------------|---|
| <i>нұсқасы</i> | комиссиясының орналасқан жері бойынша сотқа жүгінуге құқылысыз, ол шағымды келіп түскен күні қарайды. Соттың оң шешімі болған жағдайда Сізді дереу тізімге енгізеді». |
|----------------|---|

**Жүргізуші** жағдайды ойнату үшін «Стоп кадр» жариялайды

**5-жағдай:** Сайлаушы дауыс беруге арналған кабинадан шығып, кездейсоқ бүлінген бюллетеньді көрсетеді

**Комиссия мүшесі** өз іс-әрекеттеріне түсініктеме береді:

«Өтініш берген сайлаушыдан бүлінген бюллетень алынады. Сайлаушылар тізіміндегі «Ескерту» бағанында бүлінгендердің орнына берілген бюллетень туралы белгі қойылады. Сайлаушыға мұқият болу және бюллетеньді қатаң түрде мақсатына сай пайдалану қажеттігі туралы ескертіледі».

**Жүргізуші** жағдайды ойнату үшін «Стоп кадр» жариялайды

**6-жағдай.** Сайлаушыға дауыс беруге көмектесу

**Комиссия мүшесі** өз іс-әрекеттеріне түсініктеме береді:

«Сайлаушылар тізіміне сайлаушы қол қойғаннан кейін бюллетень алғандығы туралы сайлаушы сенетін адамның тегі жазылады».

**Жүргізуші** уақытты жариялайды «20 сағат 00 минут»

**Комиссия төрағасы** қатысушыларға дауыс беру уақытының аяқталғаны туралы хабарлайды.

«Құрметті қатысушылар! Жергілікті уақыт 20 сағат 00 минут. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда белгіленген дауыс беру уақыты аяқталды. Дауыс беруге арналған үй-жайдағы сайлаушылар ғана дауыс бере алады».

**II бөлім «Сайлау учаскесіндегі дауыстарды санау және дауыс беру қорытындыларын анықтау»**

**Жүргізуші** ойын кезеңін ұсынады: «Сайлау учаскесінде дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін анықтау»

**Комиссия төрағасы:**

«Жәшіктерді ашқанға дейін комиссия мүшелерінен тізім бойынша бюллетеньдер алған сайлаушылардың санын есептеуді сұраймын.

Хатшы, пайдаланылмаған және бүлінген бюллетеньдерді жинап алып, санап шығуды сұраймын (комиссия хатшысы бюллетеньдерді жинайды).

Комиссия мүшелері, дауыстарды санау үшін орын дайындауды сұраймын».

*Комиссия мүшелері үстелдерді байқаушылар үшін көруге болатындай етіп қояды.*

**Комиссия хатшысы:**

«Барлық пайдаланылмаған және бүлінген бюллетеньдер бұрыштарды кесу арқылы есептеледі және өтеледі (*бұрыштарды кесу*). Жазылған конверттерге буып-түйіледі (*конверттерге буып-түйіледі*)».

**Комиссия төрағасы:**

«Дауыстарды санауға кірісеміз. Дауыстарды санауды сайлау комиссиясының мүшелері дауыс беру қорытындылары анықталғанға дейін үзіліссіз жүргізеді.

Бірінші болып № 1 тасымалданатын сайлау жәшігін ашамыз. Кандидаттар санына қарай және «Бәріне қарсымын» деген жолы бар бюллетеньдерді жеке-жеке қаттаймыз».

**Комиссия хатшысы іс-әрекеттерге түсініктеме береді:**

«Жеке қаттамаларға жарамсыз деп танылған бюллетеньдер, яғни белгіленбеген үлгідегі бюллетеньдер, оларда:

- тиісті сайлау комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған;
- бір кандидаттан артық белгіленген;
- белгі қарындашпен қойылған, түзету немесе өзге де бұрмалау іздері бар;
- сайлаушылардың ерік-жігерін анықтау мүмкін емес бюллетеньдер қатталады».

Жарамсыз сайлау бюллетеньдері дауыстарды тікелей санау кезінде дауыс беруге қатысқан сайлаушылар бюллетеньдерінің қатарынан алып тасталады.

**Комиссия төрағасы:**

«№ 2 тасымалданатын жәшікті ашамыз. Біз бірінші тасымалданатын жәшікпен бірдей рәсімдерді орындаймыз».

**Комиссия төрағасы:**

«Тұрақты жәшікті ашуға кірісеміз және бюллетеньдерді бөлеміз».

*Комиссия мүшелері бюллетеньдермен жұмыс істеуге және хаттаманы толтыру рәсіміне түсінік береді.*

**Жүргізуші** жағдайды ойнату үшін «Стоп кадр» жариялайды

**7-жағдай.** *Байқаушы байқаушыларға арналған орыннан шығып, бейнетүсірілім жүргізеді*

**Комиссия төрағасы:**

«Құрметті байқаушы! Егер Сіз әлеуметтік желіде тікелей хабар жүргізіп

отырсаңыз, онда Сізден бейнетүсірілімді тоқтатып өз орныңызға баруды сұраймыз.

Сайлау учаскесінде байқау, фото және бейнежазбаны жүзеге асыру аймағы айқындалған және Сіз соны сақтауға міндеттісіз. Бейнетүсірілім тек комиссия қаулысымен анықталған орыннан ғана жүргізуге болады».

**Комиссия төрағасы:**

«Құрметті қатысушылар! Барлық деректер есептеліп, хаттамаларға енгізілген. Хаттамаға дауыс беру күні және бюллетеньдерді санау кезінде қатысқан комиссияның барлық мүшелері қол қойды. Хаттаманың көшірмесі ақпараттық стендте орналастырылады».

*Жүргізуші ойынның аяқталғаны туралы хабарлайды, барлық қатысушыларға алғыс айтады және ойынды талқылауға көшеді.*



**БІЛІМДЕРІН БАҚЫЛАУ****Кіріспе бақылау сұрақтары**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы қашан қабылданды?
2. Сайлау құқығын қандай заңдар мен нормативтік құқықтық актілер құрайды?
3. Сайлау жүйелерінің қандай түрлерін білесіз?
4. Ауылдық деңгейдегі әкімдерді сайлау қандай сайлау жүйесі бойынша өткізіледі?
5. Аумақтық сайлау комиссиясының сандық құрамы қандай?
6. Учаскелік сайлау комиссиясының сандық құрамы неге байланысты?
7. Сайлаушылардың тізімін кім және қандай мәліметтер негізінде жасайды?
8. Дауыс беру күніне дейін қанша күн бұрын сайлаушылардың тізімі УСК-ларға беріледі?
9. Дауыс беру күні сайлаушылар тізіміне өзгерістер енгізуге бола ма?
10. Сайлаушылар тізіміндегі мәліметтерді нақтылау үшін сайлаушы УСК-ға қашан жүгіне алады?
11. Сайлау алдындағы үгіт түрлерін атаңыз.
12. Қандай жағдайларда сайлаушылар дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс бере алады?
13. Дауыс беруді өткізу үшін УСК қанша бюллетеньдер ала алады?
14. Сайлауда дауыс беру құпиясы қалай қамтамасыз етіледі?
15. Дауыс беруге арналған үй-жайларды таңдау кезінде қандай критерийлерді басшылыққа алу керек?
16. Жасырын дауыс беруге арналған кабиналардағы немесе өзге де арнайы жабдықталған орындардағы жазу керек-жарақтары ретінде қарындаштар пайдаланылуы мүмкін бе?
17. Сайлауды байқауды кім жүргізе алады?
18. Сайлау күні ауруханада жатқан адамдар қайда дауыс береді?
19. Сайлау учаскесінде дауыстарды санау кезінде журналист қатыса ала ма?
20. Дауыс беру күніне дейін бюллетеньдерді сақтау қалай жүзеге асырылады?

## Тест тапсырмалары

1. Алғашқы халықаралық міндетті шарт ретінде жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясына 47 мемлекет қай жылы қол қойды?

- 1) 1985;
- 2) 1972;
- 3) 1969;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

2. 1985 жылы жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы алғашқы халықаралық міндетті шарт ретінде қандай құжатқа қол қойылды?

- 1) Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясы;
- 2) ЕҚЫК Адами өлшем жөніндегі Копенгаген кеңесі конференциясының құжаты;
- 3) Венеция комиссиясының сайлауларды өткізу кезінде ұсынылатын нормалар жиынтығы;
- 4) БҰҰ сайлауларды халықаралық байқау принциптерінің декларациясы.

3. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары ...

- 1) атқарушы органдардың бірыңғай жүйесіне кіреді;
- 2) атқарушы органдардың бірыңғай жүйесіне кірмейді;
- 3) азаматтық қоғамның бөлігі болып табылады;
- 4) дұрыс жауабы жоқ.

4. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының функцияларын атаңыз.

- 1) тиісті аумақты дамыту мүдделері мен қажеттіліктерін үйлестіре отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 2) тиісті елді мекенді дамытудың мүдделері мен қажеттіліктерін үйлестіре отырып, өкілді биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 3) тиісті елді мекенді дамытудың мүдделері мен қажеттіліктерін үйлестіре отырып, жоғары тұрған атқарушы орган қабылдаған шешімдерді негізгі ала отырып саясатты жүргізеді;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

5. Жергілікті атқарушы органды басқаратын лауазымды адам

- 1) әкім;
- 2) ақсақалдар кеңесінің төрағасы;
- 3) мәслихат хатшысы;
- 4) дұрыс жауабы жоқ.

6. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі кімнің өкілі болып табылады?

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің;

- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің;
- 3) Қазақстан Республикасы Президентінің;
- 4) облыс әкімінің.

**7.** Қандай лауазымды тұлға өз қалауы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға құқылы?

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті;
- 2) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі;
- 3) жоғары тұрған әкім;
- 4) Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының төрағалары.

**8.** Мәслихат депутаттарының қай бөлігінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін?

- 1) мәслихат депутаттарының жалпы санының бестен бір бөлігінен кем емес;
- 2) мәслихат депутаттарының жалпы санының төрттен бірінен кем емес;
- 3) мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде үштен бірі;
- 4) мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде жартысы.

**9.** Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша қандай мәселе қойылуы мүмкін?

- 1) әкімге сенімсіздік білдіру туралы;
- 2) әкімді мемлекеттік наградаға ұсыну туралы;
- 3) әкімге өз функцияларын іске асыру үшін қаражат бөлу туралы;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**10.** Мәслихат депутаттары қандай лауазымды тұлғаның алдында әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қоюға құқылы?

- 1) тиісінше Республика Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдында;
- 2) тиісінше Республика Премьер-Министрінің не жоғары тұрған әкімнің алдында;
- 3) шешімді өздері қабылдайды;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**11.** Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі қызметке сайланады ...

1) жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс халқының жиырма бес жастан төмен емес жастағы Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан төрт жыл мерзімге;

2) жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде халық жиырма жастан төмен емес Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан бес жыл мерзімге;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің сайлаушылары жасы жиырмадан төмен емес Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы баламалы негізде төрт жыл мерзімге тағайындау арқылы;

4) дұрыс жауабы жоқ.

**12.** Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негізі болып қандай нормативтік актілер саналады?

1) ҚР Конституциясы, «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заң, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығы;

2) ҚР Конституциясы, «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заң, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту Стратегиясын бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығы;

3) ҚР Конституциясы, «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заң, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығы;

4) барлық жауаптар дұрыс.

**13.** Бір адам бір аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі болып қанша рет сайлана алмайды?

1) қатарынан екі реттен көп;

2) бір реттен артық;

3) заң жүзінде реттелмеген;

4) дұрыс жауабы жоқ.

**14.** «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес сайланған аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттігі қай кезден басталады?

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумақтық сайлау комиссиясы оны тіркеген кезден бастап;

2) ҚР Орталық сайлау комиссиясы тиісті куәлік берген сәттен бастап;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің сайлаушыларының дауыс беру нәтижелері жарияланғаннан кейін;

4) дауыс беру қорытындылары шығарылғаннан кейін.

**15.** Ұлттық қауіпсіздік органдарына қажетті құжаттар келіп түскен күннен бастап, тікелей сайлау құқығы арқылы сайланатын әкімдікке кандидаттарға арнайы тексеру қанша күн жүргізіледі?

1) 30 күнтізбелік күн;

- 2) 30 жұмыс күні;
- 3) екі апталық мерзім;
- 4) заңнамамен регламенттелмеген.

**16.** Өз қызметін сайланған негізде жүзеге асыратын мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестаттау туралы шешімді кім қабылдайды?

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті;
- 2) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімі;
- 3) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі;
- 4) заңнамамен регламенттелмеген.

**17.** Жұмыс істеп тұрған ауыл әкімінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда осы әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімін сайлау қандай мерзімдерде тағайындалады және өткізіледі?

- 1) бір ай ішінде тағайындалады және тағайындалған күннен бастап 30 күн ішінде өткізіледі;
- 2) ауыл әкімінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 40 күн бұрын тағайындалады және оның заңмен белгіленген өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 10 күн бұрын өткізілуге тиіс;
- 3) бір ай ішінде тағайындалады және тағайындалған күннен бастап 10 күн ішінде өткізіледі;
- 4) ауыл әкімінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап 30 күн ішінде тағайындалады және заңда белгіленген оның өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде бір ай бұрын өткізіледі.

**18.** Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктерін тоқтату негіздері

- 1) өзін ұсынған саяси партия қайта ұйымдастырылған және таратылған жағдайларды қоспағанда, соттың оны іс-әрекетке қабілетсіз, іс-әрекетке қабілеті шектеулі, хабар-ошарсыз кеткен деп тануы немесе оны қайтыс болған деп жариялағаны туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда, саяси партияға мүшелігі тоқтатылғанда;
- 2) жоғары тұрған әкімнің аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты депутаттарының әкімге қатысты білдірген сенімсіздігін қабылдауы, Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуы;
- 3) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумақтық сайлау комиссиясының жаңадан сайланған әкімді тіркеуі;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**19.** Жоғары тұрған әкімнің аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты депутаттарының әкімге қатысты білдірген сенімсіздігін қабылдауы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату үшін негіз бола ма?

- 1) болады;
- 2) болмайды;
- 3) иә, аудан мәслихаты құрамының жартысы сенімсіздік білдіру мәселесіне бастамашылық жасаған кезде;
- 4) жоқ, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне отставкаға кету құқығы беріледі.

**20.** Өзі ұсынған саяси партияны қайта ұйымдастыру және тарату жағдайларын қоспағанда, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің саяси партияға мүшелігі тоқтатылған кезде қандай құқықтық салдарлар туындайды?

- 1) өкілеттіктердің тоқтатылуы;
- 2) салдары жоқ;
- 3) сайлау мерзімі аяқталғанға дейін жұмысын жалғастырады;
- 4) дұрыс жауабы жоқ.

**21.** Қазақстан Республикасының азаматы қай жастан бастап аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі болып сайлана алады?

- 1) 25;
- 2) 20;
- 3) 30;
- 4) 40.

**22.** Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі қызметке сайланады...

- 1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беруі арқылы;
- 2) тиісті елді мекен халқының жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беруі арқылы;
- 3) тиісті елді мекен халқының жалпыға бірдей, тең, жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беруі арқылы;
- 4) дұрыс жауабы жоқ.

**23.** Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттік мерзімі

- 1) 4 жыл;
- 2) 5 жыл;
- 3) 4 жылға дейін;
- 4) заңмен реттелмеген.

**24.** Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау принциптері

- 1) жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең, тікелей сайлау құқығы;

2) жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең, жанама сайлау құқығы;

- 3) заңмен реттелмеген;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**25.** Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау кезінде қандай сайлау жүйесі қолданылады?

- 1) мажоритарлық;
- 2) аралас;
- 3) пропорционалдық;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**26.** Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды ұйымдастыру және өткізу құзыреті

- 1) аумақтық сайлау комиссиясында;
- 2) Орталық сайлау комиссиясында;
- 3) округтік сайлау комиссиясында;
- 4) учаскелік сайлау комиссиясында.

**27.** Әкімдерді сайлау жөніндегі сайлау бюллетеньдерін дайындауды және оларды учаскелік сайлау комиссияларына жеткізуді жүзеге асырады

- 1) аумақтық сайлау комиссиясы;
- 2) Орталық сайлау комиссиясы;
- 3) тиісті облыс әкімі;
- 4) дұрыс жауабы жоқ.

**28.** Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды тіркеуді жүзеге асырады

- 1) аумақтық сайлау комиссиясы;
- 2) Орталық сайлау комиссиясы;
- 3) округтік сайлау комиссиясы;
- 4) дұрыс жауабы жоқ.

**29.** Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды ұсыну құқығы тиесілі

1) заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияларға және Қазақстан Республикасының 25 жасқа толған азаматтарына, өзін-өзі ұсыну тәртібімен;

2) заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияларға мен республикалық қоғамдық бірлестіктерге және Қазақстан Республикасының 25 жасқа толған азаматтарына, өзін-өзі ұсыну тәртібімен;

3) заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияларға және Қазақстан Республикасының 20 жасқа толған азаматтарына, өзін-өзі ұсыну тәртібімен;

4) заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияларға және Қазақстан Республикасының 26 жасқа толған азаматтарына, өзін-өзі ұсыну тәртібімен.

**30.** Саяси партиялар аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне қанша кандидат ұсынуға құқылы?

- 1) бір;
- 2) біреуден артық;
- 3) кемінде екі;
- 4) партиялардың кандидатураларды ұсынуға құқығы жоқ.

**31.** Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне өз кандидатураларын ұсынған азаматтардың сайлау күні дауыс беруге құқығы бар ма?

- 1) бар;
- 2) жоқ;
- 3) заңға сәйкес қалыс қалады;
- 4) дұрыс жауабы жоқ.

**32.** Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау бойынша дауыс беруді өткізу уақыты

- 1) жергілікті уақыт бойынша таңғы жетіден кешкі жиырма сағатқа дейін;
- 2) аумақтық сайлау комиссиясының шешімі бойынша астана уақытымен таңғы жетіден сағат жиырмаға дейін өзгеруі мүмкін;
- 3) астана уақытымен таңғы алтыдан жиырма сағатқа дейін;
- 4) тиісті әкімнің ұсынысы негізінде бір сағат кейінге ауыстырылады.

**33.** Дауыс беруге арналған сайлау бюллетенін беру үшін негіз болып табылады

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы және сайлаушылар тізімінде сайлаушының болуы;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынуы;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың сандық фотосуреті және сайлаушының сайлаушылар тізімінде болуы;
- 4) сайлау учаскесінің аумағында тіркелуінің болуы және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы.

**34.** Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру құқығын іске асыру үшін не негіз болып табылады?

- 1) науқастығы;
- 2) отбасының науқас мүшесіне күтім жасауы;
- 3) сайлау учаскесі құрылмаған, қатынасу қиын жерде болуы;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.



**35.** Сайлау учаскесінен тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру кезінде сайлау комиссиясы мүшелері отырған автомашинаға жеке автокөлікпен еріп жүруге кім құқылы?

- 1) саяси партиялардың сенім білдірілген адамдары;
- 2) байқаушылар;
- 3) БАҚ өкілдері;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**36.** Дауыс беруге қатысқан кезде белсенді сайлау құқығы бар азаматтар қандай сайлауға қатысуға құқылы?

- 1) барлық жауаптар дұрыс;
- 2) Президенттік;
- 3) Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының;
- 4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерінің.

**37.** Дауыс беруге қатысқан кезде белсенді сайлау құқығы бар азаматтарға бір бюллетеньге қанша дауыс беріледі?

- 1) бір;
- 2) сайлау учаскесінде тұратын азаматтар санының сайланбалы қызметке өз кандидатурасын ұсынған бір кандидатқа бөлінуіне пропорционалды;
- 3) заңға сәйкес тіркелген саяси партия ұсынған бір кандидатқа сайлау учаскелерінің санына пропорционалды түрде;
- 4) дұрыс жауабы жоқ.

**38.** Бірінші болып қандай сайлау жәшіктері ашылады?

- 1) тасымалданатын;
- 2) тұрақты;
- 3) бюллетеньдермен толық толтырылған;
- 4) деформациясы бар.

**39.** Сайлау бюллетеньдерін сұрыптаған кезде қанша қаттама жасалады?

1) жарамсыз бюллетеньдер мен сайлаушылар барлық кандидаттарға қарсы дауыс берген бюллетеньдерді ескере отырып, қаттамалар саны аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі лауазымына кандидаттардың санына байланысты;

2) қаттамалар саны аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі лауазымына кандидаттар санына байланысты;

3) қаттамалар саны аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі лауазымына кандидаттарға, жарамсыз бюллетеньдер мен сайлаушылар барлық кандидаттарға қарсы дауыс берген бюллетеньдер қаттамаларын ескере отырып, сайлау комиссиясы мүшелерінің санына байланысты болады;

- 4) дұрыс жауабы жоқ.

**40.** Қандай бюллетеньдер жарамсыз деп танылады?

- 1) барлық жауаптар дұрыс;
- 2) белгіленбеген үлгідегі немесе белгі қарындашпен қойылған, түзету немесе өзге де бұрмалау іздері бар;
- 3) учаскелік сайлау комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған;
- 4) бір кандидаттан артық белгіленген немесе сайлаушылардың ерік білдіруін анықтау мүмкін емес.

**41.** Аудандық маңызы бар қалалардың, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің сайлауын өткізудің тәртібі регламенттеледі:

- 1) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңымен;
- 2) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңымен;
- 3) Қазақстан Республикасының Конституциясымен;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен.

**42.** Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына 2021 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне мәслихаттың сенімсіздік білдіру туралы мәселе қарауы үшін негіздер болып табылады:

- 1) мәслихатқа аумақты дамыту жоспарлардың, экономикалық және әлеуметтік бағдарламалардың орындалуы, жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептерді уақтылы ұсынбауы;
- 2) есептерді, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, бюджетті бекіту мәселелері бойынша мәслихат отырыстарында қатарынан екі реттен артық болмауы;
- 3) әкім ұсынған аумақты дамыту жоспарларының, экономикалық және әлеуметтік бағдарламалардың орындалуы, жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептерді мәслихаттың бір рет бекітпеуі;
- 4) әкім ұсынған аумақты дамыту жоспарларының, экономикалық және әлеуметтік бағдарламалардың орындалуы, жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептерді мәслихаттың екі рет бекітпеуі.

**43.** Алдыңғы әкімнің өкілеттігі тоқтатылған жағдайда аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің міндеттері уақытша жүктеледі:

- 1) жаңа әкім сайланғанға дейін, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған саяси мемлекеттік қызметшіге;
- 2) жоғары тұрған әкімнің тиісті мәслихатқа ұсынысы бойынша оның өкіліне;
- 3) жаңа әкім сайланғанға дейін әкімнің орынбасарына;

4) атқаратын мемлекеттік лауазымынан босатпай басқа әкімшілік мемлекеттік қызметшіге.

**44.** Өз қызметін сайланған негізде жүзеге асыратын әкімшілік мемлекеттік қызметшілер келесі рәсімнен босатылады:

- 1) кірістер мен мүлікті декларациялаудан;
- 2) Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің ант қабылдауынан;
- 3) Ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізетін арнайы тексеруден;
- 4) әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді аттестаттаудан.

**45.** Балама негізден басқа (яғни әкім лауазымына кемінде екі кандидат) жоғары тұрған әкімнің аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидаттарды ұсыну үшін қажет шарт болып не табылады?

- 1) тиісті мәслихатпен келісу;
- 2) облыс әкімінің ұсынысы;
- 3) жеке қалауы;
- 4) жергілікті қоғамдастықпен кеңестер.

**46.** Жергілікті қоғамдастық жиынының, жергілікті қоғамдастық жиналысының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастық тұрғындарын әкімдік хабардар етеді:

- 1) әкім сайлауын ресми жариялаудан бұрын емес;
- 2) әкім сайлауы өткізілетін күнге дейін бір күннен кешіктірмей;
- 3) әкімнің кандидатуралары үшін дауыс беру күні тағайындалғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде;
- 4) әкім сайлауы өткізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей.

**47.** Сайлау комиссияларының құқықтық мәртебесі олардың ... сипатталады:

- 1) өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан тәуелсіздігімен;
- 2) өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдерді тиісті аумақтағы барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары орындауға міндеттілігімен;
- 3) сайлау комиссиялары республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылуымен;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**48.** Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау науқаны кезеңінде аумақтық сайлау комиссияларының құрамы бұқаралық ақпарат құралдарында қандай мерзімдерде жарияланады?

- 1) сайлауды ресми жариялаудан бұрын емес;
- 2) сайлау жарияланғаннан кейін он күн ішінде;
- 3) дауыс беретін күннің алдындағы күннен кешіктірмей;

4) сайлау жарияланғаннан кейін он күннен кешіктірілмей.

**49.** Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі келесі негізде сайланады:

- 1) жасырын дауыс беру арқылы жанама сайлау құқығы;
- 2) ашық дауыс беру арқылы тікелей сайлау құқығы;
- 3) ашық дауыс беру кезінде жанама сайлау құқығы;
- 4) жасырын дауыс беру арқылы тікелей сайлау құқығы.

**50.** Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті жоғары тұрған әкіміне аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныс енгізу туралы шешім қабылдайды:

- 1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың, облыстың) мәслихаты;
- 2) Орталық сайлау комиссиясы;
- 3) учаскелік сайлау комиссиясы;
- 4) аумақтық сайлау комиссиясы.

**51.** Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын анықтайды:

- 1) мәслихат;
- 2) әкімдік;
- 3) Орталық сайлау комиссиясы;
- 4) аумақтық сайлау комиссиясы.

**52.** Учаскелік сайлау комиссиясының өкілеттік ауқымы шектеулі:

- 1) әкімдікпен;
- 2) сайлау учаскесіндегі сайлаушылар санымен;
- 3) Қазақстан Республикасының Президентімен;
- 4) сайлау учаскесінің аумағымен.

**53.** Учаскелік сайлау комиссиясы сайлау учаскесінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау жөніндегі іс-шараларды өткізеді, оларға мыналар кірмейді:

- 1) сайлау комиссиясының орналасқан жері, дауыс беру күні, уақыты және орны туралы сайлаушыларды хабардар ету;
- 2) дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін анықтау;
- 3) дауыс беруді дайындау мен ұйымдастыру мәселелері жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарау және олар бойынша шешім қабылдау;
- 4) тұрғылықты жері бойынша сайлаушылардың тізімдерін жасау.

**54.** Сайлау комиссияларының қызметі келесі негізде жүзеге асырылады:

- 1) сенім, ашықтық, толеранттылық;
- 2) плюрализм, жариялылық және демократия;
- 3) бірлік, келісім және қоғамдық бейбітшілік;

4) алқалылық, жариялылық және ашықтық.

**55.** Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі:

- 1) үш жыл;
- 2) алты жыл;
- 3) бір жыл;
- 4) бес жыл.

**56.** Өзінің мәртебесіне сәйкес сайлау комиссияларының мүшелері ... өкілдері болып табылады:

- 1) қоғамдық бірлестіктердің;
- 2) бюджеттік ұйымдардың;
- 3) квазимемлекеттік сектордың;
- 4) мемлекеттік органдардың.

**57.** Орталық сайлау комиссиясының өкілеттігіне кірмейді:

- 1) сайлау туралы заңнаманың орындалуына бақылауды жүзеге асыру;
- 2) сайлау туралы заңнаманы түсіндіруді ұйымдастыру;
- 3) сайлау процесіне қатысушыларды оқытуды ұйымдастыру және өткізу;
- 4) заң шығару бастамасы құқығы.

**58.** Қазақстан Республикасы саяси партиялардың, өзге де қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық емес ұйымдардың байқаушылары құқылы емес:

- 1) дауыс беруге, оның ішінде үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны туралы ақпарат алуға;
- 2) тасымалданатын сайлау жәшіктерін алып жүру, оның ішінде оларды тасымалдау кезінде көлік құралында болуға;
- 3) сайлау комиссиясының дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаларының куәландырылған көшірмелерін алуға;
- 4) сайлау комиссиясының дауыстарды санау және шешімдер қабылдау рәсіміне араласуға.

**59.** Қазақстан Республикасының саяси партиялары, өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушыларының құқықтары бар:

- 1) тиісті сайлау комиссиясының және (немесе) оның мүшелерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасауға;
- 2) сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруін өткізу кезінде, олардың дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігі болмаған жағдайда қатысуға;
- 3) учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері пайдаланылмаған сайлау бюллетеньдерін есептеу және жоюы кезінде қатысуға;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**60.** Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары міндетті:

- 1) өзімен бірге жеке басын және өкілеттігін куәландыратын құжаттары болуы тиіс;
- 2) сайлау процесіне, сайлау комиссиясының дауыстарды санау және шешімдер қабылдау рәсіміне араласпауға;
- 3) сайлау комиссиясы төрағасының сайлау учаскесінде тиісті сайлау комиссиясы белгілеген тәртіп қағидаларын сақтау жөніндегі талаптарын орындауға;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**61.** Тұлға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген әкімшілік және өзге де жауаптылықта болады, егер:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуден бас тартса;
- 2) қоғамдық орындарда және ортақ пайдаланылатын орындарда сайлау алдындағы үгіт жүргізсе;
- 3) кандидаттың-туысының үгіт материалдарын дайындаса және таратса;
- 4) азаматтардың сайлаушылар тізімімен танысу құқығын бұзса.

**62.** Әкімдерді сайлау процесінің кезеңдеріне жатпайды:

- 1) әкімдікке кандидаттарды тіркеу;
- 2) сайлау алдындағы үгіт;
- 3) дауыс беру және дауыс беру қорытындыларын анықтау;
- 4) дауыс беру күнінен кейінгі апелляция.

**63.** Әкімдер сайлауын тағайындау үшін мыналар негіз болып табылмайды:

- 1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің заңмен белгіленген өкілеттік мерзімінің аяқталуы;
- 2) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 3) заңда белгіленген жағдайларда әкімшілік-аумақтық бірліктің өзгеруі;
- 4) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге ротация жүргізу тәртібі мен мерзімдері.

**64.** Аумақтық сайлау комиссиясының функцияларына мыналар жатады:

- 1) сайлау округтерін құру және сайлау процесіне қатысушыларды хабардар ету;
- 2) саяси партиялар әкімдікке ұсынған кандидаттарды тіркеу;
- 3) кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**65.** Әкімдердің сайланбалы лауазымдарына кандидаттар ұсыну сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталып, ... аяқталады:

- 1) дауыс беру күніне 10 күн қалғанда;
- 2) дауыс беру күніне 30 күн қалғанда;
- 3) дауыс беруге бір күн қалғанда;
- 4) дауыс беру күніне 15 күн қалғанда.

**66.** Егер ұсыну мерзімі аяқталатын күнге аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне екіден кем кандидат ұсынылса, онда аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін ... күнге ұзартады:

- 1) 30 күнге;
- 2) бір күнге;
- 3) 15 күнге;
- 4) 5 күнге.

**67.** Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі сайланады:

- 1) жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы;
- 2) лауазымға тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқы төрт жыл мерзімге;
- 3) Қазақстан Республикасының жиырма бес жастан кіші емес азаматтары қатарынан;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**68.** Бір адам аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі болып ... сайлана алады:

- 1) бір реттен артық емес;
- 2) шексіз рет;
- 3) екі реттен артық;
- 4) қатарынан екі реттен артық емес.

**69.** Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне кандидат ұсыну жүзеге асырылады:

- 1) ұсыну тәртібімен мәслихатпен;
- 2) Республикада аккредиттелген халықаралық ұйымдармен;
- 3) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің ұсынуы тәртібімен;
- 4) азаматтардың өзін-өзі ұсыну тәртібімен.

**70.** Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне кандидат ұсыну жүргізілмейді:

- 1) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен;
- 2) тіркелген саяси партиялармен;
- 3) азаматтардың өзін-өзі ұсыну тәртібімен;

4) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің ұсынуы тәртібімен.

**71.** Кандидаттарды тіркеу жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде аяқталады:

- 1) дауыс беруге бір күн қалғанда;
- 2) дауыс беру күні;
- 3) дауыс беру күніне 30 күн қалғанда;
- 4) дауыс беру күніне 10 күн қалғанда.

**72.** Аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу кезінде тексермейді:

- 1) азаматтығының болуын;
- 2) соттылықтың болмауын;
- 3) сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікке тарту;
- 4) ұлтына.

**73.** Кандидат өз қаражатынан жергілікті атқарушы органдардың шотына сайлау жарнасын енгізеді:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінде;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының үш еселенген мөлшерінде;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының екі еселенген мөлшерінде;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде.

**74.** Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидат өз кандидатурасын алып тастай алады:

- 1) дауыс беруге 10 күн қалғанда;
- 2) дауыс беру күні;
- 3) дауыс беру күніне бір ай қалғанда;
- 4) дауыс беруге екі күн қалғанда.

**75.** Сайлау алдындағы үгіт жүзеге асырылады:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;
- 2) кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу жолымен;
- 3) баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және тарату арқылы;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.



**76.** Сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, сайлау алдындағы кез келген үгіт материалдарын таратуға рұқсат етіледі:

- 1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына;
- 2) құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне;
- 3) сайлау комиссияларының мүшелеріне;
- 4) кандидаттардың сенім білдірген адамдарына.

**77.** Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары болып табылатын кандидаттарға ...

- 1) сайлау алдындағы үгіт шектеледі;
- 2) әкім сайлауына өз кандидатурасын ұсынуға тыйым салынады;
- 3) сайлаушылармен жеке кездесулер өткізуге тыйым салынады;
- 4) өзінің лауазымдық жағдайының артықшылықтарын пайдалануға тыйым салынады.

**78.** Сайлау алдындағы бағдарлама жария етпеуге тиіс:

- 1) конституциялық құрылысты күштеп өзгерту идеяларын;
- 2) Республиканың тұтастығын бұзу идеяларын;
- 3) әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру идеялары;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**79.** Сенім білдірілген адам болуы мүмкін:

- 1) аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі;
- 2) саяси мемлекеттік қызметші лауазымындағы адам;
- 3) республикада 5 жылдан астам тұратын шетелдік азамат;
- 4) белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияның мүшесі.

**80.** Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын қаржыландыру ... арқылы жүзеге асырылады:

- 1) республикалық бюджет;
- 2) тіркелген саяси партиялардың бюджеті;
- 3) барлық жауаптар дұрыс;
- 4) жергілікті бюджет.

**81.** Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімін жасайды:

- 1) Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының тиісті мәслихаты;
- 2) жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқордың негізінде тиісті орталық мемлекеттік орган;
- 3) Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тиісті сайлау науқаны кезеңіне анықталған орталық мемлекеттік орган;

4) жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқордың негізінде тиісті жергілікті атқарушы орган.

**82.** Сайлаушылар тізіміне енгізілмейді:

- 1) сайлау құқығы бар республика азаматтары;
- 2) тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша азаматтар;
- 3) әскери бөлімдердегі барлық әскери қызметшілер;
- 4) сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар.

**83.** Әрбір сайлау учаскесі бойынша сайлаушылар тізімдеріне қол қояды:

- 1) мәслихат хатшысы;
- 2) Парламент Мәжілісінің Төрағасы;
- 3) аумақтық сайлау комиссиясы;
- 4) әкім.

**84.** Сайлаушылар тізіміне өзгерістер ... негізінде енгізіледі:

- 1) сот шешімі;
- 2) әкімдіктің ұсынымы;
- 3) аумақтық сайлау комиссиясына өтініштер;
- 4) сайлаушының жазбаша өтініші.

**85.** Өтініш беруші үшін жергілікті атқарушы органның оң шешімі болған кезде сайлаушылар тізіміне түзетуді немесе енгізілмеген сайлаушыны тізімге енгізуді сайлау комиссиясы жүргізеді:

- 1) 7 күнтізбелік күн ішінде;
- 2) шешім қабылданғаннан кейінгі күні;
- 3) 3 жұмыс күні ішінде;
- 4) дереу.

**86.** Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру уақыты мен орны туралы сайлаушыларды хабардар етеді:

- 1) дауыс беру күні тағайындалғаннан кейін отыз күн ішінде;
- 2) дауыс беру күні тағайындалғаннан кейін он күн ішінде;
- 3) дауыс беретін күннің алдындағы күннен кешіктірмей;
- 4) дауыс беру күніне кемінде он күн қалғанда.

**87.** Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы учаске ашылғаннан кейін Комиссия мүшелерінің қатысуымен дауыс беру басталғанға дейін отыз минут бұрын:

- 1) сайлаушылар мен сайлау комиссиясы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;
- 2) сайлаушылар тізімін бекітеді;

- 3) учаскелік сайлау комиссиясы отырысының хаттамасын ресімдейді;
- 4) дауыс беруге арналған жәшіктерге пломба салады немесе мөр басады.

**88.** Сайлау күні әрбір сайлау учаскесінде бір мезгілде бір-бірден қатыса алады:

- 1) саяси партиялардың сенім білдірілген адамдары;
- 2) қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардан байқаушылар;
- 3) Қазақстан Республикасы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі;
- 4) барлық жауаптар дұрыс.

**89.** Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы:

- 1) сайлау комиссиясының шеттетілген мүшесін, шеттетілген байқаушыны немесе өзге де адамды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапқа тартады;
- 2) даулы жағдайға байланысты учаскеде дауыс беруді мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдайды;
- 3) сайлаушылар тізіміне түзетулер енгізеді немесе енгізілмеген сайлаушыны тізімге енгізеді;
- 4) бір мезгілде дауыс беруге арналған үй-жайдағы сайлаушылардың санын реттейді.

**90.** Сайлау бюллетеньдерін сайлау комиссиясының мүшелері ... негізінде береді:

- 1) сайлаушылар тізімі;
- 2) сайлаушының жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) сайлаушының жазбаша өтініші мен жеке басын куәландыратын құжаты;
- 4) жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы сайлаушылар тізімі.

**91.** Бюллетень берген кезде учаскелік сайлау комиссиясының мүшесіне болмайды:

- 1) сайлаушыдан жеке басын куәландыратын құжатты сұратуға;
- 2) сайлаушыны табу мақсатында сайлаушылар тізімін тексеруге;
- 3) сайлаушыға беру кезінде сайлау бюллетеніне қол қоюға;
- 4) сайлаушыдан медициналық анықтама сұрауға.

**92.** Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға құқылы және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушының сайлау бюллетенін алғандығы туралы қолының қасындағы тізімге енгізіледі. Бұл адам бола алмайды:

- 1) кандидаттың сенім білдірілген адамы және осы сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы;
- 2) БАҚ өкілі – журналист;

3) сайлау комиссиясының мүшесі немесе жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы;

4) барлық жауаптар дұрыс.

**93.** Егер сайлаушылар сайлау учаскесіне дауыс беруге келе алмаса, онда дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясына үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы жазбаша өтініш жасап, себебін көрсетеді:

1) отбасының науқас мүшесіне күтім жасау;

2) сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болу;

3) денсаулығына байланысты;

4) барлық жауаптар дұрыс.

**94.** Тасымалданатын урнаға ілесіп жүреді:

1) учаскелік сайлау комиссиясының хатшысы;

2) учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы;

3) учаскелік сайлау комиссиясының бір мүшесі;

4) учаскелік сайлау комиссиясының екі мүшесі.

**95.** Сайлаушылар дауыстарын санау үшін:

1) бір сағатқа үзіліспен 12 сағат;

2) 8 сағат үздіксіз уақыт;

3) түскі үзіліспен 8 сағат;

4) 12 сағат үздіксіз уақыт.

**96.** Дауыстарды санау ... қатысуымен жүргізіледі:

1) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің;

2) әкімдіктің лауазымды адамдары мен мәслихат өкілдерінің;

3) мүдделі азаматтардың;

4) байқаушылар мен сенім білдірілген адамдардың.

**97.** Жарамды сайлау бюллетеньдері деп:

1) бірде-бір баған белгіленбеген бюллетеньдер;

2) белгі қарындашпен қойылған бюллетеньдер;

3) бір кандидаттан артық белгіленген бюллетеньдер;

4) «барлығына қарсы» бағаны белгіленген бюллетеньдер.

**98.** Аумақтық сайлау комиссиясына жеткізілетін учаскелік сайлау комиссиясының есептік құжаттамасына мыналар кірмейді:

1) сайлаушылар дауыс беру күні тізімге енгізілуіне негіз болған басқа да құжаттар қоса берілген сайлаушылардың тізімі;

2) дауыс беру нәтижелері туралы хаттама;

3) учаскелік сайлау комиссиясында жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы мәліметтер;

4) сайлаушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

**99.** Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің сайланған әкімі болып есептеледі:

1) дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санының 51 %-ында қажетті шекті деңгейге жеткен кандидат;

2) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ сайлаушыларының жалпы санының 50 %-дан астам дауыстарын жинаған кандидат;

3) дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санының 50 %-дан астам дауыстарын жинаған кандидат;

4) басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат.

**100.** Кандидаттар сайлау қорларын құра ма?

1) кандидаттар сайлау қорларын құрмайды;

2) иә, сайлау қорларын саяси партиялар қалыптастырады;

3) иә, сайлау қорлары демеушілер қаражаты есебінен құрылады;

4) жоқ, сайлау қорлары республикалық бюджет қаражатынан құрылады.

# ҚОСЫМША

## Қосымша

### ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ САЙЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

*Ұлыбританиядағы жергілікті билік органдарына сайлау жүйесі*

Ұлыбритания – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі дамыған елдердің бірі. Өңірлік деңгейде Шотландия, Уэльс және Солтүстік Ирландияның заң шығарушы органдарына сайлаулар өтеді. Жергілікті деңгейде графтықтар, округтер, приходтар мен қауымдар кеңестеріне сайлау жүзеге асырылады, тиісті әкімшілік округтердің мэрлері мен әкімшілік басшылары сайланады.

2000 жылғы Жергілікті басқару туралы актінің 11-бабына сәйкес Ұлыбританиядағы жергілікті атқарушы органдар келесі нысандардың бірінде ұйымдастырылуы мүмкін:

мэр және кабинет (сайланған мэр және мэр тағайындаған екі немесе одан да көп кеңесші);

көшбасшы және кабинет (Кеңес атқарушы биліктің басшысы (көшбасшысы) ретінде таңдаған Кеңес мүшесі және көшбасшы немесе Кеңес тағайындайтын екі немесе одан да көп кеңесші);

сайланған мэр және Кеңес өкілі<sup>1</sup>.

Жергілікті деңгейде графтықтар, округтер, приходтар мен қауымдар кеңестеріне сайлау жүзеге асырылады. Дәл осы жерде тиісті әкімшілік округтердің мэрлері мен әкімшілік басшылары сайланады.

Ұлыбританияда сайлаушыларды тіркеу тізімінде міндетті түрде тіркеу енгізілген. Сайлаушылар өздерінің тұрақты тұратын жері бойынша тіркеледі. Адамның осы мекенжай бойынша тұрақты тұруы оның қызметтік немесе еңбек функцияларынан туындайтын және онымен байланысты кез келген міндеттерді орындауына қатысты ұзақ уақыт болмаған жағдайда үзілген болып есептелмейді.

Бір қызығы, Ұлыбританиядағы тіркеу тізімдерін ресми Тіркеуші муниципалды органдардың деректері негізінде емес, үй иелерінің мәліметтері бойынша жасайды. Бұл тәжірибе үй иелерінің қалауы бойынша немесе басқа себептермен тұрғын үйді жалға алудың ашық шарттары жоқ сайлаушылардың едәуір санын дауыс беру құқығынан айырады. Бірақ оның бұрыннан қалыптасқан тарихи маңызы бар және оның демократиялық стандарттарға сәйкестігі талқыланбайды.

Жасалған сайлаушылар тізімдері танысу үшін әр жылдың қараша айының соңында кітапхана үй-жайында немесе кез келген басқа қоғамдық орында ілінеді. Сіз апелляциялық сотты қоса алғанда, тізімдердің дұрыс еместігіне екі рет шағымдана аласыз.

<sup>1</sup> Акт о народном представительстве 2000 г. (9 марта 2000 года), Конституции государств Европы: В 3 т. / Под общ. ред. и со вступ. ст. Л. А. Окунькова. - М., 2001. Т. 1.

Мұндай тізімдерді түпкілікті жасау 16 қаңтарға дейін жүзеге асырылады және олар барлық сайлау үшін бір жыл бойы жарамды. Бір жылдан кейін тізімдер қайтадан жасалады.

Солтүстік Ирландияны қоспағанда, барлық жергілікті сайлауда **салыстырмалы көпшіліктің мажоритарлы жүйесі** қолданылады.

Лондон мэрін сайлау, егер үштен аз кандидат ұсынылса, салыстырмалы көпшіліктің мажоритарлы жүйесі бойынша өткізіледі. Егер бұл лауазымға үш немесе одан да көп адам өтініш білдірсе, онда «қосымша дауыс жүйесі» (Supplementary Vote) қолданылады. Бюллетеньде екі баған бар. Біріншісі – бастапқы таңдау үшін, екіншісі – қосымша таңдау үшін. Сайлаушылар екінші бағанды толтыруды немесе толтырмауды өздері шешеді, бірақ екі дауысты артықшылық ретінде беруге құқылы. Дауыстарды санау кезінде бірінші бағанда 50 пайыздан жоғары дауыс алған кандидат сайланған болып есептеледі. Егер бірде-бір кандидат сайлаушылардың жартысынан көп дауысын алмаса, онда ең көп дауыс алған екі кандидат қалады. Содан кейін олардың әрқайсысы үшін екінші бағанға берілген дауыстар біріншісінен алынған дауыстарға қосылады. Ең көп дауыс санын алған кандидат жеңіске жетеді.

Азаматтығы мен жасына байланысты шектеулерден басқа, жергілікті сайлауда отырықшылық цензы қолданылады (сайлаушы ретінде тіркелу, сайлау алдындағы жылы осы округте жұмыс немесе мүліктің болуы).

Жергілікті әкімшіліктің ақы төленетін қызметкерлері жергілікті өзін-өзі басқарудың лауазымды адамдарын сайлауға қатысуға жіберілмейді. Сыбайлас жемқорлық немесе сайлау құқығын бұзудың өзге де түрі үшін, мемлекеттік қаражатты 2 мың фунт стерлингтен астам сомада ысырап еткені үшін сотталған адамдар не жазаны айыппұлға ауыстыру құқығынсыз соңғы бес жыл ішінде үш айдан астам мерзімге бас бостандығынан айырылған адамдар және банкроттар кандидат бола алмайды.

Солтүстік Ирландиядағы жергілікті сайлауда **кандидаттарды таңдау тәртібімен көрсететін дауыс беру жүйесі** қолданылады (жалғыз берілетін дауыс беру жүйесі, Single Transferable Vote (STV)). Бұл STV жүйесінде әр сайлау округінде бір емес, бірнеше кандидат болады (әдетте үштен алтыға дейін). Сайлаушылар кандидаттарды таңдау тәртібімен бағалайды, кандидаттардың есімдеріне қарама-қарсы нөмірлер қояды (1, 2, 3 және т.б.)<sup>2</sup>.

Сондай-ақ Ұлыбритания заңнамасында электоралдық құқықтағы дәстүрлі түрдегі даулы сенімхат бойынша және пошта байланысын пайдалану арқылы дауыс беру мүмкіндігі қарастырылған. Бұл құқық науқастарға, шетелде тұратын немесе демалыста жүрген адамдарға, сондай-ақ үйден алыс жерде жұмыс істейтін адамдарға беріледі.

Дауыс беру аяқталғаннан кейін барлық сайлау жәшіктері сайлау округіндегі дауыстарды санау бойынша орталық учаскеге беріледі. Санау дауыстарды санау жөніндегі агенттердің қатысуымен жүргізіледі. Бұл дауыс

<sup>2</sup> [http://cikrf.ru/international/docs/vote\\_UK.php](http://cikrf.ru/international/docs/vote_UK.php)



беру жүйесін қолданған кезде әр сайлаушы тізімнен бір ғана кандидатқа дауыс беруге құқылы екенін атап өткен жөн<sup>3</sup>.

#### *Америка Құрама Штаттарындағы сайлау жүйесі*

